



ISSN 1728-7804

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы Серия
«Филологические науки» № 4 (38), 2011



Алматы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы № 4 (38), 2011 ж.

Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір 2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор -
филол.ғыл.д., проф. **Б.Әбдіғазизұлы**

Бас ред. орынбасарлары:
пед.ғыл.д., проф. **Ф.Ш.Оразбаева,**
филол.ғыл.д., проф. **С.Д.Әбішева**

Ғылыми редакторлар:
филол.ғыл.д., проф. **Т.С.Тебегенов,**
филол.ғыл.д., проф. **Т. В. Шевяков**

Редакциялық алқа мүшелері:
филол.ғыл.д., проф. **К.И.Мирзоев,** филол.ғыл.д., проф. **А. Қ-Жұмабекова,** филол.ғыл.д., проф. **Б.Қасым,** профессор **Н. М.Исмаил доцент Н.Ж.Нұртаева,** пед.ғыл.д. **Ж.К.Балтабаева**

Жауапты хатшы:
филол.ғыл.к. **А.Д.Ибраева**

С Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2011

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген № 10109 - Ж

Басуға 10.01.2012 кол қойылды. Пішімі 60*84 1/8. Көлемі 14е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 435

050010, Алматы қаласы,
Достық, даңтылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Ұлатат» баспасының баспаханасында басылды

**МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ ТІЛ
БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА**

Қасабек Қ. Валенттілік және тіркесімділік ұғымдары жайында	3
Қобланова А.Ж. Жаңа әліпби жобасын жасауда ескеретін жайттар бар	5
Қасенов Е.С. І.Жансүгіров поэзиясындағы фитонимдердің ақпараттылығы	8
Оспанов Е.Т. Тілдік қатынастағы қатысымдық тұлға мәселесі	10
Нұрсұлтанқызы Ж. «Әйел» концептісін қалыптастыратын салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың лингвомәдени сипаты	13
Алимжанова Т.М. Принципы сопоставительной лингвокультурологии.....	16
Садықова Р.К. Типологиялық құрылымы әртүрлі парсы және қазақ тілдері лексикасының салыстырмалы сипаттамасы	21
Subbotina V. Academic writing and its role in teaching English.....	24
Қарағұлова Б.С. Ұлттық терминология және аударма мәселесі	28
Санбекова Н.У. Тіл және мәдениет	31
Доскеева Б.Ж. -мақ, -мек аффикстерінің семантикасы мен синтаксистік қызметі.....	34
Чойкиева Р.С., Кабылбекова Л.К. Қазақстан халықтарының тұрмыс саласында қолданылатын ортақ қазақы сөз өрнектері	38
Кушкимбаева А.С. Мәдениеттанымның термин сөздер жасаудағы ролі	42
Әлейхан А. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы афоризмдердің берілуі мен танымдық сипаты	44
Заурбекова Ә. Лингвистика ғылымындаты мақал- мәтелдердің зерттелу барысына қысқаша шолу	46
ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ	
Әбдіғазизұлы Б. Ғалымдық, ұстаздықтың үлгісіндей	50
Рахымжанов Т. Даланың еркін перзенті - Битабар	53
Сатемирова Д. Жыраулар поэзиясының зерттелу жайы.....	58
Асқарова Т. Ежелгі мұралардағы ұлттық идея.....	60
Нұрланова Ә.Н. «Еңлік-Кебек» хикаясындағы Кебек тұлғасы	62
Келімбетов Қ. Тәуелсіздік кезеңінде қазақ поэзиясының тақырыптық ерекшелігі (Нұрлан Оразалин шығармашылығы негізінде).....	66
Сұлтанғалиева Р.Б. Диалог-детальдың кейіпкер характерін танытудағы ролі	69
Бактыбаева Л. Дәстүрін жыраулардың жалғастырған.....	73
Дүйсембиева Д.Т. үндістердің қазақ әдебиетімен рухани байланысы	77

**Казахский национальный
педагогический университет имени
Абая**

ВЕСТНИК

Серия
«Филологические науки»
№ 4 (38), 2011 г.

Периодичность - 4 номера в год Выходит с 2000
года.

Главный редактор -
д.филол.н., проф. Б.Абдитазиулы

Зам.гл. редактора:
д.п.и., проф. Ф.Ш.Оразбаева,

филол., проф. С.Д.Абишева

Научные редакторы: *д.филол.н.,*
проф. Т.С.Тебегенов,
д.филол.н., проф. Т.В.Шевякова,

Члены редколлегии:
д.филол.н., проф. К.И.Мирзоев,
д.филол.н.,
проф. А.К.Жумабекова, д.филол.н.,
проф. Б.Касым, д.филол.н.,
проф. Т.А.Кажиталисва,
профессор Н.М.Исмаил д.филол.н.,
проф. Н.Ж.Нуртаева
пед.гыл.д. Ж.К.Балтабаева

Ответственный секретарь:
к.филол.и. А.Д.Ибраева

© Казахский национальный педагогический
университет им.Абая, 2011

Зарегистрировано в Министерстве культуры и
информации РК 8 мая 2009 г. № 10109-Ж

Подписано в печать 10.01.2012. Формат 60x84 1/8. Объем 14уч-изд.л. Тираж 300 экз. Заказ 435

050010, г. Алматы, пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского национального педагогического университета имени Абая

**ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**

Жұмажанова Т. Әдеби мәтіндерді студенттерге меңгертудегі
дәрісханадан тыс жұмыстарды

ұйымдастыру.....

Әбілқасымова К. Негізгі тәрбие құралы.....

Балтабаева Ж. Профессор М.Балакаевтың әдеби тіл
нормалары туралы пікірлері.....

Докенова Н. Е. Әлемдік қазақстантану: өткені, бүгінгісі
және болашағы

Оразалинова Р.Ж. Использование пословиц и
поговорок на уроке немецкого языка

Жазықова М.К. Деңгейлеп оқыту технологиясының
басты белгілері және қазақ тілі сабақтарындағы орны

Талдыбасва А. Шет тілі сабақтарында сын тұрғысынан ойлау
бағдарламасының стратегияларын қолдаудың

тиімділігі

Шалданова Л.Ж. Развитие творческих способностей младших
школьников как важнейшее условие реализации компетентностного

подхода в учебно-

воспитательном процессе начальной школы

Аскарова С.А. Оқу үдерісінде инновациялық технологияның бірі
бейнетаспаны қолданудың маңызы...

Мысекесва А.Б., Ертаева Л.А. Сөйлеу тілін дамытудың кейбір
тәсілдері.....

ЖУРНАЛИСТИКА

Сабитова Ш.А. Газетный дискурс в его стилистической
ретламентации

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті! Алқабының шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы журналының «Филология ғылымдары» сериясын педагогика ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки» внесен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций.

ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА

ВАЛЕНТТІЛІК ЖӘНЕ ТІРКЕСІМДІЛІК ҰҒЫМДАРЫ ЖАЙЫНДА

Қ.Қасабек - Абай атындағы ҚазҰПУ-дің профессоры, филол. ғыл. канд.

Сөз мағынасы - қыры сыры мол құбылыс. Ол ежелден-ақ көптеген тіл мамандарының қызығушылығын тудырып, назарына ілігіп, ғалымдар арасында түрлі пікір таластардың негізгі нысаны да болып келеді. Өйткені сөз жеке дербес өмір сүрмейді. Сөздер сөйлем құрамында бір-бірімен өзара

Сөздерді (сөз таптарын) бұл тұрғыдан алғанда тек парадигмалық түрлену ғана емес, сонымен қатар синтагматикалық тұрғыдан талдауға болады. Сөздер нақтылы бір сөйлеу үстінде немесе сөйлем ішінде басқа сөздермен тіркесе қолданылатынын, яғни, қазіргі таңда тіл бірліктерінің басқа бір тіл бірліктері- мен тіркесу заңдылықтарын валенттілік теориясы қарастырады.

Тілдік коммуникация арқылы шындық өмірдің бейнесі көрінеді. Бұл бейне объективті шындықтың ортақтасқан формасында және олар тілдік таңбалардың материалдық қабатында өмір сүреді. Бұл санада қорытындыланған тілдік элементтердің мазмұндық қабатын бейнелейді. Тілдік таңба форма мен мазмұнның бірлігінен тұрады. Тілдік бірліктер әр түрлі мағынаны білдіреді. Олар: лексикалық және грамматикалық мағыналар. Лексикалық мағынаның қабаты дегенде - бір сөздің лексика-семантикалық варианты (семалар) айтылады. Сондықтан, тілдік бірліктердің мазмұны компоненттерден, элементтерден, семадан тұрады. Мұндай мағыналық компоненттерге жеке лексика-семантикалық варианттар жатқызылады. Тілдің лексика-семантикалық варианттары валенттілік қатарды құрауға негіз болады.

Валенттілік ұғымы лингвистикада жаңа ұғым ретінде салыстырмалы түрде соңғы 30-40 жылдан бері қалыптаса бастады. Оның тіл ғылымында негізін салған неміс лингвисті Л.Теньер. Ол жиырмасыншы ғасырдың ортасында өзінің «тәуелділік грамматикасында» (грамматика зависимости) сөйлемнің құрылымдық анализін етістікке қатысты қарастырды және соған сәйкес етістікке тікелей тәуелді «актанттар» және «сыңар сөздер» деген ұғымдарды қалыптастырды. Сыңар сөздермен салыстырғанда сөйлемдеті актанттар саны етістікке тәуелді. Етістіктің өзіне белгілі бір дәрежедегі актанттарды қабылдауын және бағындыруын Л.Теньер химия ғылымындағы атомдардың осындай қасиеттерімен салыстырды және оны «валенттілік» деп атады [2,140]. Осы кезеңде валенттілік ұғымы және термині кеңес тіл білімінде де қалыптаса бастады. Бұл терминді алғашқылардың бірі болып сіндірген С.Д. Кацнельсон. Валенттілік - сөздің басқа сөздермен синтаксистік байланыс жасау қабілеті. Валенттілік сөздің басқа сөздермен үйлесімділігі ретінде танылады. Өрбір тілдегі сөздердің өзіне тән үйлесу қабілеті сол тілдің грамматикалық заңдылықтарына сай қалыптасады. Ендеше валенттілік - сөздің сөйлемде белгілі бір түрде айқындалуы және өзге сөздермен белгілі бір комбинацияға түсу қабілеті немесе сөздердің бір-бірімен тіркес құру мүмкіндігі. Кез келген тілдік жүйеде сөздер бір-бірімен байланысу үшін өзара мағыналық және грамматикалық жағынан үйлесімділікте болуын қажет ететіндігі туралы: «...это свойство слова сочетаться с другими словами в контексте речи можно было бы назвать синтаксической валентностью или сочетаемостью данного слова», - деп алғаш ғылыми пікір айтқан С.Д. Кацнельсон болды. Орыс ғалымы тілдегі әрбір толық мағыналы сөз тек белгілі бір синтаксистік жағдайда ғана өзінің толық мағыналығын көрсете алатыны жайында ғылыми тұжырым жасап, тіл біліміне «синтаксистік валенттілік немесе тіркесімділік» ұғымын ендіреді [1,63]. Валенттілік теориясы сөздердің синтагматикалық (синтаксистік) қасиеттерін анықтайды. Валенттілік - грамматика мен лексикология, синтаксис пен семантика салаларында қолданылатын тектес құбылыс. Валенттілік ұғымы тіл біліміне химия ғылымынан енген «сутегінің атомдарды» Батыс Еуропа тіл біліміне енгізген Л.Теньер оны тек етістікке қатысты қолданған. Бұл түсінік предикат ұғымына жақын және вербоцентрикалық теориямен байланыста қолданылады [2,138 - 245]. Валенттіліктің негізгі қызметі лексикологияны, синтаксисті және лексика мен семантиканы, бір нүктеде қиыстыру болып табылады. Жалпы қазақ тіл білімінде де валенттілік ұғымы кең мағынада қолданылып, сөздердің басқа сөздермен тіркесі немесе үйлесімділігі ретінде танылады. Валенттілік теориясының дамуына едәуір үлес қосқан М.Д. Степанова валенттілікті сыртқы сипатына қарай: “ішкі” және “сырт-

қы” валенттілік деп екіге бөледі. Ол бір сөздің құрамындағы морфологиялық элементтер арасындағы байланысты ішкі валенттілік десе, сыртқы валенттілік деп сөйлем ішіндегі сөздердің бір-бірімен синтаксистік байланысы дейді [2,15]. Ал, Т.Хельбит неміс тіліндегі сөздердің валенттілігін: логикалық, семантикалық және синтаксистік валенттілік деп үшке бөледі [2,154]. Логикалық валенттілік сөйлем құрамында келгенде сөздер өздерінің айналасында қолданылған сөздердің келуін және олардың белгілі бір мағынада болуын талап етеді. Бұл байланыста тіркескен сөздердің мағынасының сәйкес келуі - келмеуі; сөз мағынасындағы объектив дүние әлеметімен байланысты болу жағы ескеріледі. Ал, синтаксистік валенттілікте сөйлем құрамындағы кез келген сөздің басқа сөздермен тіркесу мүмкіндігі есепке алынады. Н.Д. Арутюнова: «сөз тіркестері лексикалық жағынан және синтаксистік жағынан байланысады, бірақ олардың арасындағы айырмашылық барлық кезде анық байқала бермейді» - деп көрсетеді [3,81]. Демек, жоғарыда аталған ғалымдардың бір тобы бұл саланы зерттеу барысында валенттілік ұғымын тіркесімділік ұғымымен алмастыра қолданып, оларды синонимдес терминдер қатарына жатқызса, енді бір тобы бұлардың айырмашылықтары бар екендігін айта келе, екі ұғымның қамтитын ауқымы мен деңгейлерін әр басқа деп қарайды, Ал, қазақ тіл білімінде валенттілік теориясын зерттеушілер есім сөздердің және етістікті сөздерде тіркесімділігі қабілетіне орай қарастырады. Бүгінгі күнге дейінгі тілдік деректер валенттілік ұғымына сәйкес тіл білімі жүйесінде - логикалық валенттілік, семантикалық валенттілік, морфологиялық валенттілік, синтаксистік валенттілік деп атау қалыптаса бастады. Бұлардың ішінде логикалық валенттілік - экстралингвистикалық және әмбебап болып келеді. Логикалық валенттілік ұғымы айтылымның белгілі бір құрылымын ғалымдар болмыс құбылыстарының қатынасы тұрғысында таниды. Семантикалық валенттілік - сөйлеу тіліндегі тіл бірліктерінің мағына жақындығы, яғни етістіктердің белгілі бір мағыналық белгісіне ие нақты мәтін ішіндегі қатысушыларды талап етуі ретінде қарайды. Морфологиялық валенттілік - бір сөз құрамындағы негіз бен морфемалар арасындағы байланыс болса, синтаксистік валенттілік - сөйлеу тіліндегі тіл бірліктерінің мағыналық жақындығын синтаксистік тұрғыда іс-жүзінде жүзеге асыру, яғни қатысушы түрімен және «бос клеткалардың (бос орындардың) міндетті немесе факультативті толтырылуы тұрғысынан қарастырады. Ю.Д.Апресян валенттілікті «семантикалық, лексикалық және синтаксистік валенттілік» деп үш түрге бөле келе: Семантикалық валенттілікті - сөздегі бір семантикалық белгінің болуы нәтижесінде бірігуі, лексикалық валенттілікті - сөздердің белгілі бір сандық санасына байланысты бірігуі, ал синтаксистік валенттілікті - жеке сөздік бірліктердің басқа сөздік бірліктерді басқару қабілеті,-деп түсіндіреді [4,120].

О.С.Диманов «Словарь лингвистических терминов» деп аталатын сөздігінде валенттілік терминіне анықтама бермеген. Ал тіркесімділікке «Сочетание способность элементов соединяться друг с другом в речи»- деп түсінік берген. С.М. Панкратова өзінің «Лексика фразеологиялық деңгейдегі бірліктердің валенттілігі» атты монографиясында валенттілік пен тіркесімділік теориясының айырмашылығын анық атап көрсетеді. Оның пайымдауынша, валенттілік пен тіркесімділік түсініктерін синонимдер ретінде қарастыруға болмайды. Валенттілік -тіл бірліктерінің семантикалық және синтаксистік деңгейде айналасындағы сөздерді басқару қасиеті екенін айта келе, валенттілікке селекциялық қасиеттің екеніне тоқталады [5,9]. Осы қасиет негізінде тіл бірліктері өздеріне сәйкес релятивті семаларды табады. Тіркесімділік болса, ол барлық (фологиялық, семантикалық, грамматикалық) тіл бірліктерінің тізбектіліп келу қасиеті болып табылады. Ал зерттеуші А.Е. Карлинский бұл екі терминді былайша түсіндіреді: «Тіркесімділік - грамматикалық мағынасы ескерілмейтін нақты семантикалық сөздер класындағы сөздерге қатысы. Бұл - құрылым ішіндегі сөздердің лексика-семантикалық байланысының сапалық жағы. Валенттілік болса, сол құрылымдағы аталмыш элементтің өзара байланысатын сөздердің семантикалық класының саны, байланыстағы сөздердің сандық көрсеткіші» [6,42]. Ғалым анықтамасы бойынша, тіркесімділік валенттілігін сөздердің бір-бірімен қарым-қатынаста тұруымен, сапалық қасиетіне қарай ажыратылады. Ал валенттілік - сөздердің сөйлемдегі мейлінше көп актанттарды жақтап алу қасиеті. А.Е.Карлинский валенттілікті етістіктердің актанттармен байланыс қушыюіне қарай үш түрге бөледі: 1) міндетті валенттілік, мұнда актанттардың ешқайсысын түсіруге болмайды. Мысалы; Оқушы үйірге қатысып жүр; 2) факультативті валенттілік, актанттардың біреуін түсіруге болады. Мысалы: Студент (кітап) оқиды; 3) еркін валенттілік, актанттар етістікпен тығыз байланыста тұрмағандықтан, оларды оңай сылып тастауға немесе қосуға болады, олар пысықтауыштық конструкциялар болуы мүмкін. Мысалы: Бекзат досын (вокзалда) (сағат төртте) (Ақтөбе поезынан) күліп алды. Ал, А.Салықбай мен Е.Абақанның «Лингвистикалық түсіндірме сөздігіндегі»: «Валенттілік - ...сөздің басқа сөздермен **синтаксистік**

байланыс жасау қабілетті, ал тіркесім -...катынастарын бейнелейтін қасиеттерінің бірі» [7], - деген анықтамалары тілдің синтагматикалық қасиеттеріне негізделгендіктен, екі түсінік арасындағы айырмашылықты ашып көрсете алмайды. Ә.Сүлейменованың басшылығымен жарық көртен «Тіл білімі сөздігінде» тіркесімділіктің тілдік элементтердің бір-бірімен фонологиялық, семантикалық, грамматикалық ерекшеліктерімен сәйкесіп, сөйлеуде тізбе қатар тұру қабілеттілігі бар екені, оның қалыптасқан нормадан ауытқуы көркемдік мақсатынан танылатындығы айтылса, ал валенттілік сөздің өзге элементтермен синтаксистік байланысқа түсу қабілеті екендігі, соған сәйкес сандық, мысалы, бір, екі, үш валенттіліктер; валенттілікті қамтамасыз етуші сөздің синтаксистік қызметі, мысалы, субъект, объект, пысықтауыштық; толықтырушы сөз формасы, мысалы, сөз, сөйлеу бөлігі, сөз немесе сөйлем; валенттілік таратушы сөздің семантикасы, мысалы етістіктерге нақтылық, абстрактілік сияқты синататтар тән екені [8, 359;60]. айтылады. Бұл жерде назар аударарлық жайт, екі сөздіктегі валенттілік терминінің екі түрлі қолданылуы. Тіл білімі сөздігінде «тіркесімділік», ал А.Салықбай мен Е.Абақан сөздіктерінде «тіркесім» - деп қолданылған. Демек, жоғарыдағы тізбектелген зерттеуші ғалымдардың тұжырым, ой-пікірлерінен жалпы тіл білімінде соңғы жылдары ғана сөз бола бастаған валенттілік және тіркесімділік ұғымдарының ара жігін ажырату айтарлықтай қайшылықты мәселесі болып келгендігі айқын көрінеді.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые вопросы валентизма.

Summary

In the article is examined some questions [valentizma],

ЖАҢА ӘЛІПБИ ЖОБАСЫН ЖАСАУДА ЕСКЕРЕТІН ЖАЙТТАР БАР

А.Ж. Қобланова –Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, филол.ғыл.канд.

Қазақ қоғамы, жалпы жұршылыққа мәлім, қысқа ғана мерзім аралығында жазу-сызуын үш мәрте реформалады: 1928 жылға дейін араб әліпбиі; 1928-1940 жылға дейін латынша әліпбиі; 1940 жылдан қазірге дейін кирилица әліпбиі [1].

1928 ж. Қазақ Орталық атқару комитетінің 6-шы шақырылымының IV сессиясында жаңа латын әліпбиі мемлекеттік әліпбиі деп жарияланды. Ал 1940 жылты орыс негізіндегі жаңа әліпбиі деп аталды. Бүгінгі таңда латын негізіндегі әліпбиіне көшкенде жаңа әліпбиді ұлттық әліпбиі деп атаған жөн деп ойлаймыз. Жаңа әліпбиіміз ұлттық деген әліпбиге лайық болуы негізгі шарттардың бірі болуға тиіс.

Әліпби ауыстыру, жазу-сызуды өзгерту жүздетен жылда болатын аса сирек кездесетін құбылыс болса керек. Өйткені жазба тіл - тұрақты сипат алған сайын нормалық қасиеті күшейіп, ғасырлар мәдениетін бүгінгі заманға жеткізетін ерекше қызметке ие феномен. Солай бола тұра, қазақ жазуының тағдыры құбылмалы заманмен бірге құбылып, араб графикасы негізіндегі әліпбиден латынға, одан кирилица әліпбиге көшті. Енді, міне, кирилицадан латыншаға көшу көзделіп отыр. Ұлттық жазуды жетілдірудің бір-ден-бір жолы латын әліпбиіне көшу деген көзқарас, ғылыми тұжырым, дәйекті ұсыныстар осыған меңзеп отыр. Алайда үш түрлі әліпбиге, соған сәйкес үш типті жазу жүйесіне көшу тіл иегерлері үшін холотиялық, әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан оп-оңай емес. Солай бола тұра, қиындықтардан қашып, жоқты-барды сылтау етіп, барға малданып отыра беруге тағы болмас. Бұл мәселеде байыптылық пеп **ікімділік** аса қажет.

Өткен замандарда тұтынған әліпбилерді, қазіргі кирилицаға түкке тұрғысыз деп қара ала бояу жағып, біржақты бағалау ақиқатпен сәйкес бола қоймас. Байыптылық керек деп отырғанымыз, өткен замандардағы халқымыздың басын кешірген жазу-сызуларындағы жақсы тәжірибенің тиімді тұстарын айқындау қажет деген ойға саяды. Осы мәселені ой елегінен өткізіп, жақсы жақтарын жатсынбай ала білу қазақ жазуын жетілдіре түсуге септігін тигізері сөзсіз. Бұл тұста еске алатын да, ескеретін де жайттар жоқ емес.

Араб әліпбиі негізіндегі төте жазу, яғни А.Байтұрсынұлы әліпбиі қазақтың ұлттық жазу-сызуын фонологиялық арнаға түсірді. Фонологиялық ұстаным осы жазудың іртетасы болды. Тіл иегерлерінің фонологиялық ойлау жүйесін дамыта түсті десек артық айтқандық емес. Төте жазудың бұл қасиеті

латын графикасына негізделген әліпбиге көшкенде де негізге алынды. Белгілі ғылым М.Жүсіпов төте жазуды фонемографиялық жазу деген терминмен дәлме-дәл анықтады [2]. Олай болатыны А.Байтұрсынұлы әліпбиі қазіргі қазақ тіліндегі фонемалардың санын дәл анықтап берді, А.Байтұрсынұлының жасаған ұзптық жазудың фонемографиялық жүйесі қазақ жазуы кириллицаға көшкенде де қолданылды. Сонымен, әріп басқа жазу-сызу әртекті (арабша, латынша, кирилше) болғанмен, фонемографиялық жүйе олардың бәріне ортақ болды. сондай-ақ бүгінгі күні қолданылып отырған кириллица жазуда бас әріп, нүкте, үтір, қысқарған сөз, тасымал, сызықша, сөздердің бос аралықпен, бос аралықсыз, қос аралықпен орфографиялануы тәрізді графикалық таңбалар жүйесі осы аталған жазудың жетістіктері деп бағалануы тиіс. Ой мен сезімді жеткізуде қосалқы қызмет атқартай мұндай графикалық элементтердің кириллица жазуда бас аяғы түгелденді. Академик Р.Сыздықтың ебектерінде әрбір морфемалық элементтер қызметі айқындалып, ереже тәртібі жасалды [3]. Болашақта латыншаға көшкенде емле, тыныс белгілерін қайта жасап, «жаңадан арба» жасаудың қажеті жоқ. Сондағы көңіл бөлейік деп отырған мәселе - әліпбиді өзгерткенмен графикалық жүйедеті сабақтастықты сақтау болмақ. Мұндайда ешбір талассыз, дау-дамайсыз шешілетін жайттар бар да, сонымен бірге ғылыми ой сарабынан еткізетін таласты мәселелер бар. Мысалы, кириллицаға *ё, ы, ь, э, ю, я* тәрізді таңбалардың ұлттық жазуым ■: ■ үшін функционалдық жүктемесі жоқ. Бұл - басы ашық мәселе.

Осы аталған әріптер орыс тілінен және шет тілінен енген сөздерді бұлжытпай жазу керек деген идеологиялық қысыммен, тапсырыспен байланысты қазақ әліпбиіне енгізілгені белгілі.

Ал *.V, h, ф < / >* әріптерін болашақ әліпбиіне құрамына енгізу-енгізбеу жөнінде әртүрлі пікірлер бар.

Латын графикасын пайдаланатын көптеген тілдердің әліпбиінде *х, н, /* таңбасы бар, бірақ олардың қызметі, дыбыстық мағынасы әртүрлі,

Қазақ тілінің жазу жүйесі үшін *х, h, /* таңбасы байырғы қазақ қоғамы қолданған ескі кітаби тілдерде кездесетін сөздердегі дыбыстық мәнділіктерді белгілеу үшін қажет болуы мүмкін. Мысалы, қазірдің өзінде діни дискурста кездесетін *Аллан, Мұхияед, Фатиха* т.б. сөздерді *н, х, ф, (/)* әріптері бойынша орфографиялау нормалық сипат алған. Қазақ тіліндегі әдебиеттердегі, ауызша діни коммуникация- да осы аталған сөздер, бұл типтес атаулар *h, x, ф, (f)* арқылы таңбалануы датдыға айналған.

Кейінгі жылдары *и, варианттардың* орфографиялануы баспа беттерде сынала бастады. Сондағы сыншылардың айтатын негізгі уәжі мынадай:

1. *и, у* әріптері буын жігін тасалата тұрады.
2. *Ми* дегенді *мий* деп дыбыстайды, яғни сөздің жазылу нормасы дыбысталу нормасын бұзығы тұр.
3. *и, у* әріптері қазақ тілінің дыбыс жүйесін оқытуда мұғалімдерді де, оқушыларды да шатастырып бітті; Оқулықтарда, *[у]* дауыстылары бар деген кәте түсінік пайда болды.
4. Оқушы жастар *сиыр, қиын, киім, тиын, тийи* т.б. сөздерді жаза алмай кәте жібереді.

Сонымен, *и, у* әріптерінің орфографиялануындағы бұл ерекшеліктер қалай бағалануға тиіс? Бұлар бұрынғыша графикалық жүйедеті құндылықтардың қатарына жата ма, әлде қисынсыз делініп, қатардан шытарып тастала ма?

Латын графикасы негізінде жаңа әліпби жобасын жасаушылардың көзқарастары қарама-қарсы екені байқалады.

И, у әріптерін терістейтін пікірдің жоғарыда айтылған аргументтерімен түгелдей келісу қиын:

1. *и, у* әріптері буын жігін тасалап тұрады деп кемшілік ретінде көрсету жеткілікті уәж емес. Өйткені жазудың мақсаты буын жігін бейнелеу, сөздің қалайша айтылатынын көрсету емес, ой мен сезімді жеткізу, матыңа ажыратуға қызмет ететін дыбыстарды әріптер арқылы орфографиялау. Ал сөздің буын жігін, дыбысталуын көрсету-орфоэпияның мәселесі.

2. *Ми* деп жазғандықтан, оқушылар, студенттер, радиотеледикторлар бұл сөзді *Мий* деп дыбыстайды, сөздің орфографиясы, оның орфоэпиялық нормасын бұзып тұр деген уәж соншалықты сенімді көрінбейді. Тіпті солай бола қалташың өзінде *сый, тый* тәрізді сөздердің қатарына *мий* деп қосып, ескертумен де реттеуге болады.

3. *и, у* әріптері дауысты *fuj*-ды, */н/-*ді білдіреді деп шатастыратыны рас. Бірақ бұл шатастыру графикалық жүйедеті қисынсыздық емес, оқыту әдістемесіндегі техникалық кемшіліктер. Әріп пен дыбысты дурыс ажырата алатын, әріп жазба сөздің бірлігі, ал дыбыс ауызша сөздің бірлігі екенін тани білетін оқытушы да, шәкірттер де бұларды шатастырмайды.

Мысалы, *суреттеу* деген сөздің жазбаша түрі оның ауызша түрімен бірдей емес. Бұл айырмашылық

■ Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

жазба кодты ауызшаға, сондай-ақ керісінше, ауызша сөзді жазбаша кодқа тусіргенде айқын байқалады: *суреттеу* (жазбаша код) - *[сұур еттеу]* (ауызша код); *суртту* (жазбаша код) - *[сұуртту]* (ауызша код); *тау* (жазбаша код) - *тау* (ауызша код); *ту* (жазбаша код) - *[туу]* (ауызша код); *сирақ* (жазбаша код) - *[сыірақ]* (ауызша код); *сирек* (жазбаша код) - *[с'ирек]* (ауызша код);

Бұл салыстырудан *и, у* әріптерінің көп мәнді қызметте жұмсалатын графикалық таңба екенін байқауға болады:

<i>/ш/</i>	<i>/fuuj/</i>
<i>И</i>	<i>У</i>
<i>І [ьш]</i>	<i>І fuuI</i>

Қазіргі әліпби құрамындағы кейбір графемалар бірмәнді, яғни бір ғана дыбысты белгілейтін қызметте жұмсалса, ал *и, у* тәрізді графемалар екі дыбысты белгілейтін көп мәнді графемаға жатады, яғни әліпбиге бір дыбыс - бір фонема болуы шарт емес.

4. Сондай-ақ *қиын, киім, пішін* тәрізді сөздерді оқушылар жаза алмай қате жібереді деген уәж де негізсіз. Бұл типтес сөздерді жаза алмай қиналған оқушыларды, студенттерді кездестірген жоқпыз. *И, у* әріптерінің орфографиялануы мектепте қиындық көріп жатса, оның зардабы баспасөзде де байқалар еді. Бірақ баспасөз тәжірибесінде осы әріптердің жазылуында кетіп жатқан қателер жоқтың қасы деуге болады.

Қазақ тіл білімінде жазу теориясы арнайы зерттелгенше «әріп» пен «дыбыс» қатынасы «бір әріп - бір дыбыс» делініп, қосарлы жүйе бойынша ұғынылды. Кейінгі кезде қазақ жазуын зертеуші ғалымдар Н.Уәлиев, Қ.Күдеринвалар қазіргі жазуды «дыбыс» - «фонема» - «әріп» - «графема» тұрғысынан қарастыра келе, дыбыс (фонема) таңбаның мазмұн межесі, ал әріп таңбаның тұрпат межесі екенін, сөйтіп, мазмұн мен форманың бірлігі жазу теориясында морфема деп аталатынын атап көрсетті. графема теориясы бойынша бір дыбыс (фонема) бір әріппен де, бірнеше әріппен де, немесе бір әріп бір немесе бірнеше дыбыстық бірліктерді білдіретінін ажыратып берді.

Бұл - графика жүйесіндегі кемшілік емес, қисынсыздық емес, жазба тілдің өзіне тән графикалық жүйесі екенін, оның оңтайлыққа, қолайлылыққа негізделетінін ашып көрсетіп, жазу жүйесіндегі құндылықтардың қатарына жатқызды [4].

Сонымен, біз бұл жерде сөздің ауызша түрін жазбашада ықшамдап, таңбаларды көбейтпей берілуін қазіргі кирилше жазудың тиімді тұстарының бірі, қолданыстаты осы жазу жүйесінің өзіне тән артықшылығы деп бағалағанды жөн деп білеміз. Алайда бұл артықшылық осы кирилше жүйеде ғана орыпды болуы мүмкін. Мұны жазудағы «құбыжық» емес, құндылық ретінде танудың еш әбестігі болмаса керек. Болашақ әліпби жобасында бұл жайт ескеріле ме, ескерілмей ме, ол өз алдына мәселе.

1. Ачдажұманов Қ.С., Бурханов Қ.Н., Сматаұлова С.О., Құдайбертенова А.И. «XX тасырдың 20-40 жылдарындағы қазақ жазуын латын трафикасына көшіру және оны жазуға асыру барысы» // «Латын трафикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, татылымы, болашағы». - Алматы: Арыс баспасы, 2007. -24-28 бб.

2. Жүсіпұяы М. «А. Байтұрсынұлы және қазіргі қазақ тілі фонологиясы». - Алматы: «Ғылым», 1988. -15-68 бб.

3. СыздықР. Қазақ тілінің анықтатышы. - Астана, 2000.

4. Күдеринава Қ. («Қазіргі қазақ трафикасындағы *sp* - фонемі - дыбыс қатынасы» // «Қазақ жазуының теориялық негіздері». - Алматы, 2010. -200-226 бб.

Резюме

В этой статье рассматриваются некоторые преимущества нынешнего алфавита при переходе на новый.

Summary

In this article it is examined to consider some [primushchestva] of present alphabet upon transfer on the new.

I. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ФИТОНИМДЕРДІҢ АҚПАРАТТЫЛЫҒЫ

Е.С. Қасенов - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы, филол.ғыл.к.

Ұлт тілі этностың шынайы этникалық болмысының айнасы болғандықтан тілдегі кез келген атау мағынасы арқылы берілетін ақпараттарда ұлттың өзіндік таным-түсінігі жатады. Ерте кезеңнен тылсым табиғатпен етене байланыста көшпелі өмір сүретін халқымыз өсімдіктер дүниесін, олардың азықтық, емдік және басқа да қасиеттерін жақсы білген. Өсімдіктің адам өміріндегі тығыз байланыстылығы соншалық, тіпті олар адам табиғатын, оның дүниетанымын, салт-дәстүрін, наным-сенімін, әдет-ғұрпын тіл арқылы суреттеуге дейін еркін араласып, санасына етене сіңісіп кепсін. Әрбір өсімдікті танып-біліп, оларды түстеп, атап, олардың ішінен малға жұғымдылығын, адамға пайдалыларын, зияндыларын зерделей отырып, әрқайсысына атау берген. Осыған орай ұлт тілінде орын алған өсімдік атауларының мағыналарында мол ақпарат сақталғанын байқауға болады.

«Қазақстан жері өсімдік түрлеріне каншалықты бай болса, халқымыз сол өсімдіктердің атауларына да соншалықты бай. Олар тілімізге еніп, қатынас құралы ретінде ауызекі тілде қолданылып жүр. Табиғатпен бір болып, біте қайнасқан халықта мұндай қасиетінің болуы заңды да. Өйткені адам мен табиғат егіз» [1, 7 б.]. Осы байланысқа орай әрбір зат пен құбылыс жеке-дара атау иеленіп, белгілі бір ұғымды беру үшін қолданылады. Демек, оның арғы жағында ұлттық таным жатыр.

Белгілі бір зат пен құбылысқа берілген атаулардың әрқайсысы өзіне тән ерекшелігі бар ақпараттар сақтайтын және жеткізетін сөздер тобы десек, Т.Жансүгіров поэзиясынан көрініс тапқан өсімдік атауларында халықтың рухани-материалдық мәдениетіне қатысты ақпарат жиынтығы жатыр. Ондағы «әрбір тілдік бірліктің белгілі мазмұны бар және сонда түрлі мөлшердегі ақпарат болады. Ақпараттың көлемі сол тілдік бірліктің мөлшеріне, сипаты мен дербестігіне (тәуелсіздігіне) байланысты болады. Тілдік бірліктің «мазмұны», сол бірліктің «мағынасы» және оның «ақпараттылығы» деген ұғымдардың ішіне қарасын анықтау қиын. Алайда шартты түрде былай деп қабылдауға болады: Тілдік бірліктің мазмұны - бұл сол тілдік бірліктің білдіретін ұғым белгілерінің жиынтығы. Тілдік бірліктің мағынасыЕ - ол аталған ұғым (у.т.ж) белгілі немесе уәжі белгісіз) белгілерінің бірінің шартты түрде таңбалануы. Тілдік бірліктің ақпараттылығын - бұл сол бірліктің нақты қолдағы кезіндегі мазмұнының өлшемі» [2, 8 б.]. Олай болса, ақыпөлеңінде жинақталған өсімдіктердің халықтық, атауларының мағыналарына талдау жасау арқылы олардың ақпараттылығын, мағыналарында сақталған ақпараттардың ерекше аталатын анықтауға болады. Мысалы. ақынның

Атаиіа өзің бічтен қаритай, тал,

Жачтыз-ақ неііе ачуан тұрлісі бар.

Долана,] чицат, шетен, ырмай, ариіа,

Аң сасыц, ызыл қайыц, барша, шынар- деп басталатын «Жетісу суреттері» өлеңіндегі «Жер түті» деп аталатын белімінде 30 ірлі ағаш пен 60-қа жуық шөптің, құрайдың - барлығы 90 түрлі өсімдік атаулары көрініс береді.

Өсімдік атауларының лексикалық құрамын, морфологиялық құрылысып қарастырған ғаяым Б.Қалиев «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» атты еңбегінде өсімдіктер аташтар, бұтшар, шөптесін өсімдіктер болып үлкен үш топқа, ал шөптесін өсімдіктер өз ішінде: құрайлар, шөптер, тұлдер болып тағы да үшке бөлінетіндігін атайды [1, 134 б.]. Ғалым жіктемесіне қарай алар болсақ, Т.Жансүгіров өлеңіндегі *долана, ұиқат, ішетен, ырмай, ариіа, ақ сасық, қызыл қатіың, барша, шыңсір, иыртанақ, сөңке, терек, с&тет, смен, ұйеңкі, иырыш, балтын тораңты, сары аташ, қойқарақат, жиде. шетен, тобылты, түііе- құйрық, бауырқұрт, қараған, бозиршан, тиеңтел, шіліксынды атаулар ағаштар мси бұталардық атауы болса, сарыціітік, тауқонақ, иіэйшөп, мақна , құлынембес, сұттітен, еқлік, мейіз, киізкіік, ақііалтын, көкемарал, бететен, раң, жапырцтеқте, бұліра қисыц ыық, бидыртан, уқортасын, атқұлақ, жұлкеуір, бәрті, шырыш, шытыр, мықтамыр, жуа, рауаі, жаужапырц, балауса, сортыш. селдір, ермен, бақбаң, сыбышы, жалбыз нұлмақ, қарццц, шоңайни, меңдуана, сора, шақпақ, шырмауық, кендір, қылиа, жыланңияқ, қиңжыта, қота, сасық, аққой, жуа, таусарымсақ, қымыздыц, қызсаумалдыц, ццақай, қамыс, айылқиц, құраті, саржатаал, құстаңдайшөптесін өсімдіктердің атауы болып табылады. «Өсім- діктер дүниесінің, бұтақтар меи ағаштардың болуы (немесе тіпті болмауы) - табиғаттың, теотрафиялық нысаналардмң басты ерекшелігі болып табылады» - деген пікірді ескерер болсақ, ақын өлсіндеті бұл*

өсімдік атауларының белгілі бір аймақта, ландшафтта немесе теотрафиялық нысанада өсетінін білдіреді [3, 389 б.]. Белгілі бір аймақта өсімдік түрлерінің таралу ареалынан хабар береді. Ел ішінде, халықтың ауызекі тілінде жиі айтылып, тілімізде молынан ұшырасатын өсімдіктердің бұл атаулары ақын туынды- сында ішкі- сыртқы белгілері мен өзіндік ерекшелігіне қарай жіктеле беріліп, оқырманға өсімдік түрлері жөнінде нақтылы ақпарат беріп тұрғаны аңтарылады.

Өсімдік атаулары мағынасындағы қамтылған ақпаратш біз ол сөзді естігенде немесе мәтіннен тыс жеке тұрғандаты қалпында оқығанда немес естігенде де ала шіамыз. Ал өсімдік атауы матынасында қамтылмаған озте создермен тіркесу барысында ғана көрініс беретін сипатын сөйлем арқылы, мәтін арқылы ұғынатынымыз рас. Мысалы:

*Биікте бітеді шөптен сарықұйық,
Тістеніп жатыр жұлып малы сүйіп.
Өріске біткен осы өңкей сұтін һінде бір сүйкімсіз отыр бір-ақ:
Қалаңай ңара тартыл ол айтқанғыш,
СүйіеОі сүйікентенді шымышып, бұрап («Жетісу суреттері» өлецінен).*

Бұл мысалдан оқырман қоршаған табиғаттың, әсіресе, өсімдік дүниесінің ақынта титізіп отырған иті әссрін онынтіл байлығынан айқын көрінеді.

Өсімдіктердің атауларынан олардың басты қасиеттері мен белгілері айқын көрініс табатындығы бел- тілі. Бұдан өсімдік атаулары арқылы олар жөнінде пакты да дәл ақпарат алуға болады. Бұл жөнінде ғалым Б.Қасым мынадай пікір айтады: «аталымдардың қалыптасуына мотивемалардың түрлерін атап көрсетуге болады: дыбыс (еліктеу), түр, іңс, басқа нысанға ұқсастық, колем, соматикалық белгілер, мекен, орын, иіс, қызмет белгісі, сапа, т.б. байланысты бірнеше айрықша белгілерін, нетізті қасиеттеріп, басты ереіонеліктерін даралап көрсетуге болады, бұл белгілік қасиет атауды тандаута нетіз болады [4, 145 б.]. Демек, әрбір өсімдіктің ішкі-сыртқы белгілерінің адам санасында берік орнытуы олардың біреуі- нің мотивем болып таңдалынуына себепкер болады.

Ақын өлеңдеріндегі өсімдіктердің басты қасиеттерінің олардың атауларынан көрініс табатынын мына төмендеі і тілдік деректерден де анық аңтарута болады. Мысачы, *уңортасын* өсімдітінің улы екепін оның атауы айтып тұр. Сондай-ақ *жапырсұттыңте, апиұлци, айыңияқ, бұйра қисық. иыц, ұұстаңдаіі, жьштқтці* еекідді өсімдік атаулары олардың жапырағы мен сыртқы пішіні туралы мәлімет беріп тұр. Тек бұлар ғана емес өсімдіктердің атауларынан олардың түсі (*ақ сасыц, ңызыл қайыц, сарыаташ, қара- қиц, бозқаразан, аққой, сарықұйық*), емдік (*шәйшөп*), қасиеті, қайда өсетіндігі (*таусарышсақ, тауқонақ*) тағы басқа да сан түрлі ерекшеліктері туралы ақпаратты ақын өлеңдерінен алуға болады. Оның үстіне күрделі атаулар *тау, ац, сары, ңара, боз* сөздері арқылы, яғни бір затты екінші бір затпен салыстыру арқылы дараланып тұрғандықтан, оқырман біршама түсінікті мәлімет алады. «Адам өзіне таныс, білестін заітардың бойындаты бар қасиетті, ерекшелікті ұқсастыру, я болмаса елестету арқылы екінші заттың атаулық қасиетін анықтайды, таңбалайды. Сөйтіп, әр адам заттар мен құбылыстарды тапып білу нәтиже- сінде жаңа атаудың ұтымдық қасиетше тән белгісін таңдауы оның дүниетанымына, тәжірибесіне байланысты айқындалады да, сол арқылы атауды белгілеудің танымдық қасиеті анықталады»[5, 217 б.].

Көркем шығарманы қабылдаушы оқырман ондағы өсімдік атаулары туралы ақпарат алып, өзара ұқсас *бозқараган - қараган, таусарышсақ - сарымсац*, т.б. атауларды айыра алу мүмкіндігіне ие болады. Олардың әрқайсысының мән-мағыналарын, қыр-сырларын, айырмашылықтарын тани білу, ажырата алу - кез шіген оқырман үшін аса қажет дүнис. Сонымсн ақын туындыларындағы ӨСІмдік атаулары ботаникалық тізім ғана емес, ақиаратқа толы қатысымдық бірлік.

Қорытындылай келгенде, ақын өлеңдеріндегі өсімдік атаулары өлең ерімінің заңдылығына (ұйқас, буын) бағындырыла отырып, өзіндік сыртқы ерекшеліктеріне орай (ағаштар, бұталар, **шөптесін** өсімдік- тер) топтала берілуімен ақпараттық құндылығыш арттырып тұр. Ақын поэзиясындағы фитонимдер ақындық ілеберлікке сай қолданылған және олардың ақпараттық мәні ерекше айқын көрінеді.

Ақынның шығармашылық шеберлігі фитонимдерді мәтін тузу заңдылығына бағындыра алуынан, олардың мәтін ішіндегі эстетикалық маңыздылығын аша тұсуінен, фитонимдерді қал-етті ақпаратты жеткізуде коммуникативтік қызмстте орынды пайдалана алуынан аңғарылады.

І.Жансүгіров поэзиясы тіліндеті фитонимдердің өз алдына жеке қарастырылуы олардың мағынасында сакталған ұлттық модени ақпарат тануға, сондай-ақ оның құндылығын анықтауға мүмкіндік береді.

Акын поэзиясындағы фитонимдер- автор мен оқырманның сан қырлы қарым-қатынас ерекшеліктерін танытатын коммуникациялық кеңістіктеті қатысымдық бірлік болып табылады. Ендеше, осы кеңістіктеті онимдердің мағынасы арқылы берілетін ақпарат - ұлт танымының тілдік таңбасы, ұғым мен зат, құбылыстың арасындағы тығыз байланыс нәтижесінің тілдік көрінісі.

1. Қамиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. - Алматы: Ғылым, 1988. - 159 б.
2. Оспанов Е. Тілдік бірліктердің қатысымдық табиғаты (Ф.Мұсірепов шығармалары бойынша): филол. тыл. канд. ... автореф. - Алматы, 2010. —30 б.
3. Очерки по физической географии Казахстана. - Алма-Ата, 1952. - С. 512.
4. Қасым Б. Сөзжасам. Семастика. Уәждеме. - Алматы: КИҚОО, 2007. - 167 б.
5. Қасым Б. Күрделі аталым жас. ұымы: котнитивті-дискурстық ұстаным. - Алматы: ЖК Волкова А.В., 2010.-383 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются различные применение фитонимов и их информативное в поэзии И.Жансугурова.

Summary

In this article are considered different using plant names and their information in poetries I.Zhansugurova.

ТІЛДІК ҚАТЫНАСТЫҒЫ ҚАТЫСЫМДЫҚ ТҮЛҒА МӘСЕЛЕСІ

Е.Т. Оспанов -Абай атындағы ҚазҰПУ филология факультетінің аға оқытушысы, филол.ғыл.канд.

Қазіргі лингвистикалық зерттеулер өз нысанын «адаммен» (қатысымдық тұлғамен) байланыстыруда. Адам болмысы тіл табиғатында анықталып, өз мүмкіндігін тіл арқылы баяндайды. Қарым-қатынас барысында адам тілдің қатысымдық қызметі мен мағынасына жүгінеді. Осылайша адамның өзіне, дүниеге және басқа адаммен хабар алмасу қызығушылығы туындайды.

Тілдік тұлға ұғымы іл білімі мен философия ілімінде қатар жүрген түсінік. Бұл терминді ентізудіп, себебі біріншіден, тұлғаның тілде іс-әрекет етуімен белгіленсе, екіншіден дәстүрлі лингвистикалық тұжырымдамаарда бұл ғылыми ұғымға кешенді түрде зерттеу болмағандығымен түсіндіріледі.

«Тілдік тұлға» түсінігіне тоқталған бірқатар лингвист ғалымдар автордың танымдық болмысын басты назарда ұстай отырып, тілді соның нәтижесі ретінде түсіндіреді, Қазақ тіл білімінде тілдік тұлға мәселесін зерттеген Ф.Терекованың «Языковая личность К.К. Жубанова», Т.Е. Имашеваның «Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі», Ф.Қожахметованың «Тұрмағанбет Ізтілеуов тілдік тұдғасының дискурстық сшіаш», Ш.Ииятованың «Махамбеттің тілдік іұлғасы», Т.Ә.Мұратованың «Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі» атты еңбектерін атап өтуге болады.

Ю.Н. Карауловтың теоретикалық гносеологиялық үлгісінде тілдік тұлғаның үш деңгейі көрсетілген: вербалды семантикалық, лингво когнитивтік, мотивациялық. Бұл үш деңгей мынадай негізде жасалған: типтік бірліктер - сездер, жалпылама ұғымдар - концептер және қарым-қатынас қажеттіліктері. Аталған деңгейлік үлгі тілдік тұлғаны үш маңызды сапалық с и паттам а шеңберінде қарастыруға мүмкіндік бере- ді: вербалды семантикалық (немесе өзіндіктілдік); котнитивтік (немесе танымдық); прагматикалық.

Вербалды семантикалық сипаітама жеке адамның сөздік қорынан құралады. Ол табиғи вербалды қарым-қатынаста қолданатын барлық сөз қоры мен сөз тіркестерінің қатынас жүйесіне түседі. Сонымен қатар, лексикалық бірліктер саны ғана емес, әрі оларды функционалды сгилитикалық құндылықтарға сай, әлеуметтік өзгешелік қағидаларына сәйкес дұрыс қолдана білу қабілеті арқылы көрінеді. Бұл сипат- тамаиың ерекшелігі тек осы қабілетті меңгеру деңгейімен ғана емес, сондай-ақ сөзжасам, грамматика және айтылу нормаларын бұзбаумен де анықталады. Вербалды семантикалық нөлдік деңгей ретінде әрбір тілдік тұлғаның көрсеткіші ретінде қабылданса, индивидуальдық тісн субъективтілік дүниетанымдық деңгейде ғана өзін көрсете алады. Бұл танымдық деңгейде көрініс табады. Демек, когнитивтік тұлға- ның интеллектуалдық (зиялылық, парасаттылық және рухани) өрісі ойлау үдерісін жорамалдайтын

адамның танымдық әрекеі і болып табылады. Әрбір жеке адамның бойында өзіндік даму болмысын, «**ғалам бейнесін**» білдіретін идеялар туындайды. Тұлға санасында бұлар сатылай түрде корсетіледі де **белгілі** бір әлеуметтік тәжірибе мен әрекет негізінде құрылған әлеуметтік және мәдени құндылықтар жүйесін құрайды. Бұа сойлеу әтикеті мен жекелетен свд орамдарын қолдануда байқалады, осылардың **нәтижесінде** біз өзімізге «таныс» тұлғаны жиі байқаймыз. Прат\атикалық қарым-қатынас тұлғаның мақ- **саты мен** міндеттері негізінде аныкталады. Оларға сөйлеушінің ниеті, оның ықыласы, себептері мен нақ- **ты** коммуникативтік мақсаттарын жатқызамыз. Сөйлеушініңүәжі қарым-қатынас орнатудың негізі бола отырып, тілдік тұлғаның пратматикалық деңгейін танытады. Жеке адамның лотикалық ойлау білім дең- **тейі** анықталумен қатар, оның ішкі толқанысы мен қарым-қатынас барысындағы жағдаяттық факторларын айқындайды.

Аталған үш тілдік тұлғалар деңгейінің тек соңқысы ғана индивидтің коммуникативтік мақсаттағы мүмкіндігін сипаттап береді. Вербалды семантика арқылы коммуникативтік мүмкіндіктерді толық **бағалай** алмаймыз. Нақты қарым-қатынас барысында 65 пайызға дейінгі ақпараттың мазмұны мен **матынасын** бейвербадды амалдар арқылы берілетіні белгілі. Когнитивті деңгей жотарыдағы сипаттауда негізінен тұлғаның тілдік сипатына қарай батытталған. Қарым-қатынас әлеуметтік және мәдени құндылықтар жүйесінде өзге де қабылдау мен ақпараттың мақсатш бағытталуы сияқты танымдық факторлар зор қызмет атқарады. Тілдік тұлға әлеуметтік вербалды өзара қарым-қатынас жүйесінде өзін танытып, нақты қызмет атқарады.

Тілдік тұлға мәселесі жөнінде көптеген ғалымдардың пікірлерін келтіруге болады. Мәселен. Т.И.Ботин көп қабатты, көп құрамды, құрылымдық реттелген тілдік мүмкіндіктердің жиынтығын **қабылдай алатын**, дайын **тілдік** бірліктерді қолданатын түсініктерді енгізеді [1,35 б.].

Т.И. Ботин тілдік тұлғаны динамикалы түрде сипаттайды, яғни тілдік тұлға жалпы қолданылатын **тура атауларды** қабылдап, лексико-грамматикалық матынаны беретін, яғни көптеген потенциалды (мүмкін) субституент (алмастыру) ішінен өзіндік ерікпен айтылым құралдарын тандай отырып, интерио- **ризациялық** сойлеуге көшеді. Автор тілдік тұлға құрылымының деңгейлерін төмендетідей түрде бөледі: **дұрыстылық**, интериоризациялық, қалыптасқап, адекватты тандау мен адекватты синтез. **Т.И.** Ботин «адамды тілді қолданушы ретінде» тілдік тұлғаны түсіндіре келе, оның сойлеу әрекет қабілеттігін **ескере отырып**, индивидтердің психофизикалық қасиеттерін кешенді түрде сипаттайды [1].

Ал, С.А.Сухих тілдік тұлғаны: тілді меңгеру деңгейі, тілдік қарым-қатынас әдістерін меңгеруді жүзеге асыру деңгейі, қарым-қатынас орнату деңгейі, дүниені тану деңгейі (тезаурус) сияқты күрделі, көпдеңгейлі функционалды жүйе ретінде сипаттай келе, дискурс құртымында аталған қасиеттері тікелей бейнеленетіні айтады. Бұл қасиеттердің әксионенті (сыртқа шығару), суб- станционалды (ішкі матына) және интенционалды (мақсатты) аспектілерін көрсетеді. С.А.Сухихтің айтуы бойынша, тілдік тұлға ең алдымен тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолданытын, вербалды мінез-құлық ереішеліктерінің жиынтығы болып табылады [2, 87 б.].

Сондай-ақ, тілдік тұлғаны В.Н. Карасик белгілі бір тілдеті лексикалық қорды иеленуші, ұлттық мәдени прототип тасымалдаушысы, өзінше бір фоторобот, әрі дүниетаным мақсатында, құндылық басымды- **лықтары** және мінез-құлық әрекет негізінде сөздігі бекітілген адам ретінде сипаттайды [3, 2-7 бб.]. Яғни, **аталған** жағдайда тілдік тұлға - сөздік тұлға ретінде қарастырылады. Ал, С.Т. Воркачев тұлға санатында этносемантикалық тұлғаны бөлім алады [4, 71 б.]. Сонымен, талымдар тілдік тұлғаның ең басты үш белгісін атап көрсетеді;

- 1) **вербалды-семантикалық** - қалыптасқан табиғи тілді қарапайым сипатта қолданушы;
- 2) **когнитивтік** - тілдік иерархияны концептуалдық-дүние'танымдық сипатта жүйелі түрде іске асырушы;
- 3) **прагматикалық** - тілді белгілі бір себепке сәйкес арнайы мақсатпен қолданушы.

Аталған деңгейлерге И.П. Сусов формальді-семантикалық, когнитивтік-интерпретациялық, әлеуметтік-интерпретациялық деңгейлер деп басқаша терминологиялық түсінік береді. Яғни, тілдік тұлғаны лексикалық тезаурустық (тақырыптық сездік) және прагматикалық талдаулар тілдің нақтылығы мен коммуниканттың оларды қолдануындағы шығармашылық әрекетін береді деген пікір айтады [5, 15 б.]. Қ.Есенова қоршаған әлемді қабылдай отырып тілдік тұлға сол әлемнің бөлшегі деген тұжырымы а келеді: «Қоршатын әлемді қабылдау - когнитивтік процесс болғандықтан, қабылданатын түрлі құбылыстар туындататын когнитивтік интерпретациялар белгілі бір дәрежеде адамның іс-әрекет ететін саласының

ерекшелігін көрсетеді. Адам, ең алдымен, екі жүйені қабылдайды:

- 1) ғалам (дүние) немесе универсум;
- 2) он бір бөлшегі болып табылатын социум» [6, 31 б.].

Қолданыс барысында тілімізде «...мәдениет, ұлтшқ менталитет' кундылықтарының туп нетічі тіл қасиетінде көрІніс табады. Тілдің күдіретімен бейнеленіліп, шынайылықты танытады. Осы тұрғыда әр халық тілінде өзі жасаған жоне табиғат дарытқан ұлттық, мәдеиеттің Ізі бар деуте болады» [7. 43 о.]. Ятнн, тілдік т.ұлға қандай да бір улттық тіл ортасынан қайнап шыққан, ұлттық құндылықтармен қару- лантан, ұлттық болмыс пен улттық рухты түтелдей өз бойына жинақтай алған жеке адам.

Тілдік тулға өзіндік биік тілдік талғам дережесінде қарым-қаты насқа түседі. Осыған байланысты тағы бір коммуникативтік аспектінің тілдік тұлға болмысын қарастыруға тура келеді. Бұл - коммуника- тивтік тұлға.

Жалпы коммуникативтік тұлға сөйлесу қатынасына қатысушы тілдік тұлға түсінгі неі ізінде қалыпта- сады. Одам әрі тілдік тұлғаның қандай сөйлеу қатынасында орын алуына байланысты. Егер сөйлесу қатынасы хабарлау және қабылдау немесе кодтау және декодтау үдерісі арқылы өзара хабар аламасу түрінде келсе, онда тілдік тұлғатүсінігі коммуникацияда елеулі мәнге ие бола алмайды.

Тілдік тұлға әлсуметтік вербалды қарым-қатынас түрінде қатысымға түседі. Мұндай жатдайда ком- муникативтік тұлға:

- 1) Қатысым барысында әвристикалық мүмкіндіктерді пайдаланатын тұлғалық категория түріше ғана емес, әрекет етуші түріндегі тілдік тұлға құрамының бейнеленуі;
- 2) екі жақты қатысым барысында тұлғалық пікірдің болуы, яғни әвристикалық мүмкіндіктерді қолда- іту барысында «адресат фаісторын» қолдану түрінде көрінеді.

В.Н. Карасик адамдардың сөйлеуі барысында мынадай бес аспектіні бөліп көрсетуіне болады дейді:

- 1) тілдік қабілеттілігі, яғни сөйлеу қарым-қатынасын орната алуы (бұған адамның психикалық және сОматикалық ерекшелігін жатқызуға болады);
- 2) коммуникативтілік қажеттілік. яғни адресаттылық, қатысыла а қатысушыларға ойын бағыттай алуы;
- 3) коммуникативтілік күзіреттілік;
- 4) тілдік сана, ішкі құбылысТың беленді түрдегі вербалды көрінісі;
- 5) сөйлеу мінез-құлқы, адамның өмірлік бейнесі мен мінезін көрсететін саналы түрдегі жүйелі әре- кеті [3, 36 б.].

Тілдік қабілеттілік пен коммуникативті қажеттілік тілді меңгеру мен қарым-қатынасты жүзете асыру- дың алты шарттары болып табылса, коммуникативті қуиреттілік - тілдік сана барысындағы қатынас құралдарын тандап алудың алғы шарты болып табылады. Бұлар жеке адамның, яғни тұлғаның айтқан немесе жазған мйтінінде жүзете асу арқылы көрінеді.

Сонымен қатар, коммуникативтік тұлғаны В.В. Красных тұлғалық фонемен түрінде былай сипаттап береді:

с 'ошеуші ада и - сөйлеу әрекетін жүзете асырушы тұлға;

Тілдік тулға - сөйлеу барысындағы белгілі бір білім мен ұтым жиынтығына ие тұлға;

Соii-іеу тучтасы - қатынас барысында өзіндік қарым-қатынас ұстапымын қолдана білстін, тілдік құралдарды (өзіндік лнптивистикалық, зс іролнтивистикалық) тандап, қолданаттын тұлға;

Қаш-іуникативтік ту.ш - нақты бір жүзете асыл жатқан коммуникативтік актіге қатысушы [8, і 51 б.].

Бұл сипаттаулардағы сөйлеуші тұлға мен коммуникативтік тұлға аражігін белу дұрыс емес, әйткені сөйлеуші адам өзінің ұстанымы меп қозқарасын нақты бір қатысымға түсу арқылы білдірушітұлға.

Қорыта келгенде, қатысым барысындағы тілдік тұлғаны қарастыруда коммуникативтік тұлғаның болмысын анықтауға тура келеді. Ол қатысым үдерісінің толық мәнін ашуға көмкетеседі. Қатысымдық тұлға - коммуникативтік қажеттілігі, тапымдық өрісі, тожірибесі жинақталған, коммуникативтік күзі- реітілікті еркін меңгерген, қатысым кодтарын (лексика-семантикалық, грамматикалық, коммуникатив- тік) пайдаланып, жатдаятқа байланысты ақпаратты жеткізіп және қабылдап алуылы. Коммуникативтік тұлғаның ақпаратты жинақтап, жеткізу өлшемін мынадай түрлерге белуге болады: уәжділік, таным- ДЫҚ.

Уәжділік - қатысым процесінің жүзете асуына түрлі кі болатын қажеттіліктің нәтижесінде тілдік бірліктердің ақпаратты жинақтауы.

Абай атындизы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

Танымдық — тілдік бірліктер құрамында интеллектуалдық, эмоционалдық, мәдениеттанымдық ақпараттардың жинақталуы.

Бұл өлшемдер тұлғаның қатысымдылық құзыретін көрсетеді. Тұлға хабарлау мақсатында қатысымдық бірліктерді қолдану арқылы экспрессивті және прагматикалық коммуникация функциясын жүзеге асырады және қатысым жағдаятының өзгеруіне байланысты қатысымдық бірліктерді түрлендіреді алады. Ол қатысым барысында тілдік кодтар мен сөйлеу этикеті нормаларын интерпретациялайды.

Жалпы алғанда, бастауыш бола алмайтын сөз жоқ, Белгілі жағдайда субстантивтеніп қолданылған кез келген сөз бастауыштық қызметте жұмсала беретіні белгілі. Мысалы, -мақ, -мек жұрнағы «Бас болмақ оңай, бастамақ қиын», «Санамаң» - балалар ойыны» деген сөйлемдерде сөз атау септігінде тұрып, бастауыш қызметін атқарып тұр.

Сондай-ақ, бұл тұлғаның заттың қимылдық сапасын шрсетіп, зат есіммен немесе заттық ұғымда жұмсалған басқа да сөз таттарынан болған мүшелермен байланысып анықтауыш қызметінде жұмсалатыны байқалды: 1. Жүрер шақта уй іші, бала шатата оңашарақ айтпақ сөзін Қунанбайі осы бойшеде, осы устел басында айтармын деп еОі. /М.Әуезов/. 2. Білмек талабыңыз жақсы екен. /М.Әуезов/. 3. Жеңтесіне қапатады дәрітерте қаратпақ ойы бар екенін жеткізді. /Т.Нұрмағамбетов/. Зат есімдерден басқа, субстантивтенген сын есім, сан есім, етістіктер де ілік жалтауында тұрып, анықтауыш бола алады. Ал төмендегі сөйлемде -мақ,-мек аффикстері ілік септігінде жұмсалған: Ашақтың да, саяматы бар. /Мақал/.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің бірі - пысықтауыш, ол да анықтауыш сияқты, басқа сөздің ерекше белгілерін білдіру үшін жұмсалатын бағыныңқы мүше. Детенмен ол екеуінің елеулі айырмашылықтары бар: анықтауыш заттық ұғымы бар сөздердің - зат есімдердің, субстантивтенген басқа сөздердің әр алуан сапасын, меншіктілік-тәндік қатынасын білдіру үшін жұмсалса, пысықтауыш заттың қимылдық сапасын, белгісін, қандай талапқа лайық істелетінін білдіреді.

-мақ, -мек тултасы іс-әрекеттің мақсатын білдіріп көбінесе мақсат пысықтауыштың қызметін атқарады. Бұл жағдайда, көбінесе, осы тұлғадан кейін үшін шылауы немесе бол көмекші етістігі тіркесіп қолданылады. Мысалы:

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жоң барды, ертені термек үшін,

Көкіреті сезімді, тілі орамды Жаздым ұлті жастарта, бермек үшін. /Абай/

Жеңте де шай әзірлемек боп тысқа шықты. /М.Әуезов/. 3. Ішінде не жазылтанын білмек боп қатазды Акбәтте ұсынды. /М.Дүзенов/ 4. Жубан алташында қаймықтырмақ болып жекіріп те көртен. /Ә.Сараев/. Ал егер бұл тұлға болкомекші етістігімен тіркесіп, құрмалас сөйлем құрамында жұмсалса, батыныңқы сөйлемнің баяндауышы болады. Мысалы: 1. Келін иыратым, - деп қажетсіз әңгіменің алдын апмақ болып еді, бірақ Бариын айтарын айтып салды. /Ә.Сараев/ 2. Сен арзамен қутылмаңсың юй, бірақ, жаным. Мен оңайта түсе қоймаймын./Т.Иманбеков/. Етістіктердің сөйлемдегі негізгі қызметі - баяндауыш болуы. Олардың баяндауыш болуы қабілеті өте күшті. Сондықтан қазақ тілі сөйлемдері баяндауыштарының дені - етістікті баяндауыштар. -мақ, -мек тултасы да қимылдық мақсат. ниет, тілек, болжам, жорамал және мезгіл мәядерін білдіре отырып, негізінен, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады.

1. Нитматов ХТ. *Функциональная морфология тюркоязычных памятников XI-XII вв.* Ташкент, 1989. -191 с.
2. Курьшижанов А. *Язык старокыпчакских письменных памятников XHI-XIV вв.* -Алматы, 1972. -344 с.
3. Баскаков Н.А. *Историко-типологическая морфология тюркских языков.* -М., 1979. -275 с.
4. Серебренников Б.А. , Таджиева Н.З. *Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков.* - Баку, 1979. -304 с.
5. Кононов АН. *Тюркские этимологии: Ученые записи.* -Ленинград, 1954. -280 с,
6. Мелиоранский П.М. *Краткая грамматика казах-киргизского языка.* -Ч. I. Фонетика и этимология СПб., 1894. -72 с. -Ч. II. Синтаксис. -1897. -92 с.
7. Аманжолов С. *Қазақ тілінің грамматикасы. -I бөлім. Морфология.* -Алматы, 1939. -98 б.
8. Кеңесбаев С., Жиенбаев С. *Қазақ тілі грамматикасы. -I бөлім. Фонетика мен морфология.* - Алматы. 1945 - 192 б.
9. Ицанов К. *Повелительное и желательное наклонение в современном казахском языке. Автореф. Канд. Дисс.* -Алма-Ата, 1963. -30 с.
10. Ысқақов. *Қазірғы қазақ тілі.* - Алматы, 1991. -383 б.
11. Балақаев М., Сайранбаев Т. *Қазіргі қазақ тілі.* -Алматы, 1997. -240 б.

Резюме

В статье рассматриваются семантические и синтаксические функции аффиксов *-мац*, *-мек*.

Summary

In article semantic and syntactic functions of affixes *-mac*, *-mek* are considered.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТҰРМЫС САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОРТАҚ ҚАЗАҚЫ СӨЗ ӨРНЕКТЕРІ

Р.С. Чойкиева - ҚазҰПУ Роман-герман тілдері кафедрасының аға оқытушысы,
Л.К. Кабылбекова - 2курс ҚазҰПУ аударма ісі магистранты

Қазақстан қарым-қатынаста ортақ қолданылатын азды көпті кездесетін солардың бірі мақал- мәтелдер.

Паремиялардың бір тобы түркі мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықты халықтың этникалық және тілдік туыстығы ретінде түсіндіреді. Ал екінші топ - шаруашылық, мәдени қарым-қатынаста негізінде пайда болған десе, үшіншілері - тәжірибенің ортақтығымен және қотамдық дамудың бірдей сатысында рухани бірліктің нәтижесі деп ұтындырады. [1,18]

Академик Ә.Қайдар түркі халықтарына тән ортақ мақал-мәтелдердің екі түрлі арна бойынша қалыптасқандығын айтады. Оның бір арнасы түркі халықтарының тенеологиялық шыту теті мен тарихына, дүниетанымы, сезім, қабілетіне, өмір сүрген ортасы мен тіршілік-кәсібіне, тілінің жақындығына байланысты қалыптасқан ортақ халық даналығы болса, екінші арнасына тасырлар бойы жіті араласу, өзара стәне сіңісу нәтижесінде жүзеге асқан рухани ауыс-түйістер жататындығын және әрбір түркі тілде халық түркі өлеміне ортақ даналығын да, өзіне ғана тән даналық ұйтқысы мақал-мәтелдерді де өз тілінің ерекшелігіне сәйкес қалыптастырып, баршасын болмаса да, көпшілігін бірдей түсініп, өз тілінде, өйтіліп келетіндігін атап өтеді [2,98].

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерге ұқсас немесе ортақ мақал-мәтелдер өзте халық әдеби мұрасында көптеп кездеседі, себебі олардың шаруашылық жатдайы, тұрмыс-тіршілігі өзара ұқсастығы басым. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің ортақтығы әсіресе өзбек, қарақалпақ, түрік тілдерінде срекше байқалады. Мұның себебі, біріншіден, территориялық жатынан көршілестігі болса, екіншіден, тілдердің туыстығы өз ықпалын титізіп отыр, үшіншіден, олардың шаруашылық жатдайы, тұрмыс- тіршілігіндегі ұқсастықтардың басым батыт алуы.

1. Қазақ-ұйғыр халықтарына ортақ тұрмыстық мақал-мәтелдер.

Кез келген тілді этнолингвистикалық және этномәдени тұрғыдан зерттеу - белгілі бір халыққа тән ерекшеліктерді жан-жақты қарастырады. Ал әр халықтың өзіндік өзгешелігін танытатын тарихы, өмір сүру ортасы, дүниені тану қозғарасы мен наным-сенімі, әдет-тұрпы, салт-санасы сол халықтың тіліндегі

тілдік бірлігінде, оның ішінде мақал мен мәтелдерінде ізіп қалдырады. Мәселен, қазақ, тіліңде:

*Асың ойнатан тар,
Доп ойнатан тозар,
Бәрінен де қой батыт ...жетен озар
Барымтачап алтан мал емес,
Құят ытан - құн емес.*

Бірінші мақалды қарағанда, қазақ халқының ежелгі шаруашылығы мал бағу болғандықтан, балалардың күні ұзақ асық ойнап, доп теуіп өткізетінін қаламайды. Керісінше, пайдалы іс - қой бағын, таматын тауып жетенді мақұл көреді. Соны бүкіл жас ұршаққа уағыздай отырып, уақытты тиімді де пайдалы іске жұмсандар дегенді ашады.

Келесі мақал қазақ даласына кең тараған «барымташылықтан» хабар беріп тұр. Алайда бұл әрекеттің дұрыс қылық еместігін, барымтамен алтан малдың иесіне мал болып жарытпайтындығын, біреуді шырылдатып жүріп, құн алғандық та нағыз құн болып есептелмейтінін 'тура мағынада түсіндіріп тұр. Бұл мақалмен танысқан адам қазақ жұртының сайын даласында ежелден қалыптасқан «барымтадан», «құн дауынан» дерек алары анық. Міне, талданған мақалдардың қай-қайсысын алмайық, бірі құн көріс әрекетінен, келесі бірі ел ішіндеті ұрылардың айналысқан ісіне хабардар етеді. Яғни бүкіл этностың мәдениетін, салт-санасын таныстырып тұр.

Ұйғыр халқы да мақал-мәтелдерге бай. Бірнешеуін мысалға келтірейік;
Һүнири бар қол өлмәс Тазта пітаң бәрсәң, йелим тіләйду

Алташқы мақал қолонер кәсібіне арналған. Ұйғыр халқы ерте заманан бері қолонер кәсібін жетік ментеріп, тоқымашылық, зергерлік, стікшілік, ұсталық кәсіпті жақсы дамытқан. Қалың бұқара ішінде ежелден «он саусағынан опер тамған» адамдар өте қадірлі болғатты. Халық арасында үлкен беделге, сый-құрметке ие жандар болған. Сопдықтан болар, *өяерлі адам ешқатманда өшейді* деген дапа сөз қалыптасқан.

Жиде ағаштарынан, әдетте, сұйықтық алынады. Бұл ағаштың сұйықтылығын алып, оны кептіріп, қабырып алпш соң жыл бойы керек кезінде жібітіп, шашқа жатады. Мұны ел ішінде «желім» деп атайды. Ұйғыр қыз-келіншектерінің шаштарына жағатын бұл желімінің қасиеті - шашты табиғи азықтандырады, шашың ағару, тұсу және оған қайызтақ і үсірмсу, сондай-ақ шаштың тозып кету құбылыстарының алдын алады. Батзы замандарда бұл сұйықтық қазіргі дәуірдегі лак, тельдің қызметін атқарған. Құн бүтінде дейін шашы ұзын қыз-келіншектер бұл затты әлі қолданады. Осыған орай ел аузында мысқыл, әжуа ретінде айтылған *«Тазта піпараң берсең, шашына желім тілейді»* деген нақыл пайда болған.

Қарап отырғандар, аз т ана созте не болмаса бір,біре сөйлемте қаншама дерек сыйыстырылған. Аз сөзбен көп жайды аңғартатын қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдері бүкіл екі этностың болмысын қоз алдыға елестете алады екеи. Демек, қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің этномәдени сипаты олардың әрбір мақап- мәтелдердің бойынан көрініс табады деп нық айтуға болады.

Әр ұлт қауымында сан килы татамдарының барлығы, яғни оздері үнемі дайындап қолданып астардың *цпттғың татамдары* ден аталатыны белгілі. Осы ұлттық тағамдардың жасалуы технотилсы мен сан алуан табиғатын білдіретін, оларға қатысты неше түрлі ұғымдарды сипаттайтын мындаған атаулар мен жүздетен тұрақты тіркестердің қатарында ММ-дердің баршасы тілдің ежелгі де байырты және құнарлы қорына сніп, ұлттық менталитеттіі; тілдеті бейнелі бір көрінісі болып септеледі, Яғни олар екі тілде де мотивтік мәні ұқсас, бір-біріге жақы оолып келеді.

Ас иесімен тәтті, табатымен сәиді (қазақша)
Аш итиси биән татлтіқ (ұйғырша)
Жсіқсы ас қалтатиа, жаман қарын жарылсын (қазақша)
Йахиш аш ешип қалтуә, йаман қосақ йервишп кәтсун (ұйғырша)

Қазақ және ұйғыр халықтары - қонақ күтіп, тамақ әзірлеуге алдына жап салмайтын халық. Сондықтан болар кімге болсын тамақ бергенде жанында ұй иесі қоса отырушы шарт. Онсыз астың дәмі де кірмейді. Яғни асты алдында қойып, ұй иесі кетіп қалса, келген қонаты «мен жақтырмай отыр ма» деп ойлары әбден мүмкін. Сондықтан ас берген ұй иелері дәммен қоса отырып, қонақты сыйлау, құту дәстүрі –

қазақ, ұйғыр халықтарында ежелден келе жатқан дәстүр.

Ас піспестің қазаны оттан түспес (қазақша)

Еши пишмасниң қазини оттин чушмәк (ұйғырша)

Аташын тату болса - ат көп, Абысын тату болса - ас көп (қазақша)

Атинә инақ болса - ат тола, Итияә-сиңил ипак, болса - аш тола (ұйғырша)

Жаңсы ас қапташиш, жаман қарын жарылсын (қазақша)

Йахиш аш ешт қалтүә, йаман қосак, йершиш кәтсун (ұйғырша) мақалы тамақты, отан қаншалықты еңбек сіңіреді дегенді бағалау мақсатында қалыптаса керек. Шыны- мен де, ас даярлау оңай жұмыс емес. Етер тағам тәтті болса төтіліп, ысырап болмау үшін айтылған нақыл сөз. Бұның астарында қос халықтың жастардың асты қадірлеуге, босқа төгіп-шашпаута, ананын не болса ас дайындаушы адамның еңбегін бағалауға деген тәрбиесі жатыр.

2. Татар халқының қазақ халқына ұқсас мақал-мәтелдері

Ең алдымен уйі сачудан бұрын - көршіңді зерттеп, қара.

Араның шишусыә - бал болмайды.

Табынишысыз - жаңылар табын құрмайды.

Біреудің қазанына - ши пісірсе алмайсың

Кішіні қайытына отырсаң - сотан қарай тартылып икемделесің.

Жар жолдан найту да ержуректік.

Бар жалтызаяқ жопмен келе жатқан қасқырлар, бірі-бірі жемейді

Ақшақ: «Жеңеміз!» десе, дана: «Жол берелік дейді.

Қотшы көп болса, қойлар қыршады.

3. Орыс халқының қазақ халқына ұқсас мақал-мәтелдері

Найзаның орына ұрыста.

Саһытас ашқа үйі жептес.

Еркелеткенді ит те сезер.

Көрметен жері-кең бейіш.

Бір к\и бұрын ексең,

Бір апта бұрын орасың.

Білімнен асар байлық жоқ.

Досыңды ұш сынама,

Ұш жыл сыша.

4. Өзбек халқының қазақ халқына ұқсас мақал-мәтелдері

Мысалы мына мақал-мәтелдер өзбек, қазақ халықтарына ортақ. Мысалы: Өзбек тілінде «Кстмоннинг бошини босаыит,сопи бошинта титади» - Ал қазақ тілінде: «Кетпеннің басын бассаң, сабы маңдайына тиер»; Өзбек тілінде: «Синқо» сифмас инита, ғалвир боғлар думита» - Ал қазақ тілінде: «Тышқан ініне кіре алмаса, құйырытына қалжуыр байлар»

Бір тал кеесең.

Он тал ек.

Наданта цор болтан еси сөзьм,

Өлікке жы патан есіл көзім.

5. Түрік халқының қазақ халқына ұқсас мақал-мәтелдері

Түрік төркіндестіті, тектестіті, түркі тілдес ұлыстардың есі жоқ ескі замандардан бері бірте жасап, біте қайнасуы, керші тұруы; олардың тұрмыс салтындаты, рухати мәдениетіндеті, дүниетанымы мен ойлау, бейнелеу қабілетіндеті ұқсастық, сәйкестік; бір тілде пайда болған мақал-мәтелдерді көршілес тілдің өзіне ыштайластыра қабылдауы немесе дайын үлгі бойынша жасап алуы, сондай-ақ, ойлау жүйесі, адам баласына ортақтығы түрік халықтарының мақал-мәтелдерінен де ұқсастық табуымыз заңдылық. Мәсе- лен: Balık bastan kokat (Балық басынан шіриді). Anasina bak kizini al kcnariina bak bezini al. аудармасы: (Анасына қарап қызын ал, олкесіне қарап матасын ал). Әдетте тіліміздеті мақал-мәтелдердің құрамын озтерту келе бермейді. Бірақ әр халықтаты мақал-мәтелдердің әр аймақіа лексикалық ерекше- ліктерте ұшырап айтылуын кездестіруге болады. Бұтан осы мақал мысал бола алады. Ал қазақ тілінде «Анасына қарап қызын ал, аятына қарап асын іш» деген нұсқасын кездестіруге болады. Қазақтілінде «Дұшпан аяққа қарайды» Bugunku isin

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология тылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

уағина **birakxna**. Бүгінгі жұмысты ертенге қалдырма. **Agiamnyan cocuga шеніе vermezler**. Жыламаған балаға емшек жоқ.

Ал енді сөз өрнектері екі халықтың ғасырлар бойы жігі араласуы, езара етене сіңісуі нәтижесінде жүзеге асқан рухани ауыс-түйістер нәтижесінде тутан немесе ски тілде қалыптасқан сөз өрнектері өздерінше дамығанын қоруте болады: Түрік тіліндегі «Vakit nakittir» (Уақыт - ақша) мақалы орыс халқындағы «Время - деньги», түрік тіліндегі «Ак аксе кара gun icin» (ақ ақша кара күн үшін) яғни татқан ақшаны бірден жарату дұрыс емес. Бір күні ақша табуға күш пен мүмкіншілік тұмайту кара күнде келер, сондықтан, ақиқаты бетімен жаратпай кара күн үшін сақтап, ештеп жарату қажет деген ой беретін даналық сөзі орыстарта «на черный день» деген сөзімен ұқсас келеді.

Кез-келген халықтың ойлау ерекшелігі оны ұлттық тілінде көрініс табады. Туыс емес тілдерде де жасалу жолдары мен мағына жатынан бір-бірімен ұқсас немесе дәлме-дәл келетін сөздер тіркестерін мақал-мәтелдерден байқауға болады. Мысалы:

Атылшын тілінде	Орыс тілінде	Қазақ тілінде
Better late than never	Лучше поздно, чем никогда	Ештен кеш жақсы
East or West, home is best	В тостях хорошо, а дома лучше	Оз үйім елең төсетім
Where there is life there is a hope	Где жизнь, там и надежда	Ом ір бар жерде үміт бар
To kill two birds with one stone	Убить двух зайцев одним выстрелом	Екі қоянды бір оқпен ату
Second thoughts are best	Семь раз отмерь, один раз отрежь	Жеті рет өлшеп, бір рет кес

Қорыта айтқанда орыс халықтың әдеби бай мұрасы сөз орнелі болып табылатын перішіе сөз. пері теңеу, пайтамбар ойдың жиынтығы - мақал-мәтелдерде құрылымдық, сөзбе-сөз сойкестіктен бастап, логика- лыц ой, дүние таным мен бейнелеу тәсілдері де ортақтық байқалады.

1. Ұрімова Р.К. «Қазақ тілінің аймақтық мақал-мәтелдерімен фразеологизмдерінің этиологиялық сипаты» Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2009. - 18 бет

2. Қайдар Ә.Халық даналығы. - Алматы: Тотанай Т, 2004. - 506 б.

3. Сарасова Т.А. «Қазақ және түрік тілдеріндегі халықтың ошем атауларының этнолингвистикалық сипаты» Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2009. - 13 бет

4. Омер Асим Аксой. Alasozleri ve deyimler sozhtgu. 1 Atasozleri sozlugu Inkilap. - Istanbul, 1988

5. Rusca-turkce - Rusca sozluk. Kapadokyayayincilik. -Ankara: Hazırlayan Mustafa Yasar, 2008.

Резюме

В данной статье рассматривается употребление пословиц и поговорок в сфере быта

Summary

This article considers the usage of proverbs and sayings in every day life.

МӘДЕНИЕТТАНЫМНЫҢ ТЕРМИН СӨЗДЕР ЖАСАУДАҒЫ РӨЛІ

А.С. Кушкимбаева - филология матиcтpанты, Ақтoбе мемлекеттік педагогикалық институты

Тілді, тілдік бірліктерді адами факторлармен, адами құндылықтармен бірлікте қарастыру қазіргі тіл білімінің алға тартып отырған басты бағыттарының бірі. Бүгінгі күні адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесі ғылыми еңбектерде жиі көтерілуде. Осындай зерттеу жұмыстарында ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени деректерге көп көңіл бөлініп, тіл тек ұлтаралық (формалық) жағынан ғана емес, сонымен қатар ол мағыналық, ұғымдық, мәдени-концептілік тұрғыдан жиі қарастырылып, талданатын болды. Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады.

Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады, себебі бұл тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады. Тіл бірліктерін «этнос (адам) - тіл - мәдениет» үштігіне сүйеніп зерттеу үрдісі тіл білімінің этнолингвистика, тіл арқылы ел тану, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттарына жол ашты. Аталған бағыттардың негізінде адамның тілі мен мәдениетінің өзара байланысы мәселесі жатыр. Тіл мен халықтың, оның мәдениетінің арасындағы тікелей байланыс халықтың рухынан, тілінен көрініс табады. Олай болса, тілді зерттегенде оны сол халықтың рухани байлығымен, мәдениетімен байланыстыра зерттеу қажет.

Отандық ғалымдар М.М. Копыленко, Ә.Қайдар, Е.П. Жанпейісов этнолингвистиканың теориялық мәселелерін қарастырып, мақсат мүддесін, зерттеу нысанын, әдіс-тәсілдерін айқындап берді. «Бай тіл қазынасын этнос болмысы тұрғысынан толық меңгеріп, оның бейне бір тұңғыш теңіздей терең мағына-мазмұнына бойлап еніп, оны игеріп танып-білу жүйелей түсіп жан-жақты зерттеу этнолингвистиканың мақсаты» деп түсініктеме береді Ә.Қайдар өзінің «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» атты еңбегінде [4]. Тілді этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің өкшесін баса өз бастауын алған жаңа бағыттардың бірі - тіл арқылы ел тану. Терминология саласында да бұл бағыттың алар орны ерекше, өйткені әр тілдегі терминдерде үлкен мазмұн - халық өмірі, мәдениеті бар. Терминдер мағынасындағы елтану потенциясының пайда болу принциптері тіл арқылы елтану бағытының еншісі болып табылады. Тіл арқылы елтану теориясының пайда болып дамуы терминология саласын жаңа қырынан, яғни терминдерді кез келген халықтың ұлттық мәдени дамуының айнасы ретінде қарастыруға мол мүмкіндік береді.

Тіл мен мәдениет арақатынасын зерттейтін тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі - лингвомәдениеттану. Лингвомәдениеттану - қазіргі тіл білімінде кеңінен қолданыс тауып келе жатқан антропоцентристік бағытпен, яғни сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, тілдің функционалды қолданыс табатын әлеуметтік орта, тарих, мәдениет пен танымдық процестермен байланыстыра зерттеу үрдісінің нәтижесі болып табылатын тіл мен мәдениеттің өзара байланыс тетіктері мен жалпы ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейді.

Лингвомәдениеттану ғышымының алғышарттары В.фон Гумбольдтың тіл мен мәдениеттің өзара байланысы идеясы және Ә.Сепир мен Б.Уорфтың «тілдік ықпалдық болжамымен» ұштасып жатыр. Бұл ғылымның мақсаты тілдік бірліктің шығу тегін айқындау емес, әр түрлі тілдік бірліктерге (фразеологизмдерге) түсініктеме бере отырып, оның пайда болу шарттары мен жағдаяттарын анықтау болып табылады. Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, қатынасын қазіргі заманның ұлттық мәдени сана сезімі тұрғысынан қарастырады және оның тілдегі көрінісін сипаттайды.

Мәдениет - халық дамуындағы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын ұлттық құндылықтар жиынтығы. Әр ұлттың ана тілінде оның бүкіл өмірі, тарихы, тыныс-тіршілігі, жан дүниесі, яғни, мәдениеті көрініс табады. Тіл мен мәдениет-қоғам дамуының әлеуметтік бағыты. Тілдің әлеуметтік манызы тіл мен мәдениетті, тіл мен қоғамды бірге алып **Қарағанда** ғана ашылады. Адамның жан **дүниесі** мен болмысының, мәдениетінің қалыптасуына үлкен үлес қосатын халықтың баға жетпес байлығы — оның тілі. тіл - мәде-

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.
ниеттің көзі, ұлт өмірінің айнасы. Тіл мәдениеттен тыс өмір сүрмейді, себебі ол мәдениеттің бір көрінісі. Ал, кез келген мәдениеттің түрлері, атаулары тіл арқылы бейнеленіп, тілдің кумулятивтік қызметі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіледі.

Сонымен, тіл - халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, қадір тұтатын заттары мен құндылықтар дүниесінің, қоршаған ортаның т.б. өмір сүру үлгілерінен хабардар ететін құрал. Мәдениет - адамның тілде көрініс табатын бүкіл рухани өмірі, тәжірибесі. Қазақ тіл білімінде әсіресе соңғы жылдары көбірек көңіл бөліне бастаған осы антропоцентристік бағыттың зерттеулердің нәтижесі этностың байырғы тұрмыс- тіршілігінің, қазіргі болмысы мен өткендегі өмір сүру тәжірибесінің, күнкөріс мәдениетінің, өзіндік ежелгі заттық және рухани құндылықтарының түрлі тілдік көріністері тек лексика мен фразеологияда ғана емес, ономазиологияда да, фоносемантика мен перифразалық құбылыстарда, терминологияда да көрінетінін дәлелдеп отыр. Сөздің ұлттық мәдениетпен байланысты семантикасы *СӨЗ мағынасындағы мәдени компонент* деп аталады. Тілдегі сөздер әлеуметтік құбылыс ретінде қоғам өмірінің белгісін, оның материалдық және рухани мәдениетінің таңбасын сақтайды. Міне сондықтан да осы «мәдени мағына» сөз мағынасының айтарлықтай қомақты бір бөлігін құрайды. Мәдени мағынаның сөздіктерде айқын, ашық және жеткілікті дәрежеде ашылуы өзге тілді оқырмандардың тілді жақсы меңгеруіне мүмкіндік тудырады.

Жалпы қолданыстағы сөз термин қатарына өткенде өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айырылып, мүлде жаңа ұғымды беруі мүмкін. Мысалы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті ұсынған терминдер: **Нысаналы - целенаправленный**, [1.180-6] бұл сөзге түсіндірме сөздікте нысанаға алынған, көзделген, белгіленген деген анықтама берілген [2.620-6]. *І қарашаға 2010 жылғы жағдай бойынша республикалық бюджеттен бөлінген және республикалық бюджеттің трансферттері есебінен жүзеге асырылатын нысанның ағымды трансферттерді, дамытуға және кредиттерте арналған нысаналы трансферттерді жүзеге асыру мониторингі нәтижелері туралы аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджетті асыру жөніндегі уәкілетті ортаның есебі.* Ал **сыбаға-сөзін** сыйлы адамға арнайы сақталған соғым еті екенін білеміз, ауыспалы мағынасы - ер адамның өзіне лайық қадірменді еншісі, үлесі [2.754-6] ал **бұл** сөз әскери салада сыбаға сөзін паек деп қолданады [1.180-6]. Ақпараттық технологияларда көне сөздер термин ретінде кеңінен қолданылады: ен - **ярлык** [1.180-6], II.малдың құлағына тілініп, ойылып салатын белгі. Ен алды [такты]- белгі жасады, таңбалады, атады. [2.226-6] Сондай-ақ медицина саласындағы сәтті аударылған терминдерге мысал келтірейік: **тамшыыр - пипетка** [1.182-6]. Түсіндірме сөздікте дәрі тамызатын шыны түтікше [2.780-6] деген, тамшы сұйық заттың ең кішкене бөлігі болса, неге шынымен де солай аталмасқа. **Салық.** Жеке адамдар мен кәсіпорындардан міндетті түрде алынатын мемлекеттік алым. Бұл сөз сонау ертеректе түрік қағанатының үстемдік етіп тұрған кезінде **орыс** мемлекетінің салық төлеп тұрған кезінде қолданылған, одан соң патша үкіметіне старшындар қазақ даласынан салық жинаған, бұл туралы әсіресе, Исатай Махамбет көтерілісінен білеміз, **ал** кейін Кеңес өкіметі тұсында бұл сөз **налот** болып қолданылып жүрді де, тәуелсіздік алғаннан кейін салық сөзін терминком қайта бекітті. **Борышқор-должник, біреуге берешек, қарыздар. Қарыз** - (борышқа ақша алу, мұнда бір тарап (қарыз беруші) екінші тарапқа (қарыз алушыға) меншіктену үшін ақша береді, ал қарызгер оны уағдаласылған шарттар негізінде қайтаруға міндеттенеді) заем. Кепіл парақтар (ипотекалық несие ұйымдарының кепілге салынған жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген борышқорлық міндеттемелері) - закладные листы. **Кепіл** - депел, айтақ. қуә. растаушы. **Кепілхат** (міндеттемелердің орындалуы жылжымайтын мүлік кепілмен қамтамасыз етілетіні жөніндегі төлем кепілдігі) - **закладная** [1.206-6]. Сондай-ақ жалпы қолданыстағы *ақау* сөзі заттың бойындағы аздап бүлінген, бузылған, шытынаған жері және денсаулыққа түскен кінәрат, зақым деген мағыналарды білдірсе, техника саласында **дефект** деген мағынаны білдіреді.

Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуіне көп ретте тілде бұрыннан бар ұғым мен терминологиядағы терминделуші ұғымның қандай да бір ұқсастықтары себепкер болып табылады.

Келтірілген мысалдардағы ұғымдар сыртқы формаларының ұқсастықтары негізінде терминденген. Сондай-ақ **Атырау** сөзі өзеннің көлге, теңізге құяр сағасы, топография саласында **дельта** деген терминнің аудармасы ретінде бекітілген. Биология саласындағы **метаморфоза** терминін **түрлену** деп сәтті бекіткен. Тарих саласындағы **династия** сөзін **әулет** деп бұрын ертеректе қолданыста болған сөзді қайта жаңғыртқан. Әулет сөзінің бірінші мағынасы үрім-бұтақ, өрен-жаран дегенді білдірсе, екінші мағынасы бір патша не ханның әулетінің туқым қуалай бірінен соң бірінің патша, хан болуын білдіреді [2.94-6].

Сөйтіп, терминдерді ұлт тілінің өз лексикалық қорынан алып, мағынасына қарай терминдік сипат беруге болатынына кез жеткіздік. Кезінде ұлт тілінде термин жасаған ұлт зиялыларының тілді жақсы білумен қатар, тілдің заңдылықтары мен сөзжасам тәсілдерінен хабары мол болғандығын байқауға болады. Оған Ахмет Байтұрсынұлының, Елдес Омарұлының, Нәзір Торекұлұлының, Матжан Жұмабайұлының, Жүсіпбек Аймауытұлының, Халел Досмұхамедұлының т.б. өткен тасыр басындағы қазақтың ғылым тілінің қалыптасуына ат салысқан алаш азаматтарының жасаған терминдері мен жазған еңбектері дәлел бола алады.

1. Бекітілген терминдер сөздігі. Қазақша-орысша, орысша-қазақша (1 Змыңға жуық термин). - Алматы: Дайк-Пресс, 2009.-3285.

2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. - Алматы: Дайк-Пресс, 2008- 968 б.

3. Құрманбайұлы Ш, Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). - Алматы: «Сөздік - Словарь», 2005.-240 б.

Резюме

Язык, будучи одним из основных признаков нации, выражает культуру народа, который на нём говорит, т.е. национальную культуру. В статье рассматривается значимость нового смысла старых слов.

Summary

The article aims at examining relationship between language and culture.- cognitive linguistics openS new direction in investigation of terms

Ә.КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АФОРИЗМДЕРДІҢ БЕРІЛУІМЕН ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

А.Әлейхан - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 4-курс студенті

Әлемдік өркениетті - адамзат баласының өмір сүру тәжірибесі сәулеленген ерекше қолтаңба десе де болады. Оның болмысы бөлек, өзегі ортақ екі қанаты бар. Оның бірі - материалдық, екіншісі - рухани мәдениет. Ой - рухани мәдениет мәйегі. Ол материалдық мәдениет жасаудың негізгі құралдары ретінде қандай маңызды болса, өз қисыны, өз шарттары бар және өз мақсат-мұраттарына сәйкес жаратылып, дамитын төлтума болмыс ретінде сондай құнды. Сол құнды дүниелердің ортасынан өз орнын тапқан асыл сөздер - афоризмдер. Жалпы алғанда афоризм - ойдың материалдық көрінісі. Ол шағын көлемге кең мағына сыйғызып, ой айтудың ең тиімді тәсілі. Бұл ретте оның өзегі - философия, яғни ғылым да, болмысы - көркем әдебиет. Ал адам жанын баурап, жүретін жаулап алатын сикыры - өнермен, эстетика табиғатымен туыстас, бауырластығынан. Бір сөзбен айтқанда әдебиеттегі кестелі өрнектер. Созге ажар, ойға көрік беретін соз інжуі. Осы сөз маржаны болып саналатын Ә.Кекілбаев тундыларындағы кестелі көркем сөздерді, ерекшеліктерін зерттеу мақсатымыз кейінге мұра болып қалар құнды дүниенің тылсымына бойлап, мағанасы жағынан, когнитивтік лингвистикамен байланыстыра отырып саралау.

«Афоризм (**apforismos**) деген қонне грек тілінде «шағып үзінді», бүтіннің бөлшегі, ұзақ, фрагмент, қысқа анықтама деген ұғым береді. Алғаш дүние құбылыстары жөнінде жинақталған білімдерді түйіндеп, пікір білдірудің бір түрі ретінде дүниеге келген.

Афоризмнің ғылыми негізі - оның өзегіндегі қысқа әрі нұсқалық (лаконизм), логикалық қисындылық, ой қорыту тереңдігі, қандай да болсын бір қазыққа байланып қалмайтын абстрактілігі сияқты басты белгілерін айқындап берген фактор. Афоризм жоғарыда айтып өткеніміздей, афористикалық сөз өнерінің негізгі жанрына жатады. Оның классикалық үлгілерін Б.Трасан, М.Аврелий, Б.Паскаль т.б. ғалымдар, ақын-жазушылар жасап кеткен болатын. Қазақ топырағында афоризм жанрында алғаш шығарма қалдырған қазір белгілі есімдердің басы - Асанқайғы Сәбитұлы. Одан кейінгі ақындар мен жыраулар поэзиясында да афоризм түріндегі талғамдар молынан ұшырасады. Әсіресе, билер сөздерінің табиғатында бұл жанрдың қасиеттері көп байқалады. Жазба ақын-жазушылардың арасында Абайда айырықша шоқтықты. Ал қазіргі таңдағы әдеби мұралардың ішінде шоқтығы биік, айрықша көзге

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

түсетін белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ә.Кекілбаев шығармаларындағы афоризмдер. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы көркем сөздерді топтастыру ісіне белсене ат салысқан зерттеушілердің бірі - Е.Шаймерденұлы. Ол Ә.Кекілбаев шығармаларынан 134 афоризм теріп, «Қазақ афоризмдері» атты еңбегінде жариялайды [1]. Сонымен қатар 1996 жылы Маңғыстау газетінің 20 маусымдағы санында Кекілбаев еңбектеріндегі кестелі сөздерді Еркін Куллейісов жинақтап бастырған болатын. Бұл газет бетінде қырық екі нақыл сөз жарияланған. Алайда бұл афоризмдерді тақырыптық жағынан, түр жағынан топтап, зерттеу ісі толық зерттелмеген. Сондықтан да рухани мұра боп қалар мағынасы терең астарлы Ә.Кекілбаев колданысындағы афоризмдері әлі де зерттей түсуді қажет етеді. Біздің арнайы объектіміз етіп алып отырған Ә. Кекілбаев колданысындағы афоризмдерді тың бағытта яғни когнитивтік тұрғысынан саралау арқылы тілдік тұлғаның дүниетанымдық әлемінің ерекшелігін көрсейтуде болады. Осы орайда когнитивтік стиль деген ұғымға қысқаша тоқталып өтейік. «Когнитивтік стиль - тұлғаның ұтымды танытудағы когнитивтік ортасын, санадағы аффективті, эмоционалды бейімделген ментальді әрекеттерін танытады. Тұлғаның когнитивтік стилін вербалданған (сөйлесімі, ғылыми, көркем мәтіндері арқылы) және бейвербалданған әрекеттері арқылы байқауға болады. Когнитивтік стиль - бұл субъектінің қабылданған ақпаратты өңдеу барысындағы өзіндік талдау, құрастыру, топтастыру, бағалау әрекеттерін танытатын индивидуалды ерекше тәсіл. Тұлғаның когнитивтік стилін танытатын алғашқы тәсілдердің бірі - Тенри Уиткиннің ұсынған «*тәуелді/тәуелсіз өрістер*» тәсілі. Бұл тәсіл «Фитура-фон», «бөлшек-бүтін» стильдік параметрінде анықталып, ақиқат дүниені танытудағы тұлғаның өзіне тән ерекшелігін зерттеуде қолданылады. Сонымен қатар санадағы күрделі дүние бейнесінің негізгі қарапайым деталін жасырын әдісін байқауда бұл тәсілдің көмегі зор. Тәуелді, тәуелсіз өріс стилінің басты мақсаты - дүние бейнесінің ішкі және сыртқы көрінісін таныту. Ақиқат дүние бейнесіндегі негізгі құрылымдарды сыртқы көрінісін байқап, бейнені сыртқы өрісте қалыптастыру -тәуелді өріс» [2, 23 б.]

Тәуелді өріс деп отырғанымыздың өзі белгілі бір құбылыс, зат жайындағы тәуелділік немесе өлшеулілік. Афоризмдерде оның табиғаты басқаша, яғни нақты тұжырым арқылы беріледі. Мысалы: Ә.Кекілбаев өмір, тіршілік туралы былайша ой қорытады: «*Өмір шекті болған соң, бәрі шекті*», «*Тіршілік арманға табынады, Өмір мүмкіндікке бағынады*».

Тәуелсіз өрісте, керісінше, дүние бейнесін жалпы логикалық танымнан гөрі оның ішкі дүниесіне үңіліп, өзіндік қабылдау тәжірибесі негізінде түсіндіреді, Сөйтіп дүние бейнесінің басты құрылымын ішкі өрісте қалыптастырып, оны күрделендіруге негізделеді. Бұл -тәуелсіз өріс стилі. Мысалы, «жүрек» концептісі тәуелсіз өрісте былай суреттеледі: «*Ақын ұшқан ең зымыран ту(тиық та-жүрек, ең шырқау биік те - жүрек*».

Ал, «махаббат» концептісін жазушы былай берген: «*Махаббат тіршілік мұратының салтанаты*». Осы мысалдарда «жүрек», «махаббат» концептілері тәуелсіз өрісте бейнеленген. Махаббат барша әлемнің, тіршіліктің салтанаты, қызығы деген ұғымға саяды. Когнитивті стильде адамның ойлау жүйесінің индивидуалды сипаты, ондағы ұғымдардың кең және тар деңгейдегі көрінісі қарастырылады.

Когнитивтік стиль тұлғаның когнитивтік нәтиже жасаудағы жеке тәсілі болып табылады. Когнитивтік стиль – тұлғалық ойлау арқылы көрініс табады. Яғни, тұлғаның танымдық ортадан алған мазмұн құрылымдарын өңдеу стилі болып табылады.

Жоғарыда айтылған ойлар мен пікірлерді қорытындылай келе дара тұлға Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы сөз анықтарын зерттеп, зерделеу, ғибрат алудың маңызы ерекше екенін айта кету керек. Бұл афоризмдер әлі де болса зерттей түсуді қажет ететін құнды дүниелер. Жазушының өзі айтқандай ұрпақтан-ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы - бастан кешкендерін түйген азды-көпті тәжірибесі. Одан қол үзген қауым келешегінен қол үзген қауым. Әлбетте, қоғам өміріне белсене ат салыса жүріп, жақсы мен жаманды парықтай отырып сом туындылар дүниеден әкелген біртуар жазушы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың нақыл сөздері кейінгі ұрпаққа мұра болып қалуы да даусыз.

1. Шаймерденұлы Е. Қазақ афоризмдері. -Алматы: «Алматы кітап», 2008. - 304 б.

2. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі. Фин. ғыл. канд. дис. автореф.: 10.02.02. - Алматы: А.Байтұрсынұлы атты Тіл білімі институты, 2006.-27 б.

3. Қайдар Ә. Халық даналығы. - Алматы: «Толғанай Т», 2004. - 560 б.

4. Төреқұлов Н. Нақыл сөздердің тәрбиелік мәні. -Алматы: «Мектеп», 1971. -120 б.

5. Кекілбаев Ә. Үркер. - Алматы, 1999.

6. **Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалар. /Роман повестер/ - Алматы, 1989. - 400 б.**
7. **Шаймерденұлы Е. Даналық дидары. - Алматы: «Өлке», 2002. -160 б.**

Резюме

В статье рассматриваются вопросы теоретического изучения афоризмов и их когнитивного характера в произведениях А.Кекильбаева. А также подчеркивается, насколько важно изучение и исследование той кладези слов, встречающихся в его произведениях.

Resume

In article questions of theoretical studying of aphorisms and them когнитивного character in A.Kekilbaeva's products are considered. And also it is underlined, studying and research of that well of the words meeting in its products is how much important.

ЛИНГВИСТИКА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ БАРЫСЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

Ә.Заурбекова - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 4-курс студенті

Қазақ мақал-мәтелдерін зерттеу, баспасөз беттерінде жариялау ХІХ ғасырдың екінші жартысында басталды. Ең алғаш халық арасынан жинап, қағаз бетіне түсірген ғалым Шоқан Уәлиханов. Ш.Уәлиханов пен И.Н.Беретоиннің архивінде сол ғасырдың елуінші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақал-мәтелдер сақталған. Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларының бірі мақал- мәтелдерді жариялаған ағартушы Ы.Алтынсарин болатын. Оның 1879 жылы Орынборда шыққан Хрестоматиясы мен 1906 жылы толықтырылып қайта басылған еңбегі бар. Хрестоматияда қазақ мақал- мәтелдерінің ең таңдаулы нұсқалары жарияланған және он шақты тақырыпқа бөлініп жүйеленген. 1899 жылы Орынборда «Сборник киргизских пословиц» деген атпен шыққан В.В. Катаринскийдің жинағында бір мың бес жуздей мақал-мәтел басылған. Осы екі еңбек кейінгі шыққан жинақтарға негіз болды. 1923 жылы Мәскеу қаласында «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақалдары» (кұрастырушысы Ә.Диваев), 1935 жылы Алматыда «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» (кұрастырушысы Ө.Тұрманжанов) атты жинақтар жарияланды. Аталған жинақтарда ауыз әдебиеті жайлы жалпы шолу жасалғанымен, мақал-мәтелдер қыркыншы жылдарға дейін арнайы сөз болып зерттелген емес.

Б.Шалабаевтың «Қазақ әдебиетінің тарихында» басылған «Мақал-мәтел» атты ғылыми очеркімен (Алматы, 1948) мақал-мәтелдердің жіктелуі басталады. Ол мақал-мәтелдерді малшылық, етіншілік және аңшылық деп үшке бөліп қарастырады. Жанрлық ерекшелігіне талталып, әрқайсысына анықтама береді. «Мақал дегеніміз - тағылым берерлік, ырғағы бар, тәрбиеде көп қолданылатын бейнелі, қысқа, нақыл сөйлем. Мәтел дегеніміз де онеге берерлік, ырғағы бар сөйлем. Мұның мақалдан айырмашылығы - мағынасы ашық болмай ишарамен айтылатындығын, сөйлемнің толымсыз болып келуі», - дейді ғалым [1,63 б.].

Мақал-мәтелдерді жан-жақты зерттеп талдағандардың бірі - М.Ғабдуллин. Ол «Қазақ халық ауыз әдебиеті» деген оқулығында жұмбақтармен бірге мақал-мәтелдерді дербес тарау етіп қарастырады. Бұл еңбекте алғашқы жинаушылар мен бастырушыларды атай кетіп, жанрлық табиғатын, әдеби әлеуметтік мәнін ашады. «Ең алдымен әлеуметтік жағынан алғанда, мақал - үлкен толғау, образ арқылы берілген логикалық ой қорытындысы болып келеді. Ол адам өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде, қоғамдық жағдайларда кездесетін құбылыстарға, тарихи уақиғаларға берілген даналық баға, байсалды тұжырым есебінде қолданылады. М.Горькийдің «Мақал мен мәтел еңбекші халықтың тарихын, әлеуметтік, барлық өмір тәжірибелерін үлгілі, қысқа түрде айтып береді» деуі де содан», - дейді профессор М.Ғабдуллин [2, 48 5.].

С.Нұрышевтің «Қазақтың халық мақалдарының даму тарихынан» деген атпен 1959 жылы Көркем әдебиет баспасынан шыққан кітапшасында мақал-мәтелдерді «Россияға қосылғанға дейінгі және қосылғаннан кейінгі» деп екіге бөліп, малшылық жөніндегі мақалдарды - байырғы, ал етіншілік туралы мақалдар Россияға қосылғаннан кейін шыққан деген пікір ұсынған.

Б.Адамбаевтың «Халық даналығы» атты кітабында мақал-мәтелдердің құрылысы, поэтикасы мен тақырыптық ерекшеліктерін басты назарға алған. Ең алғаш казак мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігін жасап, түбегейлі зерттеу жұмысын жасаған академик Ә.Қайдаров болды. Бұл еңбек «Халық даналығы» деп аталады.

Мақал мен мәтел - егіз жанр. Мақал-мәтел дегеніміз -халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшам түрде, ұғымды, айтып беретін сөз. Бірақ мағынасына, құрылысына, атқаратын қызметіне карағанда өзіндік айырмашылықтары бар. Мақал - толық тұлғалы, аяқталған бір тиянақты ойды білдіреді, өз алдына тұрып та дербес мағына беріп, бір немесе бірнеше толық сойлемнен құралады. Мысалы: *Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.*

Мәтел жеке тұрып тиянақты ойды бере алмайды, тек белгілі ойды ажарлау, айқындау үшін колданылады. Мысалы: *Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді.*

Мақал-мәтелдер жалпы мағынасы оның құрамындағы компоненттердің тура мағынасынан туындаса, мәтелдердің жеке мағынасы оның астарлап айтылған ауыспалы, идиомалық мағыналары нәтижесінде қалыптасады. Мақал, әдетте, жалпылама мағына білдірсе, мәтел белгілі бір жағдаятқа байланысты іске асқан, не асуға тиісті құбылыстың, іс-әрекеттің тек өзіне тана тән мағынасын білдіруге бейімділігі. Мұны жалпақ тілмен айтқанда мақал болған, болатын және болып жатқан құбылыс процестің өзтеру. даму, алмасу, т.б. себептерін де және одан шығатын нәтижені де бірден, қолма-қол баяндаса, мәтел сол процестің өзін ғана атаумен шектеліп, оның немен танытатынын, қандай нәтиже беретінін нақтылап баяндамайды, яғни процестің себебін атайды да салдарын тәптіштеп атамай, астарлап, бейнелеп қана аңғартады. Мақалда себеп пен салдар қатар жүрсе, мәтелде құбылыстың себебі ғана, болған жағдайдың өзі ғана айтылып, олардың салдары меп нәтижесі көмескі қалады.

Мақал-мәтелдер тұрақты тіркес санатына жататын тілдік құбылыс. Тірі қауымының пайдалануына әрқашан дайын, тұтас дәстүрлі құрамын сақтайтын, құрылымы өзгерістерге ұшырамайтын сөздік қордағы синтаксистік бірліктер.

Қазақ мақал-мәтелдері тілдік табиғатына байланысты іштей екі - прозалық және поэтикалық, яғни қара сөз және өлең сөз болып жіктеліп тілдік құбылысқа айналады.

Қара сөзді мақал-мәтел кемі екі сөзден құралады. Бұл мақал-мәтелдердің құрамындағы бір сөз бірнеше мағына беріп, танымдық жүк арқалайды. Мысалы: *Жұтқан жұтамас; Дүние кезек; Замана зордікі; Құдайы қонақ* т.б. Дегенмен, екі сөзден құралатын мақал-мәтелдер саны жалпы мақалдар қорында көп емес. Аз сөзден құралған мақал-мәтелдердің әр сөзінің мәнділігіне, мағына дәлдігіне және сөздің өзара үндесуіне үлкен мән беріледі. *Ел құлағы елу; Қыздың жолы жіңішке; Бірдің кесірі мыңға*, т.б. Қара сөзді мақал-мәтелдердің құрылысы жай сөйлем пішінді болғанымен, өзара үйлес сөздерден құралған ырғақты, іштей ұйқасатын көркем сөз. Ішкі ұйқастар да әр түрлі болып келеді. Оларды орнына қарай іргелес ұйқас, кезектес ұйқас және аралас ұйқас деп үшке бөлеміз. Бір-бірімен қатар тұрып ұйқасатын сөздерді іргелес ұйқас дейміз: *Ер шекіспей бекіспес; Ерлікке қорлық жоқ; Қыз - қырық шырақты.* Кезекті ішкі ұйқасты мақал-мәтелдердегі сөздердің өзара ұйқасы, ырғағы елеулі орын алады буын-бунақтары біркелкі келеді. Сондықтан мұндай қара сөзді мақал-мәтелді өлең сөзді мақал-мәтелден ажырату үшін мағынасына назар аудару керек. *Шойын қара, шойын қараның ойын қара; Ойда түп жоқ., ашта күш жоқ.* Аралас ішкі ұйқас қара сөзді мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздер арасына бір емес, бірнеше сөз санап ұйқасады. *Жалғыздың жағы жоғалса табылмайды, көптің оты жоғалса да табылады.* Қара сөзді мақал-мәтелдер үнемі ішкі ұйқасқа үндестік-үйлестікке құрылмайды, тапқыр ойға, дәлелді логикаға. ырғаққа құрылады. Бұл мақалдар қарапайым түсінікті және шындыққа жанасымды, бейнелі, астарлы сойлемдер.

өлең түрінде қалыптасқан мақал-мәтелдер өлең талабына сай екі, үш, төрт және одан да көп, өзара ұйқасып, жұптасып, үндесіп келетін жолдардан тұратын өлең түрінде қалыптасқан. Мақал-мәтел шумақтары жол санына қарай қос тармақты, үш тармақты, төрт тармақты және көп тармақты болып төртке бөлінеді. Көбінесе өлең сөзді мақал-мәтелдер қос мағыналы болып келеді. Қос мағыналы мақал-мәтелдер мазмұнына қарай жақын мағыналас, алыс мағыналас, қалыс мағыналас, қарсы мағыналас және шартты мағыналас деп бес топқа бөлінеді.

1. Бірін-бірі қуаттап тұратын бір бағытта мақал-мәтелді жақын мағыналас қос мақал дейміз: *Жаңыл-*

Майтын жақ болмайды, сүрінбес тұяқ болмайды; Қарта мақтанып сұңқар болмас, есек мақтанып тұлпар болмас дейтін қос тармақты, қос мағыналы мақалдар өзара бірін-бірі айқындап, толықтырып тұр.

2. Бірімен-бірінің логикалық байланысы жоқ мағыналары кереғар, тіпті қарама-қарсы келетін, әдетте ұйқас үшін қатар тұратын қос мақалды алыс мағыналас мақалдар дейміз: *Ат жүйрігін тұлкі сүймес, ауру адам күлкі сүймес; Еттің бәрі қазы емес, иттің бәрі тазы емес;*

3. Дербес мағыналы екі мақал қатар тұрып бір шумақ құрайды. Біркелкі бунақта, бір ұйқаста тұрып мақалға поэтикалық көркемдік береді, мағыналық, логикалық жағынан бірін-бірі толықтыра түседі. Мұндай қос мақалдарды қалыс мағыналас мақалдар дейміз: *Ат болатын тай саяққа үйір, адам болатын бала қонаққа үйір; Қалғыра құсың туспесін, жаманға ісің туспесін.*

4. Жақсы мен жаманды, ұнамды мен ұнамсызды салыстыра қарама-қарсы қойып біріккен қос мақалды қарсы мағыналас мақал дейміз: *Жақсыда кек жоқ, жаманда тек жоқ; Спыр мүйізді өгізде күш болмайды, өгіз мүйізді сыырда сүт болмайды.*

5. Қос тармақты мақалдардың бірінің орындалу- орындалмауына екінші сыңары, шарт болып қосарланады. Ондай мақалдарды шартты мағыналас мақалдар дейміз: *Қазаннан қақпақ кетсе, иттен нысап кетер; Тойға барсаң бұрын бар, бұрын барсаң орын бар.*

Шартты мағыналас мақалдардың сөйлемдері күрделі келеді. Сондықтан екі мағыналы мақалдардың өзі төрт тармақты шумақтан құралады: *Жүйрік шабан болады, мойыннан жал кетсе; жігіт жаман болады, қолынан мал кетсе.*

Мақал-мәтелдерді іштей жіктеп, топтастырып қолдану - паремиологияның басты мәселелерінің бірі. Сөздік қорда жиналған мындаған мақал-мәтелдерді топтастыру күні бүгінге дейін дәстүрге айналған үш принцип бойынша жүзеге асуда.

1. Мақал -мәтелдерді алфавит тәртібі бойынша топтастыру. Бұл - мақал-мәтелдерді бірінші сөзінің алфавиті бойынша беру, ең қарапайым тәсілдердің бірі.

2. Мақал-мәтелдерді заттық-тақырыптық белгілері бойынша топтастыру. Паремиология да ең көп таралған принцип. Бұл принцип тілге тірек етср негізінде адам баласын қоршаған жанды-жансыз табиғат пен қоғамдық өмірдегі сан алуан заттар мен құбылыстарды белгілі бір этникалық қауымның танып- білген ұғым-түсініктерінің баршасы топтастырылады. Мақал-мәтелдері өзара топтастырудың бұл түрі көне барша әлемді түгел қамтиды. Мысалы, «Мың бір мақал, жмырма үш жоқтау» атты жинақта мыңнан астам мақал-мәтелдер 61 тақырыптық топтарға бөлініп берілген. Ал, концепт терминінің мағынасы - өте терең. Когнитивтік лингвистиканың негізгі категориясы - концепт бірнеше түрге бөлінеді. В.А. Маслова концептіні жеке тұлғалық концептілер, адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер, жалпыұлттық концептілер деп бөледі.

Жеке тұлғалық концептілер дегеніміз-белгілі бір тұлғаның немесе автордың жеке қолтаңбасына тон тірек мағыналар. Ал адамдардың жас ерекшеліктеріне тән концептілер тобы сол адам санасының жасына қарай дамуын, сол арқылы әлемді, қоршаған ортаны қабылдауын көрсетеді.

Халық даналығындағы адамға қатысты мақал-мәтелдердің ішіндегі, қарама-қарсы ұғымдағы «жақсы» мен «жаман» сын есім тірек сөздерінің негізінде қалыптасқан мақал-мәтелдер: *Жақсы адам жолдасынан белгілі - жақсы адам кез келген адаммен жолдас бола бермейді, әдетте, ой-өрісі, ақыл- парасаты, іс-әрскеті, өзімен қатар болған адаммен ғана жолдас бола алады.* Сондықтан да, қазақтар адамның қандай екендігін білу үшін жанындағы жолдасына қараған. *Жақсы адам тауып айтады, жаман адам итше қауып айтады* - адам өмірінде білгенінің бәрін қалай болса солай айта беруге болмайды. Айтылуға тиіс сөзді саралап, талдап, ой елегінен өтізіп,нақты да әрі тыңдаушыға әсерлі, жағымды етіп айту, абзал қасиеттердің бірі. Ал, жаман адамның мінезі де, айтар сөзі де тұрпайы, дөрекі, ит қапқандай, беттен алып төске шабады. *Жақсы әйел басыңа қарайды, жаман әйел жасыңа қарайды* - жақсы әйел әріден ойланады, ер адамның ақыл-парасатына қарап батапаса, жаман ойел кәрі-жасына қарайды. *Жақсылық атаи басында, жамандық аяқ астында* - жақсылық іске жету, баршасының қолы жете бермейтіп, ағаш басындаты жеміс сияқты, жай адамның уысына түспейді, ал, жамандық жасау көп адамның қолынан келе беретін, ұсақ-түйек нәрседей аяқ астында жататын, іздегенге тез табыла қалатын аяқ асты зат. Адамға жақсылық жасау қиын, сол қиыншылығымен де ол құнды, бағалы. Жамандық жасау оңай әрі тез.

Абагі атындағы ҚазУПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

Жотарыда айылған ойлар мем пікірлерді қорытындылай келе халықтың рухани байлығы саналатын мақал-мәтелдердің моні ерекше екенін көре аламыз. Тәрбиелік мәні ерекше осы асыл сөздердің бала санасының жетілуіне, қотамда тұлға болып қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Паремиялық зерттеу нәтижесінде мақал-мәтелдерді толықтай зерттеді деп айта аламыз. Ал, мақал-мәтелдерді тың бағытта котнитивтік лингвистика тұрғысынан саралау, қыр-сырына бойлау біздің басты міндетіміз.

1. Шалабаев Б. *Қазақ әдебиетінің тарихы*. - Алматы, 1948. -156 б.
2. Ғабдуллин М. *Қазақ халық ауыз әдебиеті*. - Алматы, 1976 -235 б.
3. Адаыбаев Б. *Хаяың даналыты*. - Алматы: «Мектеп», 1976.
4. Қайдар Ә.Т. *Халық даналыты*. -Алматы: «Таттис», 2004, -565 б.
5. Дина Векзат. *Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Кандидаттық диссертация*. - Алматы, 2002.

Резюме

В статье рассматриваются исследования пословиц и поговорок в казахском языкознании, а также анализируются их лингвистические характеристики.

Resume

In article researches of proverbs and sayings in the Kazakh linguistics are considered, and also their linguistic characteristics are analyzed.

Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Филологические науки», №4(38), 2011 г.

ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

ҒАЛЫМДЫҚ, ҰСТАЗДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІНДЕЙ

Б.Әбдіғазизұлы - Абагі атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, филол.ғыл.д.

Гибратты ұстаз, көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Нығмет Ғабдуллиннің барша ғұмыры бүгінгі Абагі атындағы Казак ұлттық педагогикалық университетімен тығыз байланысты болды. Ол қазақ топырағындағы тұңғыш жоғары оқу орны болған қарт ҚазПИ-дің болашақ ұрпақты білімге сусындатумен қатар, елдің келешегін кемелдендіруге бағытталған барша істерінс белсене араласты, әрісі талапкер студент, берісі қатардағы оқытушыдан кафедра меңгерушілігіне дейінгі баспалдақтардан өтіп, еліміздегі жоғары білімнің сапасын көтеріп, көкжиегін кеңейте түсуге үлесін қосты, сол арқылы ұлы Абагі есімін иеленген оқу ордасының барша қасиетін бойына сіңірді.

Соғыстан кейінгі қиындығы мол кезең. Қиырда жатқан Көкше топырағынан аттанған талапкер Нығмет Ғабдуллинді өмір жолы қазақ білімнің қара шаңырағы ҚазПИ-те 1946 жылы алып келген еді. Осы сапарын, Көкшетау мен Алматының арасыш 13 күн жүріп, институтқа қабылдау мерзімі аяқталып кеткеннен кейін келгенін, емтихандарын қалай тапсырып, қалай студент атанғандарын Нығмет аға өзіне тән әңгімешіл мәнерімен жағымды баяу үнімен үнемі айтып жүретін.

Абагі атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институты (ҚазПИ) талапты жастар үшін алқашқы күннен-ақ тек оқу ордасы емес, терең білімнің, әдеби, ғылыми, адамгершілік, азаматтық тұрғыда қалыптасып, толысудың ұлағатты мектебіне айналды. Бір ауылда өсіп, бір партада қатар білім алған Айқын Нұрқатовтан озге, кейінірек қазақ ғылымы мен әдебиетінің көрнекті тұлғаларына айналған Шәмшиябану Сәтбаева, Баламер Сахариев, Бердібек Соқпақбаев, Әнуар Дербісалин, Мұқаш Сәрсекеев, Серік Қирабаев, Мыңбай Рәшев сынды тұрғыластарымен бірге Нығмет Ғабдуллин де осынау ұлағатты мектептің қабырғасында жүріп жанына білімнің нұрлы сәулесін сіңірді, әдебиет пен ғылымдағы алғашқы қадамдарын жасады.

«Институттағы әдебиет үйірмесін дүрліктіріп, біріміз өлең оқып, біріміз жаңа шыққан кітапқа пікір айтып, шулатып жатушы едік,- деп жазады академик С.Қирабаев студенттік жылдарын еске алып. - Солардың көбі әдебиеттің тұрақты кадрларына айналды. Осы ортада Нығметтің де өзіндік орны барды».

Нығмет аға Ғабдуллин студент кезінен бастап қаламын сергек ұстады. Әдебиет үйірмесінің белсенді мүшесі болды. Алғашқы тырнақалды шығармалары ҚазПИ қабырғасында жазылып, сол кездегі республикалық баспасөз беттерінде көріне бастады. Тіпті студент кезінің өзінде, 1949 жылы еліміздегі ең беделді газет «Социалист Қазақстанда» «Алтын жұлдызды студент» атты очеркінің жариялануы Н.Ғабдуллиннің болашақтағы үлкен қаламгерлік шеберлігінің бастауын танытқандай болды.

Бірқатар уақыт республиканың мәдениеті мен баспасөзі саласында еңбек еткеннен кейін өмірлік тәжірибесі толысқан, әдеби ортада есімі орныққан жазушы Нығмет Ғабдуллин 1962 жылы өзі білім алған алтын ұясы ҚазПИ ге оралады. Осындағы шет тілдер бөліміне қазақ әдебиетінің курсы оқитын оқытушылық қызметке шақырылады.

Бас кезінде институттағы ұстаздық еңбегін республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы қызметімен қатар алып жүрсе, 1969 жылдан бастап ол ҚазПИ-те түбегейлі ауысады. Аудитория табалдырығын лектор ретінде аттаған алғашқы күннен бастап ол өзінің теориялық білімінің, ұстаздық қабілетінің, студенттермен қарым-қатынас мәдениетінің жоғары екенін байқатады.

Ұстаздық атты ұлы жолға қадам басқан осы сәттен өмірінің соңғы сағаттарына дейін Нығмет Ғабдуллин өзі аса қасиетті деп санайтын студенттер ортасында болды, өзі ғылымға, ұстаздыққа тәрбиелеген ізбасар шәкірттерінің алдында жүрді, бір сөзбен айтқанда, Абагі атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен бірге тыныстап, бірге өмір сүрді.

Университет қабырғасындаты ұстаздық қызметін ғылыми зерттеушілік еңбегімен тығыз сабақтастыра жүргізді. Соның нәтижесінде 1964 жылы «Ғабит Мусіреповтің драматургиясы» деген тақырыпта

кандидаттық, ал 1972 жылы «Қазіргі қазақ прозасында жаңа адамды бейнелеу проблемалары» тақырыбында докторлық диссертация қорғайды. Ұзақ жылдар университеттің қазақ әдебиеті кафедрасында доценттік, профессорлық қызмет атқара жүріп, Нығмет Ғабдуллин қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын даярлау ісіне, осы батыттағы оқу процесін жетілдіру, оны жаңа мазмұнмен толықтырып отыру ісіне елеулі үлес қосты.

Қазақ әдебиетінің түрлі проблемалары жөніндегі, әдебиеттегі көркем образ, кейіпкер бейнесі төңірегіндегі, халық ауыз әдебиетінің жауһар мұралары туралы ғалым-профессордың ой-тұжырымдары шәкірттерінің санасына сіңіп, жүректеріне білім нұрын құйды, өресін кеңейте түсті. Сонымен қатар, ұстаз Н.Ғабдуллин студенттердің ғылыми үйірмесін басқара жүріп жас талапкерлердің жүрегінде ғылымға деген құштарлықтың, ұмтылысынтаның оянып, қалыптасуына себепкер болды. Аталмыш үйірмеде тырнақалды талпыныстарын жасаған Нығмет ағаның ондаған шәкірттері бүгінде әдебиеттану ғылымындағы, оқу-ағарту саласындағы білікті мамандар санатында жүр.

Профессор Нығмет Ғабдуллиннің лекторлық мәдениеті аса жоғары еді. Бір Қарағанда баяулау сөйлейтін, үні ұяндау естілетін ол аудитория алдына шығып, сабағын бастаған сәттен-ақ шәкірттерінің назарын өзіне аударып баурап алатын. Қандай үлкен дәрісхана болса да, Нығмет атаның әр сөзі әрбір студенттің құлағына жетіп жататын. Оның бойынан осындай талап қасиеттің әрдайым көрініп тұратынын байқайтын едік. Бұл бір жағынан, профессор лекциясының тартымдылығы, ішкі мазмұнының тереңдігі, тақырыпты әңгімелеп жеткізу мәнерінің әдемілігі десек, екінші жағынан дәрісханадағы әрбір тыңдаушының профессор Нығмет Ғабдуллинге деген айрықша құрметінің белгісіндей көрінетін.

Осылайша шәкірт пен ұстаз, студент пен профессор арасында орнаған тамаша жалғастық пен жарасымдылықтың биік нәтижесі семестр соңындағы сессия қорытындыларында айқын көрініп жататын. Профессор Нығмет Ғабдуллинге емтихан не сынақ тапсырған оқу топтарындағы студенттердің білім деңгейінің көрсеткіштері әрдайым жоғары болатын. Жан жүрегімен беріле жасаған еңбектің нәтижесі осылайша жарқырап көрінетін.

Профессор Нығмет Ғабдуллин жақсы оқитын студентпен бірге қуанып, нашар баға алған шәкіртімен қосыла қиналатын. Бір жылы қысқы сессия кезінде халық ауыз әдебиетінен емтихан үстінде ең болмаса Алпамыс пен Қобыландыны ажырата алмаған екі студентке «екілік» баға қойып, соған өзінің соншалықты күйзелетінің, әлгі студенттерді қайта-қайта шақыртып, кеңес беріп, мазасы кеткеніне куә болтанымыз бар. «Екілік алатын студенттің екі түрі болады,- дейтін Нығмет ата,- Бірі - ештеңе білмейтін, екіншісі - білгісі келмейтін студент. Біріншісіне оқытып үйретуге болады, ең сорақысы - екіншісі, білгісі, оқығысы келмейтіндер».

Филология ғылымдарының докторы, профессор Нығмет Ғабдуллин 1988 жылдан 1997 жылға дейін университеттегі қазақ әдебиетін басқарды. Бұл жылдар Абай атындағы ҚазПИ тарихымен бірге жасап келе жатқан, өзіндік дәстүрі бар, кезінде академиктер Мәлік Ғабдуллин, Қажым Жұмалиев, Серік Қирабасовтар басқарған байырғы кафедрада Нығмет атаның педагогтік қабілетімен қатар ұйымдастырушылық, жетекшілік дарыны мейлінше молынан көрінген кезең болды.

Осы тұста педагогикалық мамандар даярлау бағытындағы оқу ісінің сапасын арттыру, оқу-әдістемелік құжаттарды жаңару талабы күн тәртібінің алдыңғы қатарына шыққан еді. Сонымен бірге, XX ғасырдың сексенінші жылдарының аяғынан бастап әдебиеттану ғылымында ғана емес, тұтас қоғамның санасында үлкен-үлкен жаңалықтардың қайнар көзі ашыла бастады.

Кеңестік идеологияның бұтауы күйреп, ұлттық сана мен мәдениеттің тәуелсіздігіне қол жете бастады. Қазақ елінің тәуелсіздік алуының қарсаңында төл әдебиетіміздің тарихындағы ақтандық парактардың беті ашылып, рухани мұраларымызға деген жаңа да жанашыр көзқарас өмірге келді. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов сынды қайраткер тұлғалардың есімдері халқына оралып, олардың шығармашылығы туралы алғашқы мәліметтер университеттердің оқу бағдарламаларына ене бастады. Оларға қажетті теориялық материалдарды жинақтау, оқу-әдістемелік құралдар, бағдарламалар мен жоспарлар жасау міндеттері бой көтерді.

Осы жаңалықтың бәрін дәстүрлі оқу үрдісімен үйлестіріп, оқу жоспарларына оңтайлы орналастыру және оларды әдістемелік жағынан терең де мазмұнды ұйымдастыру ісінде Абай атындағы Қазақ педагогикалық университеті, оның ішінде қазақ әдебиеті кафедрасы қошбасшылық роль атқара білді. арыстар жөнінде,

Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы туралы республика көлеміндегі тұңғыш

лекциялар осы кафедрада өткен ғасырдың сонау сексенінші жылдарының соңында оқылғанын бүгін-де тарихымыздың елеулі беттері деп санаймыз. Міне, осы абыройлы істерде кафедра меңгерушісі профессор Нығмет Ғабдуллиннің ғалымдық, педагогтік, ұйымдастырушылық қызметі аса мол болды.

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарының бас (1993-1995) кезінде педагогикалық мамандар даярлау бағытындағы білім беру жүйесіндегі мемлекеттік стандарттар мен типтік оқу бағдарламалары, жоспарлар тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы жаңа талаптарға, әлемдік білім кеңістігінің өлшемдеріне сәйкес қайта қарады. Университеттің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі бөлімінің басшылығымен барлық мамандықтар бойынша республиканың жоғары оқу орындарына арналған жаңа стандарттар мен жоспарлар жасау ісі қолға алынды. Профессор Нығмет Ғабдуллин басқарған қазақ әдебиеті кафедрасы да бұл істің нәтижелі болуына өзіндік елеулі үлесін қосты. Соның нәтижесінде тәуелсіз елдің тарихындағы тұңғыш білім стандарттары мен оқу жоспарлары дүниеге келді.

Абай атындағы байырғы оқу орнында қызмет атқарумен қатар профессор Нығмет Ғабдуллин сол жылдары республикамыздың тұңғыш Жоғары аттестациялық комиссиясы (ЖАК) ұйымдастыру мен қалыптастыру ісіне белсене араласты, әдебиет және оқыту әдістемесі мәселелері жөніндегі алғашқы мамандандырылған кеңестің мүшесі болды.

Оның сыртында профессор Нығмет Ғабдуллиннің өз аспиранттарына қатысты жетекшілік қызметі және бар. «Аспирантка тақырып бермес бұрын алдымен сол тақырып бойынша көп кітаптар оқып, дайындалуым керек,- дейтін Нығмет аға. Әр ісіне соншалықты жауапкершілікпен, ықтияттылықпен қарайтын ол кісінің бұл сөздеріне әрдайым иланатын едік.

Осы тәртізді кіршіксіз таза жауапкершілігінен болар, профессор Нығмет Ғабдуллиннің жетекшілігімен қорғалатын диссертациялардың бәрі де тыңғылықты әрі сапалы болатын. Мейлі аспиранты болсын, мейлі алдындағы студент болсын, егер ұстаз-жетекшіге оның бірі ісі, немесе жазып әкелген жұмысы ұнамай қалса, өзінің көңіліне қаншалық қоныссыз көрініп тұрса да Нығмет ата ешқашан дауыс қотеріп, ащуланып, ашық ренжіп жатпайтын. Соның өзінен-ақ шәкірт өз қателігін тез ұғынып, ұстазының алдындағы айыбын, яки жұмысындағы кемшілігін дереу түзеуге тырысатын, Ұстаздық жолды мұрат тұтқан әрбір маманға олшеусіз үлгі боларлық асып атаның осынау бір айрықша қасиеттерін жанымызға әрдайым сіңіруге тырысатынбыз.

Профессор Нығмет Ғабдуллин бірқатар жыл Абай атындағы қазақ педагогикалық университеті; жанындағы қазақ әдебиеті мамандығынан кандидаттық диссертациялар қорғалатын арнайы кеңестің төрағасы қызметін атқарды. Ол кеңестің әрбір мәжілісінің ұйымдасқан түрде әрі жинақы өтуіне қатты көңіл бөлесті. Кеңесте қорғалатын жұмыстарта да осындай жоғары талап қоя білетін. Конеске барар алдында әрбір диссертацияның кафедрада әділ әрі аса жауапкершілікпен талқылануына мән бере отырып, қорғауға ең үздік жұмыстардың тана жіберілуін үлгі еткізіп отыратын. Соның нәтижесінде диссертациялық кеңесте қоршылған кандидаттық диссертациялардың барлығы да жотары аттестациялық комитет саратшыларының тарапынан оң бағасын алып, мерзімінде бекітіліп отырды.

Профессор Нығмет Ғабдуллиннің табиғатына тән педатоттік қасиеттері, биік парасаты, ұстаздық мәдениеті оның әрбір диссертантпен кездесу, пікірлесу барысында айқын байқалып тұратын. Ұлкен-кішінің бәрімен «сіз» деп қана сойлесетін салтымен Нығмет аға ақыл-кеңесін айтып, әр талапкердің аттестациялық құжаттарының дұрыс толтырылуына, әр жұмыстың өз жүйесімен орындалуына жанашыр болудан жалықпайтын.

Профессор Нығмет Ғабдуллиннің елімізді білім беру ісін жетілдіруге қосқан елеулі еңбектерінің қатарында түрлі дәрежедегі оқу орындарына арнап «Қазақ әдебиеті» оқулықтарын жазуға ат салысқаны да заңды түрде аталады. Нығмет ағаның авторлығымен жазылған оқулықтар ұзақ жылдар бойы еліміздің мектептерінде оқытылып, жас жеткіншектерді тәрбиелеуге, біліммен қаруландыруға аса мол үлесін қосты.

Нығмет ағаның жазушы ретіндегі, көркем прозаның шебері ретіндегі таланты да оның ҚазПИ шаңырағында қызмет атқарған жылдары мейлінше жарқырап көрінді. Осы кезеңде сонау 1951 жылы жарық көрген «Менің достарым» атты әңгімелер жинағынан бастап жазушының прозалық шығармаларын қамтитын жиырмаға жуық кітаптары жарияланды.

Жазушы Нығмет Ғабдуллин прозасының басты тақырыбы адамгершілік тазалықты жырлау болды. Қай шығармасында да жазушының өз замандастары шынайы болмыс-бітімімен, әрекет-қылығымен, мінез-құлқымен шыншыл бейнесін табады.

Педатот жазушы Нығмет Ғабдуллин өзі сомдаған осынау көркем бейнелері арқылы да жас ұрпаққа өлшеусіз өнеге ұсына білді.

Соңғы жылдары профессор Нығмет Ғабдуллин университеттің қазақ әдебиеті кафедрасында профессорлық қызмет атқарып, ғылыми мамандар даярлау, ертеңгі күннің білісті педагогтарын тәрбиелеу ісімен тікелей айналысты. Ұлтымыздың ұлы қазынасы - халық ауыз әдебиеті туралы мәнді де мазмұнды лекциялық курсы оқыды. Диплом жұмыстарына жетекшілік жасады. Халық ауыз әдебиеті пәнінің жаңартылған типтік бағдарламасын жасауға қатысты.

Сонымен қатар өзінің соңынан өсіп келе жатқан іні-қарындас шәкірттерінің, кафедрадағы әріптестерінің сабақтарына кіріп, ақыл-кеңестерін айтудан бір сәтке де жалыққан емес. Профессор Нығмет Ғабдуллиннің әрбір сабағы кафедрада ашық сабақ деп саналатын. Оқу кестесіне осылайша жазылатын да, әр оқытушы қалаған уақытында профессордың дәрісіне кіріп, өзіне қажетті өнеге-ұлттықтарын тауып жататын.

Табиғатынан соншалықты кіршіксіз таза жаратылған Нығмет аға ең алдымен езіне аса жотары талап қойып отыратын. Өзінің әрбір ісінің көтшілікке пайдалы болуын тана қалайтын. Жанындаты адамға ауыртпалығын түсіріп, өзі атқаруға тиіс істі өзіне жүктеп сапу, өзінен кейінгі әріптес шәкірттерін ретсіз мазалау деген қасиеттер ол кісінің жаратышысына мүлде жат болатын. Тіпті денсаулық жағдайына байланысты сабақ өткізу қиындығы туған сирек сәттердің өзінде де ол осы бір айрықша қасиетінен айныған емес. Әріптестерінің, кафедра ұжымының, факультетінің, университетінің атына кір келтірмеуді ғана ойлайтын.

Профессор Нығмет Ғабдуллиннің педагог ретіндегі парасатты тұлғасын танытарлық өнегелі қырағы аса мол. Ардақты азамат, асыл ағаның тибратты өмір жолы, шығармашылық мұралары болашақтағы талай-талай кітаптар мен монографияларда, оқулықтар мен мақалаларда, зерттеулер мен естеліктерде жалтаса беретіні анық.

Резюме

В статье рассматривается научная и преподавательская деятельность Н.Габдуллина.

Summary

In the article is examined the scientific and teaching activity of N.Gabdullina.

ДАЛАНЫҢ ЕРЕКШЕ ПЕРЗЕНТІ - БИТАБАР

Т.Рахымжанов - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, филол.ғыл.д.

Қазақтың аса көрнекті жазушысы Сафуан Шаймерденовтің “Жыл құсы” повесі қазақ сахарасында Қарағанды көмір кенінің ашылуы, сол өндіріс орнына кең далада мал бағып, күнделікті тіршілік ауанымен бейқам, жайбарақат күн кешкен қыр адамдарының келуі, қысқасы, Қазақстанда жұмысшы табының пайда болып, қалыптаса бастауы туралы шығарма. Ал қазақ әдебиетінде өндіріс тақырыбы - соны тақырып емес. Бұрында С.Ерубаевтің “Менің құрдастарым”, Ғ.Мұстафиннің “Қарағанды”, З.Шашкиннің “Теміртау” романдары, ал кейініректе М.Сәрсекеевтің “Жарылыс”, Ө.Таразидің “Тас жартан”, А.Жаксыбаевтың “Ботет” шығармалары жазылғаны белгілі.

С.Шаймерденовтің “Жыл құсы” хикаясы да өндіріс тақырыбын қозғайтын көркем туынды. Ал қаламгердің өмір материалын игеруі, оны ой таразысына салып, елеп-екшеуі автордың білік-біліміне, қоғамдық, әлеуметтік концепциясына, тіті, шеберлігіне де қатысты десек, Сафуан бұл тақырыпқа жаңаша қырынан келген.

“Жыл құсының”¹¹ басты кейіпкері - Сарыарқа өңіріне ерен қара күшімен, өнерімен, ақ көңіл адамшылық қасиетімен аты шыққан балуан Битабар. Қарағандының көмір кеніне келместен бұрын кең далада мал баққан, жазды күні шөп шапқан, қыс айларында Арқаның қытымыр аязы, ақ боранымен алысып, шағын шаруашылығын дөңгелеткен еңбек адамы. Бірақ жазда құрғақшылық болып, қыста қызылшұнақ аяз жаң алқымнан алтан жұт жышы Қаратандыға қоныс аудартан. Десе де, Битабар талай жұртқа аты молім өндіріс ошағында тұрақты орын теуіп, жұмысшылар қатарында қала алмады. Неге? Оның себеп-терін журналист Әділхан Байменов былайша түсіндіреді: “Повесте осындай ізгі қасиеттерімен тұтас көрінген Битабар ақыры жұмысшы табының тұрақты өкілі деуге лайық болмай шықты. Кеп қазып,

үлкен шахтада жұмыс істеген азды-көпті уақыт Битабар үшін улы тойда түйе палуанмен күреске түскенмен тең болды. Битабар осы қысқа уақыт ішінде түрмеге түсіп шықты, нәсіп талшығының тұзағына ілік-ті, баладан айрылды, ақыры өзі мұрт болып, туғай тауы Иманаққа кетті /1/.

Ә.Байменовтің осы пікірін негізге ала отырып, шығармадағы орталық тұлға - Битабар характерінің қырсырына тоқталып көрейік.

Орыстың ұлы жазушысы Н.Гоголь шығармаларының көркемдік әлемін зерпеген С. Машинский қаламгердің “Невадақтылы” повесіне тоқталғанда: “Характер Пискарева раскрывается перед нами как бы в двух плоскостях: реальной и фантастической. В первой из них он предстает застенчивым, робким молодым человеком, еще не успевшим вкусить торостей жизни, полным розовых иллюзий и романтических представлений о людях и окружающей его действительности” /2/-деп жазады.

Зерттеуші түйіндегендей, “Жыл құсы” хикаясындағы Битабар характерінің бітім-болмысы, оның бірте-бірте кемелденіп, азамат болып қалыптасуы шығарманың алғашқы бөлімдерінде романтикалық ррында сипатталады. Әрине, повестегі Битабар барлық Іс-әрекеті алдын ала өлшеп-пішіліп қойылған эпос іық кейіпкер емес. Ол эпикалық бейнелер сияқты күн сайын өсіп, оншақғы жылда атпал азамат, жау жүрек батырдың қатарына қосылмайды. Детенмен, “Жыл құсында” Битабар бейнесін сипаттауда әсірелеу басым. Ол бір жағынан, Арқа өңіріне атағы жайылған баттуан, ятқи, сурапыл қара күш иесі, екінші жағынан, Битабар сол қара күшін жұрттан жасыра алмайтын ақ көңіл әрі күресімен, айла-тәсілімен көп-шілікті қуантатын, сүйсіндіре алатын ойыншы да. Сондықтан, жазушы Битабар бейнесін сипаттағанда, оның туа біткен алапат күшіне айрықша назар аударады. Мәселен, Битабардың Әлім байдың үйінде мейман болған әніі, сал-сері, аса күшті Балуан Шолақтың көзінше атан түйені көтеруі, Қаратанды кенінің бас инженері - Левенштерннің сазта батқан жеңіл автомобилін суырып алуы, тірі пенде қозғалта алмаған үлкен көмір кесетін қотеріп арбата салуы, басқа кеншілер бір норманы азар орындап жүрпес, жер астындағы тар қапаста темір қайламен норманы бес есе артық орындауы эпостық жырдың көрініс-терін еске салғандай. Яғни, ол өмірде біз көріп жүрген адамдардан төрі, батырлық жырдың қаһарманына көбірек ұқсайды.

‘ - Ия. аруак!

Жұрт ішін тартып, шу ете түсті: Ватонға ешкім көтсіріп сала алмағандықтан, тас табандап осы жерде жатқан көмір кесекті Балуан қаңбақша ойнатып кеудесіне апарды да, арбаға тастап жіберді. Жұрттары шу епі: байқаса алты арыс қу шыбықша морт омырылып, арба отырып қалыпты.

...Левенштерн Битабарды арқасынан қақты. Жүзінде күлкі, ризашылық” (Шаймерденов С. Екі томдық таңдамалы шығармалары. 2-ші том. Повестер мен мақалалар. Алматы, Жазушы, 1978, 412 б. - Мысал 2 т., 158 беттен алынған. Бұдан әрі том мен бет нөмірі көрсетілді.).

Демек, ақын Н.Оразалиннің сөзімен айтқанда: “...өтпелі кезеңнің кесек мінезді өкілі - тілін тапсаң түйе көтеріп, темірінетін, таппасаң не өзін, не өзтепі майып қылатын Битабар” /3/ міне, осындай алып күш иесі. Арба екеш, арба да морт сынады.

Ал С.Шаймерденов Битабардың іс-әрекеті, ой-арманы, көңіл-күй құбылыстары мен мінез-құлық диалектикасын сипаттауға келгенде реалистік әуендерте бірден ден қояды. Әсіресе, Битабар бойында жазушы М.Ысқақбаев атап көрсеткен ұлттық психология элементтері өте басым. Етер қазақ ұлтының әр адамына қарастысыздық, қытымырлық, әзімшілдіктен төрі, аккоңілдік, аңқаулық, бейтамдық, қонақжайлық тән десек, Битабар характерінің бітім-болмысында осы қасиеттердің барлығы да бар.

Десе де, Битабар - дала перзенті. Кең далада, шілдір аспан астында, қарлы боран мен өкпек желдің өтінде басына жүген, құрық тимеген шу асаудай еркін өскен. Табиғат берген ерен күштің арқасында тірі пендеден бсті қайтып, қатажу көрмеген. Екінші жағынан, ішкі жан сарайы да кең сахараның сай-саласы мен қойнау-қолаттарында кездесетін тұма бұлақтың суындай мөлдір де таза,

Битабардың, мінез-құлқы да путан өлкесіне тартқан. Зор тұлғасына орай, мольнан пішілген. Базарда тұрпа бақалшыдай құлық-сұмдығы жоқ. Баладай аңқау, сол даланың өзен-көлдерін ала жаздай жайлап, балапандарын өртізген ақ құс секілді адал.

Сарыарқаның бұлғағы мен бұралаңы көп соқпақ жолдарында бейсауат жүрген жолаушыға астындағы жалтыз атын беретін мырзалығы мен қонақжайлығы тағы бар.

Шексіз-шетсіз кең даланы ерсілі-қарсылы кезіп, жаңадан ашылған Қарағанды кеніне жұмысшылар жинап жүрген инженер Левенштерн алғаш үйіне келгенде:

- Бәрін салып, ертең неңці жейсің?! Жел обасың ба?

- Әй, қатын-ай, бұйтпесең сен қатын боламысың! - деп Битабар кейіңкіреп қалды. Содан кейін қайта

жойылды. - Оқасы жоқ, қатын, сал деген соң сала бер. Таңдағы тамақ тәңірден. Аштан өлгеннің моласын **көрген жоқсың**” (2 т., 127 б.).

үйіне келген мейманына қоң етін кесіп бергендей кеңпейіл әрі түбі түскен шелек сияқты салдырлаған ашық Битабар ары мен ұяты сынға түсетін кезде өте табанды және қайсар.

Жас кезінде талай-талай атан жілік, бапуандармен белдесіп, талайының жауырынын жерге тигізіп, күреспен мал тауып жүргенде Тама елінен: “...бұл жолғы кезекті Битабар күреспей берсін!” деген ұсыныс түскен. Бұл ұсынысты Арқаға аты жайылған балуанның шашбауын көтеріп, намысын жыртқансып жүрген “туысы” Бертшек қуана қабыл алған. Және онымен қоймай: Таманың бұл тілстін орында- сақ, екеуіміз де көк ала қағазға шаш етекпен боламыз” - деп, аңқау балуанды апдарқатқан. Бұрында алыстың да, жақынның да көңілін қалдырмайтын Битабар бұл жолы тілі тәтті, діні қатты Бертшекпен мүлдем келіспейді.

“ - Ал ендеше бұл жолы кезекті Тамаға бересің.

Битабар түсінбеді.

- Кезекті бергені қалай? Кезекті жығып алмаушы ма еді?

- Жығып алу қолынан келмесе қайтесің? Олар кісі салып отыр. Арамыз ашылмасын десендер, Битабар бұл жолы жығылатын болсын депті.

- Сен көңгеніңмен, мен көне алмаймын. Аруақ аттайтын жайым жоқ” (2 т., 121 б.).

Әрине, өмірде қатып қалған қағида жоқ. Және өзгермейтін, райынан қайтпайтын адам да болмайды. “Жаман адамның өкпесі басы жерте жеткенше, жақсы адамның ашуы шәйі орамал кепкенше” дегендей, Битабар туысының сол дүние құмарлығы мен обырлығын тез ұмытқан. Олай дейтініміз, Битабар біреуге деген өкпе, ашуы “шәйі орамал кепкенше” тарқап кететін кеңпейіл, кешірімді адам. Сол себепті ол Кеңес үкіметінің тарапынан қуғындалған, қорқау, зұлым, айлакер Бертшекті өз үйіне паналатты. Ішіп- жегізді. Қамқор көңілмен туыс қой деп ойлап, оның асты-үстіне түсіп, күтті. Аңқау, ақтап мінезіне бағып, оның ұрлық жасаған қылмыскер, қашқын, алаяқ екеніне де мән бермеген.

Р.Бердібаев: “Битабардың бізге мәлім болған өмір эпизодтарын еске түсірсек, оның шығарма соңындағы қадамын түсінеміз. Елде жоқ қара жорғасын кастандықпен мерт қылған, ташы Жанкүмістен арамдықпен айырған “ағайыны” Бертшектің қылығын кешіріп, онымен “тату” болып кетуі Битабардың рулық сана шылауынан арылмаған адам екендігін көрсетеді” /4/ - деп жазса, жазушы М.Ысқақбаев Битабардың бұл қылығын: “Міне, бұл нағыз қазақи ұғым, қазақи қулық. үйіндегі қашып-пысып кеп жасырынып жатқан Бертшектің мән-жайын анықтап сұрап білтісі келмейді, қонағым, ағайыным ден есептеп, барын аузына ұстап, бір ай бойы бағып-күтіп жатыр. Ауырсынса да, сездірмеуге тырысады, өйткені елдің қаңқу сөзінен қорқады. ...Аңғал, аңқау, кешірімді, меймандос, бейқам мінез” /5/ - деп бағалайды. Біз де осы пікірге қосыламыз.

Қазақ халқының ұлттық психологиясында тән аңқаулық, меймандостық және намысшылдық Битабар бойынан мол табылады. Ол Қарағанды өндірісінде көмір қазудың күнделікті нормасын бірнеше рет артық орындағанда, социалистік жарыстың жеңімпазы атанайын деп ойламайды. Өзіне “тамыр” деп жылы сойлесетін, айлық жалақысы мен апталық паетін уақытысында беретін бас инженер Левенштерн- нін ойынан шығып, мұнымен бәсекеге түскен Ылғаз бапуанта өз намысын қолдан бермеуге тырысқан.

Битабар жұмысының жемісті, нәтижелі болуына Левенштерн сентен десятиктің: О, Ылтаздан қалыңқырап қойыпсың”, - деп бәсеке көрітін қыздыра түсуі де себепкер. Күнделікті тапсырмасын бес есе артығымен орындап, былайғы кеншілердің алдына шыққан Битабар мақтау естіп, марапатталды. Ерен еңбегінің нәтижесін де көрді. Фото суреті мақтау тақтасына ілініп, газетке де жарияланды. Ол егер жеке басының пайдасын ойлаған өзіншіл болса, мақтансүйтші, мансапқор болса, күнделікті паяз пен ай соңында апатын сыйлықпен шектелмей, сол заманның сыйлы адамы - стахановшы болуға ұмтылар еді. Сөйтіп атақ- даңққа бөленер еді. Және солай істеуге Битабардың табандылығы мен қажыр-қайраты да жететін . Бірақ кешеті балуан, бүтінті кенші Битабар олай жасаматан. Қаратандыға кеп, озат атанып, атақ-даңқы дүріпдеп тұрғанда да, бұрынғы қарапайымдылығынан, бейтамдытынан, жас баладай аңқау- лытынан еш өзгерметен. Дүниеқоңыз, алаяқ Бертшекке сенгендіктен абақтыға да отырып шыққан.

Сахараның кеңдігіне, бір ырғақты тіршілік ағысына, қыр адамдарының дархан мінезіне үйренген

Битабар шаһар тұрмысына икемделмеген. Бертін келе, жер астындағы өте тар жұмыс орнын, Қарағандының көмір тауларының күйік ісін. Үйіндегі де күнделікті өміріне қажетті судың да тапшылығын ұнатпады. Сойтіп, мал баққан қыр адамы қалаға сінісе алмады. Керісінше, өзі туып-өскен Иманақ тауын, сары даланың кеңдігін, сахара өмірін ешкімге тәуелсіз еркіндігін аңсаған, Соларды түсінде көріп, өңінде сағынатын болған.

Әрине өмір болған соң, кателік пен қиындық, кездесісоқтық та болады. Битабар Қарағандыда жалғыз баласы Амантапдан айрылды, өзін жер астында кемір басып қап, ауыр жарақаттапды. Мұндай өмір - тағдыр бұрылыстарын сенгіш, ацқау Битабар жаман ырымға балаған. Оның үстіне, өзін Арқадан Қарағанды шахтасына алып келген, әрдайым "тамыр" деп жылы сөйлеген, айлық, тоқсандық жоспарды еселеп орындаған сейын мақтап-марапаттаған бас инженер Левенштерннен де көңілі калды. Сөйтп, Левсн- штернге катты ренжіген, жақыннан да, жаттан да көңілі суыған Битабар туып-өскек Иманақ тауына қайтуға мәжбүр болған. Яғни, сыншы Б.Сарбалаевтің сөзімен айтқанда: "Ол біраз жұмыс істегенмен әлі нағыз шахтер емес. Бойында жаңа психология, дағды туып келе жатты да, аяқталмады". Демек, бұл баға "Жыл құсы" повесіндегі Битабар характерінің бсдерлі қырын айқындаған, оның мінезінің біртұтастығы мен даланың озіндеі табиғилығына дәлме-дәл берілген баға.

Сондай-ақ, С.Шаймердеиовтің "Жыл құсы" повесінде Битабар бейнесінің біраз қырларын толықтырып, шығарма көтерген көкейкесті мәсселелерді айқындап тұрған басқа да кейіпкерлер бар.

Повестің алғашқы тараулармнда жарқ етіп көрінген әнші, сазгер, сал-сері Балуан Шолақ бейнесі, бі- ресе, есте қаларлықтай. Олай дейтінІміз, елдің қадірлі ақсақалы Әлім қарттың үйінде мейман болған Балуан Шолақ отырған жерін ойын-күлкі, сауық-сайранға айналдырып, ән мен күйте шөліккеген адам- дардың мейірін қандырған. Тұла бойында табиғи күші буырқанған жас Битабарға сүйсініп, оның оттылығы мен өжеттігін ерекше бағалаған.

Сонымен бірте, хикаядағы Балуан Шолақ қазақтың Ақан. Біржан, Ыбырай тәрізді ақын, сал-серілері сияқты мінезі мәрт, көңілі жомарт. Ол Әлім қарт өзіне сыйлатан қара арт ымақты жас пері Битабаріа берген.

«Жыл құсында» бай баласы - Бертшек тереңіне құрық бойламайтын арамдытымен, басқаға жақсы- лық атаулыны қимайтын іштарлығымен әрі қараулытымен қозте тұседі. Оның ру жатынан Битабарта жақыпдығы бар. Бірақ оған туыстығынан төрі, ұяласынан бөлек өскен бөрінің бөлтірігіндсй тасбауырлығы мен қаскөйлігі басым.

Битабар шығымсыз, қызғаншақ Бертшектің кесірінен сүйген қызы Жанкмміске қосыла алмады. Ол Балуан Шолақ сыйлаған қара жорғаны да пышақтап, мерт қылды.

Бертшек әкесі Әлім қарт өлсрінде: Құдайтатала Бертшек екеуінді кем жаратқан жоқ. Ата балаға сыншы! Білем мен. Екеуің қосылып бір құстың қос қанатысындар. Бірінде білек пен жүрек бар. Бірінде ақыл мен білім басым. Осы төрт қасиетті тең ұстасандар, биікке самғайсындар...

Өлер алдындағы өсиетім, таза жүріндер. Тату жүрсендер ат та бар, ас та көп' (2 т., 118 б.) - деп ақыл айтқанымен, қанына сіңген ескі әдетінен көп ауытқымайды.

Бертшек қазақ психологиясына тән "ағайын", "туыс" деген бет-пердені жамылып, Битабардың жеңіс күрснен түскен олжаның бәрін қара басына пайдаланған. Балуанға бір суыртпақ жіп те бұйыртпаған. Одан қалғаны "сауғашыл" ел адам-дарының қанжытасына байланған.

"Тсетісетін ер ертоқымның артқы қасын сұрайды дегендей, Тама елінде болған тойда олар бір мәмілеге келе алмай, бет жыртысты. Кетусге, окпеге себеп болған Бертшектің пайдакүнемдігі мен қараулығы. Ақыры сол дүниеқоңыздық пен қараулық Бертшектің түбіне жетті. Ол қазынаның алтыны ұрлап, абақтыға қамалды.

Сонымен қатар. "Жыл құсы" повесінде Қарағанды көмір кенінің бас инженері - Левенштерннің характері көп қырлылығымен айрықша қоз тартады. Ол тек ондіріс технолотиясын тана емес, қыр адам- дарының мінез-құлқын, салт-санасын, психологиясын да жетік білетін адам. Инженер тумысынан адал, бейтам да аңқау дала адамдарына жоғарыдан қарап, менсінбетен немесе кемсітіп жек көртен мінез танытпайды. Олармен терезесі тең адам сияқты сойлеседі. Тіпті, өзімісіне сойлеп, іші-баурына кіріп Кететін ақылды да, айлалы қу. Левенштерн Битабарды алғаш көргенде-ақ, бурыннан таныс, етене жақын кісі сияқты жақындаса түскеті. Тіпті отан ешқашанда дәмін татпаған арақты да ішкізеді. Бас инженер әр адамның сырын алып, әр істің ығын табуға шеберленген. Қарамағындағы қазақ жұмысшыларымен ұрансыз, айғайсыз ортақ тіл табысып, еңбекке жұмылдыра біледі. Қазақтың мақтатанды, азын-аулақ сыйлық

Абой атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

жасағанды ұнататынын біліп алған әккі Левенштерн оларды тез үйіріп алып, өз ойын жүзеге асырады.

“Мынаның салмағы елу бес екен. Ал, тамыр, сен болсаң, бір жүз алпыс тарттың. Норманы да бұдан үш есе артық орындайсың. Келісім осы. Әйтпесе, паекты тегін бермейді шахта. - деп Левенштерн ойыншығын араластыра айтты. - үш есе деген не, тәйірі, бес есе, - деп қойды көңілденген Битабар” (2 т., 131 о.). Немесе: - "Сонда жарысқа кіммен түсесің? Ана Әлимен, әрине, түспейтін шығарсың?"

- Құдай сақтасын. Естіген жұрттан ұяттаты.

- Енді кіммен? - Левенштерн ерікті Битабардың өзіне тастады.

- Ана есік көзінде Ылғаз отыр ғой. Сол дұрыс болар” (2 т., 136 б.).

Жалпы қазатуар Левенштерн ешкімге ішкі сырын ашпайды. Бірақ көптің көзінше - әділ де сыпайы. Бастық екенмін деп жұмысшыларға дауыс көтеріп сөйлемейді, үлкенмен де, кішімен де жақсы қарым-қатынаста. Сол себепті оның аузынан мақтау естіп, қолынан сыйлық алып, жақсылық, шапағат көрмек Әли, Ылғаз, Битабар сияқты кеншілер оны өндіріс басындағы іскер адам деп ойлайды.

Дегенмен, Левенштерннің сырты бүтін болғанымен, іші түтін. Көп уақыт үлкен халықтың қарамағында бодандықта болған қазақ ұлты туралы да оның көзқарасы шындыққа жақын. Левенштерннің бұл көзқарасында үлкен астар бар. Және нақты да дәл.

“Қазақ даласын көп аралап, ой-шұқырын егжей-тегжейлеп біліп алған шеген қалпақ бір нәрсеге кайран: бұл далада осылардың әр қайсысының алар өз орны бар. Бұлар айла-қулық та жасаймайды. Даушарта да түсе алады. Ал сырт күшпен, сенімен кездесе, дәл осындай сорлы, бишара. Өз ортасында алар орнынан, өз арасындағы дәреже салмағынан айрылып қалбалақтайды да қалады” (2 т., 124 б.).

Оңайшылықпен түсін беріп, сырын ашпайтын Левенштерн өз есесін басқаға жібермейтін есеп-қисалтың адамы. Бас инженердің бұл қасиеті Битабармен қарым-қатынасынан айқын байқалады. Ол Әрдайым балуанға “тамыр” деп іш тарта сөйлейді. Битабар кенші күнделікті жоспарын бес есе артығымен орындап, атақ-даңқы Қарағанды шаһарына жайылып тұрғанда, оған үнемі қол ұшын бероді, мақтау мен марапаттан да құр алақан қалдырмайды.

Ол, ол ма. Битабар жалғыз ұлы Амантайдан айрылып, қайғыдан қан жұтып, тірі жанмен тілдеспей, іртсте теріс қарап жатып алғанда: “- Мәскеуден, Алматыдан телеграмма: көмір бер! Ал көмір беретін Битабар он бес күн болды үйде жатыр. Бала өлді. Рас. Бірақ көмір керек пе? Керек Паек керек пе? Керек. Шай да керек. Нан да керек. Сол себепті жатпау да керек¹ - деп балуанға өмірге бет бұрып, еңбекке араласуына моральдық жағынан демеу болған да - Левенштерн.

Повестің орталық қаһарманы - Битабар дала адамыша тән бауырмалдықпен, сенгіштікпен ұры, кашкип Бертшекті үйіне паналатын, соның, кесірінен түрмеге жабылғанда, оны абактыдан босатып алған да Бас инженер.

үстірт Қарағанда, басшы Левенштерн еңбек адамына, әсіресе, озат кенші Битабарға қамқор, аса мейірімді адам көрінуі де мүмкін. Жер астында аянбай тер төгіп жүрген кеншілерге еңбегіне орай, қолынан келген жақсылығын аямайды. Олармен әрдайым “тамыр” деп сыпайы сөйлеседі, дүйім жұрттың көзінше мақтайды, сыйлық пен сый ақыдан да құр қалдырмайды. Күнделікті тіршіліктің атымызда кеісееетін мұң-мұқтажын да ден қойып тындап, берген уәдесің дер уақытысында орындайды. Сондықтан да Левенштерн Битабар үшін, басқалар үшін де кен пейілді іскер адам.

С.Шаймерденов бұл хикаясында Бас инженерге не мақтап, не жамандап нақты мінездеме бермейді. Оның характерін іс-әрекет және диалог арқылы ашуға тырысады. Және қаламгердің инженер характерін айқындаты бұл амал-тәсілдері өзін-өзі ақтаған. Десе де, Левенштерннің Битабарта, Ылғазға және басқа кеншілерге жасаған қамқорлығында, мейірімділігінде, тіпті, дархандығында да ішкі бір есеп бар. Егер кеншілер күнделікті тапсырмалары төрт-бес есе асыра орындап, елте, қоғамға көмірді көп беріп жатса, Бас инженердің де өмірлік позициясы мытым, ұпайы түгел. Сондықтан кеншілердің ынталы, жігерлі жұмыс істеуіне, жоспарын асыра орындауына Левенштерн де мүдделі екен. Демек, ол қоғамдық іс пен жеке бастың мақсат-мүддесін орайластыра білген ақылды да қу адам. Бірақ несіз тауды жалғыз жайлаған түлкі тәрізді қаймана қазаққа басқан ізінің жымын білдірмейді, қарамағындатыларға сырын да алдырмапды. Сырт қозға жақсы, жайсаң көрінгенмен, сыр-қатарлары ішінде. Ол қатпар-қатпар сырларды ұту қиын, бұлғағын түсіндіру одан да қиын.

Мәселен, Битабарды жер астында көмір басып қалып, еңбеккер кеншілердің қатарынан шығып қалып еді, бұрында отан қамқор, сүйеніш болып жүрген Левенштерн сырт айналды. Өйткені Битабар емді оның мақсат-мүддесі үшін қызмет жасамайды. Ол жер астында қатты жаракаттантай жарымжан

адам. Мол көмір өндіруге қауқары жоқ. Сондықтан енді Бас инженерге қажеті де шамалы. Демек, “Жыл құсында” Левенштерн бейнесі қатпар-қатпар сырлары мол күрделі бейне болып шыққан.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні - жазушы С.Шаймерденовтің “Жыл құсы” хикаясы Қарағанды сияқты ірі өндіріс ошатының алғашқы қадамдары хақында және қазақ жұмысшыларының еңбек сапарындағы жеңістері мен бөгелісін де бүкпесіз, боямасыз сипаттаған, айтары мол туынды екен. Сонымен қатар, шығарманың басты кейіпкері - Битабардың шынайы да, тұқымды бейнесі суреткер-жазушының зор шеберлігін айқындай тұскен фактор болып табылады.

1. Бәшіенов Ә. Жаңа тыныс күәсі//Қазақ әдебиеті, 1972, № 2, Январты
2. Машинский С. Художественный мир Тоголя. - М.: Просвещение, 1979. — с. 154
3. Оразалин Н. Суреткер мерейі// Социалисты Қазақстан, 1982, № 144, 16 май
4. Бәрдіаев Р. Сырлы суреткер// Жұлдыз, 1982, №4. -176 б.
5. БісқақбаевМ. Айқын бедер//Қазақ әдебиеті, 1974, №28, 12 июль

Резюме

Данная статья посвящена всестороннему анализу образа Битабара - главного героя повести «Жыл кұсы» (Птица тогда - Т.Р.) выдающегося казахского писателя С.Шаймерденова.

Summary

This article focuses on comprehensive analysis of image of Bitabara, one of the main character of "Zhyl kusy (Bird, T.r.) outstanding Kazakh writer C.Shaimerdenova.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Д.А. Сатмирова - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, филол.ғыл.канд.

Жыраулар мұрасын зерттеу қазақ әдебиеттану тылымының басты мәселелері ретінде ғапымдар назарынан тұскен емес. Алайда жыраулар поэзиясын XX ғасырдың екінші жартысынан кейін танатерен зерттеуге жол ашылды. Алматы қаласында 1959 жылы өткен ұлтәдебиетін зерттеуге батыт берген әдеби мұра жайлы конференциядан кейін әдебиеттің тарихы терендеді. Қазақ әдебиетінің тамырын тереннен тартқан жыраулар поэзиясының асыл мұраларын жинап, бастыру ісі XIX ғасырдың орта шенінен басталады. Жыраулар шығармашылығын жүйелі зерттеу XX тасырдың екінші жартысынан басталғанмен, жинап бастыру, жариялау ісі одан әрі кезеңдерге тіреледі. Жыраулар поэзиясының жиналытты бастырылу және зерттелуін үш кезеңге бөліп қарастырута болады.

Бірінші кезеңге XIX тасырдың екінші жартысынан бастап кеңес өкіметі орнатан 1917 жылға дейінгі аралықты жатқызута болады. Бұл кезеңге негізінен жыраулар шығармаларын жинап, бастыру ісі атқарылды. Ш.Уәлиханов қазақ поэзиясын алташ классификациялап, жырау туралы сөз қозтайды. Түркі халықтарының әдебиет ұлтiлерiн жинап, зерттеушi В.Радловтың қазақ поэзиясын мазмұндық-іақырыптық тұрғыдан жіктеп тұсiндiретiн пікірлері жыраулар поэзиясының ерекшеліктері туралы айтылған алташқы тылыми тұжырымдар болды. Жыраулар мұрасы XIX тасырдың екінші жартысынан бастап мынадай жинақтар түрінде жарық көртені белтілі:

- Радлов В.В. «Образцы народной литературы тюркских племен» ч.III., VII т., СПб., 1870 т. ҮII том, 1896;
- Записки Оренбургского отдела Императорского Русского Географического общества, 1875, вып. 3.;
- Османов М. «Нотай уа құмық жырлары». -СПб., 1883;
- Бекмұхамедов М. «Жақсы ұтiт». -Қазан, 1908;
- Мұштақ Ғ. «Кексiлдер..». -Орынбор, 1911;
- Мұштақ Т. «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары». -Орынбор, 1912;
- Берқалиұлы А. «Ақыи». -Қазан, 1912;
- Валиханов Ч.Ч. «Сочинение».-СПб., 1904;

Жыраулар шығармашылығының жарияланып зерттелуін айқындайтын екінші кезең 1917 жылдан

бастап 1959 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Кеңестік идеология үстемдік құрған бұл кезеңде рухани мәдениеттің, әдебиеттің ұлттық сипатын терсінде танытуға мүмкіндік болмады. Бірақ бұл кезеңде де жыраулар шығармашылығы әдебиет тарихында ішінара қарастырылып ізді. Қазақ әдебиеті тарихын- даты жыраулар поэзиясының ерекшеліктері, жыраудың қоғамдық-әлеуметтік тұлғасы жайлы алғаш тылыми пікір М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» еңбегінен басталады. Х.Досмұхамедұлы ауыз әдебиеті ұлгілері туралы айта келіп, Асап қайғы шығармашылығындағы болжал әлеңге тоқталады. Зерттеуші еңбегінде жыраулар поэзиясына нақты тоқталмастан, толғау жанрының табиғатын танытатын пікір- лер айтылады. Толғаудың өзіндік ерекшеліктері туралы жіктеулер А.Байтұрсыновтың «Әдебиет таныт- қысында» беріледі. Жыраулар шығармашылығын жариялап, тылыми пікір білдіруде С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың еңбектерінің ролі ерекше болды. Е.Исмаиловтың «Ақындар» деп аталатын монография- сының қазақ ауызша әдебиетін жасаушы шығармашылық өкілдерінің әрқайсысына тоқталуы жыраудың шығармашылық тұлғасын танытатын құнды пікір болды.

Үшінші кезең әдеби мұра жайлы, әдебиет тарихы мәселелеріне байланысты өткен 1959 жылғы конфе- ренциядан бастап бүтінгі күнге дейінгі уақытты қамтиды. Әдебиет тарихын тереңдеп зерттеу әсіресе, XV- XVII ғасырлар мұрасын зерттеу ісі 1959 жылғы Алматы қаласындағы әдебиет тарихының мәселелеріне арналып өткен конференциядан кейін жандана түсті. Қазақ әдебиетінің тарихын жыраулық кезең- нен де терең, яғни түркілік дәуірлерден бастау керек деген Б.Кенжебаевтың осы бағыттағы тылыми ізде- ністерге жетекшілік етуімен М.Мағауин жыраулар поэзиясын тылыми айналымға түсірді. Сүйіншәлиев "Қазақ әдебиетінің қатыптасу кезеңдерінде" (1967), М.Мағауиннің "Қобыз сарыны" (1968) зерттеулерін- де хандық дәуір әдебиеті жан-жақты қарастырылды. Сонымен бірге "Қазақ әдебиеті тарихында" (1979 ж., 3-том) Н.Смирнованың еңбегі жарияланып, Х.Әдібаев пен Ш.Сәтбаеваның "Қазақ Әдебиеті" атты кітабында бір тарау жыраулар поэзиясына арналды.

Жыраулар шығармашылығын зерттеу ісі Ә.Қоңыратбаевтың әдебиет тарихының мәселелеріне арнал- ған зерпеулері, Қ.Сыдықовтың "Ақын, жыраулар" (1974), Е.Тұрсыновтың "Қазақ ауыз әдебиетін жасау- шылардың байырғы өкілдері" (1976), Ә.Дербісәлиевтің "Дәстүр және жалтастық"⁵, Р. Бердібаевтың «Ғасырлар толғауы» және толғау жанрын арнайы қарастырған Б.Әбшқасымовтың «Жанр толғау в казахской устной поэзии», жыраулар поэзиясының көркемдік арналарын сөз еткен З.Ахметовтің ізжі- рым пікірлері, толғаулардың тілідік-стильдік мәселелері сөз болатын Қ. Өмірәлиевтің, Р. Сыздықованың еңбектері арқылы жалғасын тапты.

Тәуелсіздік жылдары мәдениетіміз бен әдебиетімізді ұлттық мүдде тұрғысына қарастыруға жол ашылған тұста жыраулар поэзиясы да жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеле бастады. Жыраулар поэзиясының мәселелері С.Нетимовтің «Ақын-жыраулар поэзиясы: Тенезис. Стилистика. Поэтика». С.Қасқабасовтың «XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдебиеті», «Жаназық» және «Қазақ әдебиетінің тарихы» 3-том (XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы) атты зерттеулерінде сөз болады. Жыраулар поэзиясының көркемдік өрнек-ерекшеліктеріне Қ.Сыдықовтың еңбегі арналған. Тапым Н.Келімбетов «Сан ғасырлық тарихы бар қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің тұлғалары, қайнар-бастауларын объективті түрде зерттеудің ғылыми принциптерінің бірі -- сәлті рухани мұраларды өзара байланысты түрде алып қарастыру, яғни көркемдік дәстүр жалғастығы заңдылықтары арқылы таныт-білу болып табылады», (1, 3)-дей келіп, ортағасырлық дидактикалық сарындаты әдебиет пен жыраулар поэзиясы арасындағы дәстүр жалғастығы мәселелеріне тоқталады. Т.Тебетенов, А.Шәріп, Қ.Мәдібай, С.Дәуітұлы, зерттеулері де жыраулар шығармашылығының мәселелеріне арналады. Зерттеуші Қ.Мәдібай жыраулар шығармашылығының зерттелуінің бағыттарын былайша айқындайды: «Әдеби мұраны тануда, соның ішінде жыраулар поэзиясын ғылым талабы негізінде қарастыруда зерттеулер күні бүгінге шейін басы ашық екі арнада жүргізіліп келеді. Бірі - тақырыптық, мазмұндық, саяси мән жатынан қарастыру, жүйелеу; Екіншісі - көркемдік-творчестволік жақтан зерделеу» (2,11). Жыраулар шығарма- шылығы бүгінде тақырыптық тұрғыдан, көркемдік-стильдік жақтан жүйеленіп ғана қоймай, философия ғылымының, педагогиканың да зерттеу нысанына алынды,

1. Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалтастығы. -Алматы, 1998.
2. Мәдібай Қ. Хандық дәуір әдебиеті. -Алматы,-1996.

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы исследования поэзии жырау.

Summary

In this article are Considered Questions oresearch Zhyraus poerty.

ЕЖЕЛГІМҰРАЛАРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Г.Асқарова - филол.ғыл.канд., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушысы

«Ұлы Қазақ даласы -Түрік елінің кара шаңырағы» деп ел басшымыз Нурсултан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, қазақ халқының ескі дәстүрі мен мәдениетінің иібіфу төркінін іздетенде сол түркі тілдес халықтармен тамырласып жататыны әмбете аян. Көк түріктердің көне жұртынан қалған ескерткіштер тілінен де осы іздерді аңтарып жатамыз.

Ежелгі дәуір әдебиеті мұраларынан, оның ішінде Ұлы Түрік қағатының VI-VIII тасыр аралытында- ты әдет-ғұрпы, жалпы барлық тарихи болмысынан хабардар ететін әрі тасқа қашалып жазылып сақтал- тан асыл мұраларымыз - «Білте қаған», «Күлтетін», «Төныкөк» жырларын сөз етсек, бұл ескерткіштерде жеріп, дінін, елін қорғауды болашақ ұрпаққа өсиет етіп қалдырған жыр жолдары молынан ұшырасады. «Күлтетін» жырындаты:

Ілтері - күн иытысында,

Оң әісақта - күн ортасында,

Кейін - күн батысында,

Сол жесіта - тұн ортасында деген жолдардан байырғы ата-бабамыздың төрткүл дүнісіні оздеріне қаратып қана қоймай, ұлан-ғайыр жерімен мақтана апатынымен әлемте паш етілгені аңтарылады. Тіпті, «Төныкөк» жырында түркі халықтарының Тәңір мен Ұмай аната қапай табынса, жер-суына да солай қасиет тұтатыны былай өрнектеледі:

Тәңірі Ұматі, қасиетті Жер-Су Бізді қортайды, ойлану керек.

Бұл жай сөздер емес, кейінгі ұрпаққада **ой тастайтындай ұлататты сөз екеніне дауа жоқ.**

Йоллыт тетін әкесі Білте ханның басына ескерткіш орнатқанда елі мен жерін қызтыхиттай қортай апған түркі халықтарының биік рухын жырлап қана қоймай, зкесімен қоса Күлтетін атасына да арнап, олардың ерліктерін дәріптетен жырлар жазды. Мәселен.

Түркі бектері, халқы - Еұны тыңдаңдар!

Түркі халқын жиып Ел болыңдар! -

детен жолдардан Білте қағанның ел бірлітін сақтаудаты әділ саясаты мен парасаттылығы сөз етілсе,

Кед ей халықты бай ыпдыш,

Аз халықты көп қылдыш...

Түркі иелітінен айырылтан халықшы Ата-бабамекеніне орнаттым...- деген жолдардан Күлтетіннің еліне жасаған ірі иі ілікті істері насихатталады,

Жырда Күлтетіннің түркі хапқы үшін еткен еңбеті айтыла келс, түркі халқының табташтарта бодан болуыныңтүпкі ссебеді де корсетіледі. Онда:

Ақылды кісілерді, батыл кісілерді Табташтар қозтай ачтан жоқ.

Тзтті сөз, асыл дүниесіне көп алданып Түркі халқы қырылдың,

Туркі халқы жойылдың,

Түстікте Шұтай қойнауы түтіл,

Тун жазытына қоныстансақ десуіі ең.

Түркі халқы, жойылдың, -

дей келе ақылды адамдарды табғаштардың ез арбауына түсіре алмағаны, бірақ қарапайым халықтың алтынқа, асыт дүниете қызыққаны, сол дүниекоңыздықтың түркі халықтарының түбіне жеткендігі айтылады.

Аңдыған жау түркі халықтарының аңталдығың пайдаланын, былай дер еді:

*«Жырақ, болса, жаман сыйың берер,
Жың болса, жаңсы сыйың берер» - деп.
Осылай шандырып еді.
Білімсіз кісілер сол сөзге нанып,
Жаңын барып көбің қырылдың.*

Жырда ұлттық мұраттар мен ұлтшқ құндылықтар мәселесі айқындалған. Табташтар салған ылаң мен іріткіте ырық бсріп жалған сөздің жетегіне кетіп, қырылып, жойылып бара жатқан халықтың іс-зркеті де баяндалады.

Түркі халқы үшін жер жәниаты болған Өтүкен қойнауы қасиетм, онда орныша отырса қағанат қамсыз, ел мұңсыз бодатындығы ескеріледі. Яғни,

*... Өтүктн қойнауында отырсаң,
Мдңті елдітіңді сақтайсың сен,
Онда түркіхақы тоқ.*

«Күлтеі іп» жырындаты:

*Екі аралықта жұртвн иесіз көк
Түріктерді осыпай
Қоныстандыртан екен,
БЫте қатандар екен,
Ачып цистдар екен,
Әміршілврі де бірте болтан екен,
Алып болтан екен.
Бектері де, халқы да сенімді
екен.
Сол үшін де елін сонша (узақ)
бішетен екен,-*

детен жолдардан VII ғасырта дейінті түркі халқын билетен қағандардын, билеушілердің әділ, алыш болғандыты және бектері де, халқы да біріне-біріне сенімді болтандығы жырда мақтанышпен айтылытт болашақ ұрнаққа ұлті-өнетте етілсді. Түркілер құрған ұлы қағанайтың аты, даңқы өшпеуін тілейді. «Түнде ұйықташдыш. күндіз отырмадым. Қызыл қанымды төктім, қара қанымды ағыздым, күш-қуатымды аямадым» детен жолдардан ел шетіне жау келтенде Тонькөктің осындай іс-әрекет жасатаны мадақта- лып, жалпы түркі слінің іртссі берік болу үшін осындай аса білтір, коретен, батыр да өжет уәзір, қолбасы керек екені жырда баса көрсетіліп айтылған. Демек, көктүріктердін мемлекеттік-ұлттық санасын кемел- дендіртен ұлттық идсясы өз заманына лайық, аса жетілтенің аңғарамыз.

Ал осы алып, оділ қағандардың құрған мемлекеті нете табташтарға тәуелді болып, түркі халқы елдітінен қалай айырылтаны, япіи, біліксіз қатандар мен жалтақ әміршілер тұсындағы жағдай жырда анықтап айтылады. Мәселен,

*Біліксіз қатандар отыртан екен,
Жалтақ қатандар отыртан екен.
Әміршілері де біліксіз екен,
Жалтақ болтан екен.
Бектерінің, халқының ымырасыздытынан,
Табташ халқының тепкісіне көнтендітінен,
Арбауына көнтендітінен (сентендітінен)
Іш-аталының дауласқандшынан,
Бекті-хақының жауласқандытынан Түркі хақы елдітін жойды - деп түркі руларының*

үетем тал өкілдерін, бектерін жағымпаз, такқұмарлығы үшін айыптайды. Ел ішін- деті бақталастық. ымырасыздық, әміршілердің ақылсыздығы, бұпын бәрі түркі халқының елдітін жойды.

Бұл өте қауіпті кезең еді. Алайда өздерін тәңірдің сүйікті құлы санаған түркі халықтары тәкәппар, ержүректілігін таты бір дәлелдетісі келіп, қайта атқа қонады.

Түркі халқы:

«Қырылайық, жойылайық», - десті,

Ажита жәйіжи бастады,

Кокте түркі тәңірісі,

Түркінің қасиетті жері, суы, былай депті:

«Түркі халқы жойымасын», - дейді,

Ел болсын», - дейді.

Бұдан кейін арада елу жыл өтті. Азат халық өз бостандығын жоқтап елу жыл толарсақтан қан кешті. Ақыры детені болып жеңіске жетті. Себебі, түркі халқының «Қатаны - алып, ақылтөйі - кеменгер» еді. Түркі халқының жаулары қидандар, табташтар, отыздар «Осы екеуі тірі болса бізге жеңу жоқ» деп сескешіп, қатты налитын болған.

Түйіп айтқанда, қазақтың арғы бабасы түркі жұртының «Бастыны еңкейткен, Тізеліні бүктірткен» қуатты мемлекет болғаны мен алып ерлерінің ұлы істері тасқа жазылған дастандар арқылы бізге жеткені рас. Ал сол мұралармен бірте ешқандай елге бас имстен түркі халқының асқақ рухы да көк пен жерде мәңгілік шарлап өтетіні сөзсіз.

1. М.Жолдасбеков. Орхон ескерткіштері. -Астана: Фолиант, 2001. -176 бет.

2. Ежелгі түркі рун жазбалары: Құлтетіп, Тоықкөк (әдеби нұсқасын жасатан Қадыр Мырза Әли). - Алматы: Өлке, 2001. - 144 бет.

3. Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүтінмен болаіаты. - Астана: Ер Дяунет, 2004. — 232 бет.

Резюме

В статье рассматривается древнетюркское наследие народа.

Summary

In article the national idea of the Ancient heritage is consider.

«ЕҢЛІК-КЕБЕК» ХИКАЯСЫНДАҒЫ КЕБЕК ТҮЛҒАСЫ

Ә.Н. Нурланова - Қазақстан-Американ еркін университеті, Өскемен қаласы

Образ - көркем шығарманың қанын жұтіртіп, сюжетті өретін, суреткердің көкейіндегі ойды көпке жеткізетін құрс тамыры. Оның үстіне, қаһармандар нақылы өмірде болған, тарихта жасаған адамдар болса, образ шығарманың жүретіне айналары шындық.

«Еңлік-Кебек» хикаясының тарихи негізі бар. Еңлік пен Кебектің, оларта үкім айтқан Кентірбайдың да өмірде бојіған рас. Сондықтан да, Еңлік пен Кебекке байланысты шығармалардың қаһармандарына талдау жасатанда, ғылым олардың өмірлік деректерін ақтаруды талап етеді. Нұсқаларда Кебектің тобықты ішінеті Жуантаяқ детен атадан тарайтыны туралы айтылады. Шәкәрім шежіресінің «Орта жүздеті артының рулары» детен тарауында Жуантаяқтың ата тетін таратып берген [1,41 б.]. М.Жанболатұлы құрастырған «Тобықты - Шыңғыстау шежіресінде» Кебектің ата-теті мен ұрпақтары бышай таратылады: Дәулетек (Жуантаяқ) - Жненшора - Шаршақ - Тасахан - Кебек - Таз, Сары, Жанақ, Ермек [2, 463-478 б.].

Шығармаларда Кебекті батыр деп айтқанмен, оның батырлығы, өмірі туралы тарихи деректер кездестірмедік.

Жотарыда Кебектің бірінші әйелі болғанын және одан таратқан ұрпақтар да бар екенін растайтын деректер барын айтық. Әңгімеден басқа нұсқалардың ешқайсысында бұл жайт авторлар қаламынан көрініс таппаған. Мағауия мен Шәкәрім, М.Әуезов те Кебекті әлі отбасын құрматан, салт жітіт деп суреттейді. Сонда тобықты тұрмақ бүкіл қазақтың ел мен жерінің шежіресін білетін Шәкәрімнің өзі бұл мағлұматтардан сырт қалып қойған ба? Жоқ, бұдан төрі авторлар көркем шығармаға өмірлік фактілерді екшеп алған детен жон.

«Қазақтардың естерінен кетпей жүртең бір сөзде» оқиға «Жуантаяқ детен тайтіада бір жас Кебек детен батыр болыпты» деп Кебекті танысырудан басталады [3, 396 б.].

Автордың іайымдауындағы Кебек - «халыққа батырлар құрметті болған», «батырлар халықтың пайдасын тастап, оз пайдасы үшін қимылдамайтын» замандағы «қайраты тасып, шыдай алмай» жүртең жиырманың ішіндеті «батыр Кебек», «ер Кебек», Әңгімеде оның батырларға сай сыртқы кескін-келбеті жоқ. Бірақ автор оның мінез-құлқы, ерлік істері, адамдық қасиеттері туралы тәптіштеп баяндап береді. Өзі жас болса да, әділсті, ерлітімөн ел аузына іліккеи. Жау келсе, ел намысын қорғап, қол бастаған қыран. «Қаріп-қатер, кедейлердің» жақшыеы. Дұшпаны да жоқ емес.

Кебек бүкіл қара қазақтың қорғаны емес, ру ішіндеті батыр сияқты: «Кебек атқа мінтен соң Жуантаяқ халқы дұшпаіщарының кетін алыл тыныштап, жақсы тұрды дейді» [3, 398 б.]. Детенмен сюжетте оның батыр болып ерлік көрсеткен тұсыт жоқ.

Кебек қанша қаһарман батыр бола тұра, үлкен сезім апдышда әлсіз. Еңлікті көртеп бетте ғашық болып қалады. Нысан абыздың сезін ұмытып, «қорлықпен өлесің детепі қатеріне де келметті». Қайраі күші бойын кернеп тұрған жас жітіт өлім туралы қаперіне де алмайды. Бұл туралы әңгіме авторы: «Жастықта кісі өлсріі ойлай ма, әркім өлеріі білсе де, жылдам өле қоярмын-ау деп ойламайды», -дейді [3,399 б.].

Кебектің Еңлікті шып қашуында батылдық бар. Бұл батылдық Кебектің халық арасындағы ез беделі- не детеп сенімінсн туындайды. Сейткен хапқы батырының жанына араша бола алмай. «қатын-баласы- пыц көзінше» ат құйрышна байлап қоя берді ғой. Бағанағы ел арасындаты дашсты, «мейлінше атакты» батырымыз ком алдында қаукарсыз. Тырп ете алмады.

Матауия да нетізті оқитасына жоғарыдағы әдетпен жуантаяқ руынан шыққан ер Кебек жайын баяндаумен келеді. Мұнда да Кебектің сыртқы кескін-келбетін көрсететін портрет жоқ. Омың бойындаты бар қасистін автор «зор көкірек, өр сөзді адам еді» детеп екі ауыз сөзфн-ақ береді, Бірақ осы екі ауыз сөз Кебстстің қаидаи адам екені туралы ой қорытуымызға жеткілікті. Өрлік қайраттан, қайрат срліктен, қайтпас мінездеи іуып отыр. Ақын соз саптауынан Кебекі ің «найза ұстаған жауынтер», батыр скенін аңғартып қояды. Сол батырымыз «ұрғашыға көңілі ауған жан болмаса да», Ешпкітң қармағыша, яғни махаббат тұзағыпа ілініп қалды. Бірақ қыз, қызық іздетен балац жітіт емее, өмір бойғыға созыларлық сүйіспениілік пеп бір конілі ауса. біржолаіа берілср сезім иесі. Өзіне лайық адал жар, өмірлік жолдас кездестіртІсі келтен жан. Оны езі де Ецлікке жолыққан сәтте ашық айтады.

Кебек Вңлжтің басы бос емес, әке-шешесі беріп қойған жері бар екепіп біле тұра, мұны кәлденең келер бөтет көрмей, алған бетінен қайтпайды, Еңлік үшін мал мен жанды аяп тұрған жоқ.

Әңгімедетідей емес, мұнда батыр Кебектің соғыс салған сәтін көреміз. Бірақ жүз кісіте қарсы қайрат таныта аларлықтай ертетІнің алыбы жоқ.

Мағауияда Кебектің ел алдындағы беделін исі тобықтыны уысында ұстаған Кещ ірбай бите қаратып айтқан октем сөздеріиен байқаймыз. Сопда Кебек нете сүйенді, несіне сенді?

Осы тұста ғалым Қ.Мұхамедханұлының Матауия кейіпкері туралы: «Кебек - ел үшін жапын аянбай салатын», елдің ері. Көңіпі ақ, жүреті таза, жаны биік ардатер азамат. Ол батыр... Ол өзінің адалдығына сенеді», - детен сөздері ойға оралады [4, 123 б.]. Оның ұстіне, ескі салт пен ағайын арасындағы алауыздықтан тенер қасіреттен өз махаббаттарын күштірек кәріп, сотан сүйенді.

Батыр аңғал келеді детендей, Мағауияның Кебеті Ксңтірбайдың сөздеріне алданып, ілмек қылып дайындап отырған шылбырға тілі «алла» деуте ғана оралып, езі келіп тұсті. Бұл оның соцты сөзі еді. Ақ көңілді албырт жітіт айналата ақ жаркын көцілмен қарап, олардан да тек ізтілік күткен еді. Ешкімнен қайран болмай, ақыры ажалмен қауышып тынды.

Өз поэмаларында портрет жасауға сарандау кслетін Шәкәрім Кебетше кеңірек тоқталып, тұғаасын сомдап береді:

*Ол Кебекмұщты болтан жас басынан,
Тоқаң да тастамайды өз қасынан.
Жасы бала болса да, жаны отты деп,
Артық көріп не сабаз жолдасынан [5, 194- 195 б.],*

«Жасы бала болса да, жаны отты». Кебектің ксскін-келбеті, мінез қалпы осы жолдарта сыйдырылса, барлық қасиеті «көзі откір», «кең иықты» детен сурепеулермен шектеледі.

Енді тана. Кебектің сырт келбетін елестетуте болады. Батырымыз - қара торы, тапалдау жітіт. Кең

Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Филологические науки», №4(38), 2011 г.

нығынан қайратын көреміз, өткір қара көзі - қайсар мінезі. «Ту тіккен Тобықтының қолбасшысы» [5,

194 б.] Токтамыс батырдың өзі небір сабаздардан артық көріп, қасынан тастамайды. Қас батырлығымен қоса үлкенге құрмст, кішіге ізет көрсететін адамгершілік қасиеттерінен де хабар беріп кеткен. Ең бастысы - елі үшін жанын беруге даяр ер жігіт.

Шәкәрімнің Кебекке бертеп портреті ғалымдар тұрғысынан зор бағасын алды. «Автор психологиялық мінездеме мен портреттік сипаттаманы шебер ұштастыра, тұтастыра отырып, қазақ ұтымындаты елтезек, есті, ер жүрек жастың шебер тұлғасын жасайды,-дейді Ә.Дербісапин. - Кебек бейнесіне дейін әдебиетімізде (фольклор өз алдына мәселе - Ә.Д.) ауыз толтырып айтарлық бірде-бір кесек тұлғаның портреті жасалмады десек, асыра айтқандық емес» [6, 252 б.].

Шөкорім Кебек бейнесін сомдатанда оны керемет батыр ретінде бейнелеуді мақсат тұтпайды, оның ішкі жан дүниесі арқылы образдық келбет жасауға ұмтылған.

«Ел мақтатай жігітті қыз жақтаған». Кебек қыз үйіне келіп, өзін таныстырып, атын атағанда қыз тетіннен тетін жалт қаратан жоқ. Яғни, Кебектің аты, жақсы аты бұған да жеткен. Кебек бойындаты кішіпейшділік пен ізет Еңліктің ата-анасына детен қарым-қатынастан да байқалады. Көртеңді жігіт асты алдымен ұй иелеріне ұсынып, қайтарда тымақтық тұлкі беріп кетеді.

Шөкорімнің Кебеті де ойын-сауық, қыз-қызық қуған таяз ойлы жан емес. Ол жеке басының бақытынан ел тыныштығын артық көретін, ел қамып жеткен жігіт. Қызға көніп ауып тұрса да, Еңліктің өзі сыр ноктасын ағытып жіберсе де, ақылына жеңтізді. Сынап тұрса да, ел арасын бұлдірмеуді ойлап, өз сезімінен көптің тыныштығын жотары қояды.

Бұл Кебек әңгіме мен Мағауия аұсқасындатыдай апын-ұшып ташық болған Кебек емес.

Ақын кейіпкердің ақыл межесі мен таным-түсінігін антарту үшін оның өзіне сөз берген.

Кебексөзі:

*Матай сүйса, Тобықты тек жата ма,
Азбын деп жанын аяп, ар сита ма?
Ауыл шауып, мал алып, қан төміңсе,
Ойла, қалып жұрмелік теріс батата!*[5,202 б.].

Батыр Еплік екеуінің бас қосуы ел мен елдің арасын арандататын бас жарылып, қан тогілер іс екенін болжап тұрса, екінші жатынан халық қарғысына қалмауды ойлайды. Ол кездің ұтымында теріс батаға қалу - батыңа балта шабу детенмен бірдей.

Қыздың ақылға қонымды дәлелдері мен жастық жүрек лүпілі, шексіз сезім осы күдіктің бәрін жеңіп шытады. Батыр өз махаббатымен қатар, мойнына құрық тускен қызды құтқаруға бел байлады. Кебек қыздың үйінен кетерде өзінің ажалындай аузын ашып тұрған қара жартасты байқайды. Сонда ол, абыз айтқандай, қара жартақ қалқасында қыз, қыз соңында ажал тұрғанын білді ғой. Біле тұра көңілі құлатан қыздан бас тартпады. Басқа нұсқаларда осы детальға мән берілмейді. Бұл оның татдырмен бетпе-бет келуі еді.

Сонда Кебек тағдырды жеңбекші болды ма, әлде оның басқа салтанына көнтені ме? Басқаша өмірден бас тартты ғой. Бұл орскетінің ар жатында татдырта қасқайып тұрып қарсы шыққан қайсарлық жатыр.

Ол олімге бел байлады. Қарап жүріп өлгенше, Еңлік үшін олуте бел байлады.

Мағауиядаты Кебек қыз аттан ауып түсіп қалғанда көзі қиып кете алмай, жай Күреңменен «жанаса- лап» жүрсе Шәкәрімнің Кебеті: «Өлсем бірте олмекші сертім бар» деп Екпіктің соңынан ере аттан түсіп қалады.

Кебектің Еңлікке қайта оралуы - сезімінің тұрақтылығы, адамшылық қасиеті, мінезінің қаттылығы. Татдырдан да аттап кете алмады. Таты да татдырмен жолытамыз.

Шәкәрімнің Кебеті - орасан зор алып құштің иесі емес, қарапайым кейіпкер. Басқа нұсқалардатыдай мұнда да Кебек батырымызды қалың жаумен айқасқан шайқас үстінде емес, мимырт тірлік күйіне араласқан кейіпте көреміз. Туынды қаһармандық эпос емес. Ғашықтық дастан оқырманына оның айбат күшінен төрі, сұлуды сүйген қалтқысыз махаббаты, сезімте берік поктіті қажет. Шөкорімтанушы талым Б.Әбдітазиұлы Шәкәрім ақын суреттеуіндегі Кебекті алтан бетінен қайтпайтын ожет, қаймықпайтын батыр тұлға деп бағалап, «батырлығы оның білек күшінде емес, жан сарайында, ақыл-парасатында» еке- іін айтады [7, 259б.].

Батыр деп суреттелгенмен, батырлығы қолта чұскен кезде қанжармен саптан аз сотысынан аспайды. Кебектің ұсталар апдындаты қайрат көрсетуін автордың өсірлемей беруі поэманың реалистік суретін нақтылай тұскен. Ақынның басты назары - Кебектің рухани ерлігінде.

Кебек Еңлікпен бірте «Ал енді өлтіре бер мейлің» десіп, өлімді қасқая қарсы алды.

Шоқарімнің Кебеті де Еңлікке детен ақ сезімнің, адалдықтың құрбаны. «Не күшті, ойласаңыз, татдыр күшті» [6,209 б.]. Осы жолдарда татдыр қоспай тұрса, лаж қайда детен ой жатыр.

Сонымен, Шәкәрім пұсқасындаты Кебек-білек күшімен тана емес, жүрек күшімен айрықшаланатын қаһарман.

М. Әуезовтің Кебетімен ел азаматтарының кеңесі кезінде танысамыз. Ондаты Кебек - тобықтының арқа еүйер, үміт артар азаматы.

Кебектің бұл тұлғасы басқа нұсқалармен ұқсас. Мұнда да Тоқтамыстың інісі, мұнда да ел аталарының аузына іліккен, мұнда да батыр, бірақ он бес батырмен жалғыз айқасқан елден ерек орасан күштің иесі. Тіпті матай мен тобықты руларының арасына татулық, бітім әкелген де сол Кебек батырдың білек күшінің арқасы. Драматург осылай Кебек бейнесін шығарманың басынан-ақ асқататып көрсеткен. Детенмен іұрпаты «батыр пішінді емес, сұлу сәнді бозбала» [8, 12 б.] тана. Кебек абызта иіліп сәлем бергенде және бата сұрарда қойнынан құндыз алып, Абыздың алдына тартқанда Шәкәрімдей кішінейіл ізетін аңғарамыз.

«Әрі батыр, әрі қуатты да сұлу сезім иесі, дала түлі - Еңлік сүйтен Кебектің» мінезі балтермен кездесуінде ашыла түскендей. Абызбен кеңесінде дүниенің бәрін дос көретін ақ ниет, адал жүректі жан екенін ақтарып тастайды. Тіпті көпі көртен көретен Абыздың өзі: «Жасты көрсем, осылай көрсеміі» [8, 12 б.], - деп тамсанып, әрі сүйсіні қалады.

Тыңсататы Кебектің алдында, басқа нұсқалардағыдай, кеңілі сүйтен жарына қосылу жолында кесе көлденең болып оштескен сікі ру тана тұрған жоқ, мұнда найзаның ұшы, білектің күшімен таиа табыспақ жау Есен батыр таты бар. Бірақ Кебек қайсарлық танытып, оны кедерті көрмейді. Махаббаты үшін бәрі- не қарсы тұрар қайраты бар,

Батырлығы болса да, «тасырлығы» жоқ Есенмен шекісіп қалғанда жөн сөз айтып ара болған қыз ақылына тоқтап: «Ара түсер айыбым болса, ақылыңа көнейін, амалсыз-ақ көнейін мен, мақпал қыз!» [8 27 б.] - деп алташ болып айыбын білген де Кебек.

Жіптің Еңлікпен уәделі жерде кездесіп, қол ұстасып бірте аттанған шатыршаты жүрек толқынысынан жанының нәзіктігі, сезімінің пәктігі көрінеді. Жалындатан шатырда жар сүйтені үшін тана жазықты болған жас жігіт Еңліктің ақ тілетін қабыл ала отырып: «Ақ тілеуің басшы болсын алдымда. Кіналама, жазықсызбын. Адал жолым куәсі бол, кең дүние!» [9,28 б.] - деп ақтала сөйлейді.

Екеуінің ел көзінен тасалап жүртен кездеті: «Ақ болып, адам көзінен тытылып, қашып қортен өмір құрсын» [8 42 б.] - детен сөздерінде үлкен мән жатқандай. Ол тау-тас кезіп, жеке басының батына малданып жүретін жан емес, қотамның ұлы, кешеті елінің туын ұстатан батыр той. Ендеше, нете елсізді саталап, ұрыдай тытылып жүр?

Дана драматург тыңсататы кейіпкерлердің әр сөзіне нар көтерер жүк артып қойған. Оны бір деммен еңсерем деу болмас,

Басқа нұсқалармен салыстырғанда, М.Әуезовте Кебек бейнесі қамқор жар, мейірбан әке ретінде де сәтті шыққан. Елден кетіп, елсіз тауды паналап жатқанда: «Тыным тапшы, аз да болса тыныштық тапшы сойтіп, Еңлігім» [8 42 б.], - деп Еңлікке мейірбан көңіл танытса, енді бір жерде құндақтаулы жатқан періште сәбиін ойлап ет жүреті елжіреді. Өз басы жалқы болса, бұлайша иен далада жасырын күнелтер ма еді? Алысып, шабысып ентелеткен көптің қолында өлер еді той. Жоқ, ол құшатындаты жары мен баласына қарайлайды, солардың амандытын бірінші кезекке қояды.

Еңтік пен Кебектің мұнды махаббаты туралы басқа туындылар сияқты, тыңса да сентен жұрты сатып кеткен қайран ерді көреміз. Бейбақжас ажалды үкімді естесе де, албырт жүрек сене алмайды. Елім деп еркелеп жүртенде тұзаққа матап бертені қалай болтаны? «Ел кісілері қара қоңыл бите - Кеңтірбайта ертен соң, ер-азамат соларта ертен соң, ар жатында не қалды, айтындаршы? Күні-түні қашып-пысып аң болып, таты жүртенде көнілдеті медеуім не болды, кім болды, айтындаршы?» [8 45 б.] - деп зар жылайды кешеті Кебек ер.

Осылайша аңыратан Кебекке ешкім жауап қатпады. Жанында серіті, артында елі жоқ, кешеті тобықтының тұтырлы батыры Кебек бұтінде жалғыз. «Кебектің дәурені кеткен, онын елте кереті жоқ. Оның орнына қуыс құрай».

Басына іс түскенде өз жұрты, сол тобықтылар Кебектен көлеңке сияқты сырт айналды. «Матайдың аңғашқы екпінін су сепкендей басқан да сол Кебектің бір өзінің қайраты той». Ел іртесіне жау келгенде

калыц халқын қорғаған батырдың бір еркелігін қауымы көтере алмады. Автор осыны «я ул атанып ел табам, я қанышер қайқы болаттың қайратын сарапқа салып өлтіремін» деген Кебектің ашынған сөзімен кестелеп береді [8 42 б.]. Бұл жолдарға автор үлкен ой сыйғызған. Осы жерде ұлылықты түсіну ұшып де, ұлы жазушының тереңінен жазғандарына бойлай алу ұшы де тереңдік қажет екені ойға оралады.

Сөйткен Кебекке жақ болғандар - қолында бшііті, білетінде күші жоқ абыз бен көіітің атынан «орын- сьп жерте кі-шітіп» [8 40 б.], батырдың жанын арашалауға келтен жалғыз «Жітіт» пе? Басқа қауым қайда? «Баіам», «батырым» деген жұрты қайда?

Елі ерін өлімте қиса да, ері: «Тобықтының баласына менің сөзім жоқ. Ендіті сөзім жетіп олардың жүйесін босатпай-ақ қойсын» [8 47 б.], - деп сорлы елін қарғамай өлді.

Жоуетай келіп, ажалды үкімді естірткепде де бас салып каша жәнелтен Кебек жоқ. Тек Ендіктің өтініші мен нәрстесі болмаса.

Еңлік өлср алдында уш тілек айтса, Кебек те бос кетпеді. Ол жастығын ала жатады. Жауы Есенмен жекпе-жекке шытыш, басымдығын көрсетті.

Сонымен, екі поэма меп пьесадағы Кебек бейнесі бір-бірінен онша алшақтап кетпесн. Бар нұсқада Кебек туралы өмірлік дерекке қиянат жасалмай, Токтамыс батырдың інісі екені, сол кездеті қазақтың қас дутпаны қалмақтармен қан майдан шайқаспаса да, ел ішінде қадір тұтатын білекті батыр болғандығы сол қаллында берілген. Барлық нұсқаларда да ол - ақ сезімте тұрақты адал махаббат иссі.

Әңгімеде болсыш, поэзия мен драмадағы Кебек болсын, «батыр» деп аталтанмен, оның батырлығы сюжет сахнасына шықпайды. Тек М.Әуезовтің оны ру мен ру арасындағы жанжалды білек күшімен шешуші ретінде ел аузына іліктіріп қойтаны болмаса. Аізторлар нетізіней Кебектің адамгершілік қасиеттері мен жап лүниесінің батырлығына мән берген.

1. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, цыртыз-қазақ һәм хандар шежіресі. - Алматы: Қазақстан, 1991. - 80 б.
2. Жанболатұлы М. Тобықты - Шыңғыстау шежіресі. - Алматы: Курсив, 2004. 3-т. — 560 б.
3. Дачи уалаятының тазеті. Әдеби нұсқалар (1888-1894). /Құрастырғаны Ұ.Субханбердина. - Алматы: Ғылым, 1989. - 656 б.
4. Абайдың ақын ішкірттері. /Дайындыстан Қ. Мұхамедханұлы. - Алматы: РТЖИДәуір, 1993. - I-кітап. - 224 б.
5. Шәжірім. Қазақ айнасы: Өлеңдермен поэмалар. - Алматы: Атамұра, 2003. - 296 б.
6. Дербісалин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. - Алматы: Ғылым, 1990. - 290 б.
7. Әбдітазұлы Б. Шәжірім ліемі. - Алматы: Раритер, 2008. - 408 б.
8. Әу'езов М. Жиырма томдығы шығармалар жинағы. - Алматы: Жазушы, 1981. - 9-т. - 492 б.

Резюме

В этой статье анализируется образ Кебек в произведениях, написанных по сюжету "Еңлік-Кебек" методом сравнения произведений и жизненных фактов по данному сюжету.

Summary

This article studies the image of Kebek in the works written on the subject "Enlik-Kebek" by means of comparing literary works and life facts.

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

(НҰРЛАН ОРАЗАЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ)

Қ.Келімостов - Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушысы

«Ақын, ұлттың ұлы ақыны деңгейіне көтерілуі үшін, сол ұлттың қайғы-қасіретінің қанды жасын ішіп, оның бүкіл азабын жан-жүрегімен көтере білуі керек. Қапша ол тынысты, қанша ол қуатты болғанмен, қанша ол образ, теңеу, метафораларды иіріп алып кеп өлеңте қызмет еткізіп қойғанмен, ол өлеңдердің әдетінде ұлттық рух пен ұлттық мүдде жатпаса, онда ол ұлы ақын бола алмайды. Ірі ақын болуы мүмкін. Мықты ақын болуы мүмкін. Бірақ ол ұлттың ұлы ақыны емес» дейді ақын Темірхан Медетбек өз сөзінде.

Қазіргі қазақ поэзиясында өзіндік орны ерекше ақын Нұрлан Мырқасымұлы Оразалиннің көптеген

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

Поэзиялық шығармаларында қазақ деген халықтың мұң-мұқтажын айтып, жоғын жоқтау әдетті қалыпқа айналған мәселе. Ақын жүрегі өз халқының ащы тағдырын көре отырып беймаза көңілімен тебіренеді. Қасиетті қаламымен көпшілікке сөз арнап, ой тастайды.

Н.Оразалин поэзиясы - тыныс. Шағын өлеңдерінің өзіне шалқар ой ұялату ақын үшін қалыпты жай. Өлеңдерінде заман жырын, қазақ өмірін, қазақ халқы бойындағы жақсы мінезбен жат-кылықты сыйғыза, ұштастыра баяндайды. Етектен тартар кемшілік қайсы, елдікке бастар жетістік қайсы - салыстыра отырып ашады. Жырларында тіршілік дүниесі адам баласының өмірі, жалпы өмірдің мәні жайында лирикалық-философиялық терең толғаныстар бар. Тыныс кендігі мен ой тереңдігі құптай жарасқан әндері жұп-жұмыр, шып-шымыр.

Н.Оразалин жырлары терең ойлы. Жай сурет, жадатай образдылық -ақынға жат. Өлеңдеті сурет қуатты қайнардан, өлеңдеті идея - құнарлы ойдан бас құрайды. Өлеңдегі суретке жан бітіріп образды қимыл-қозғалысқа түсіріп, өнер дүниесіне айналдыратын қазық ой! Ақын -ойшыл. Ақын - философ. Қарапайым өлең шумақтары табиғилығымен, сезім тазалығымен сүйсіндіреді.

Ақынның қай өлеңін алсақ та бүтін бітім, өзіндік сом-сом ойға кезігеміз. Алғашқы кездері жарыққа шыққан туындыларын негізінен таза лирика құрайды. Мезгіл, уақыт, адам, шер, мұң, махаббат, сезім... әрқайсысы жске-жеке лирикалық инструмент десе жарасады. Өйткені, барлығы жиылып келіп ақын жүрегіндегі пернеден әсерлі бір әуен түзеді. Өйтсе де дарынның кемелденіп, толысуының айтағындай «Құралайдың салқыны», «Ғасырмен қоштасу» секілді жыр жинақтары айрықша жемісті шығармалар екендігі дәлелденген,

Ақынның 2001 жылы «Елорда» баспасынан жарыққа шыққан «Ғасырмен қоштасу» жыр кітабы мазмұн терсіндігі, көркемдік ізденістері, тіл айшықтары, кемел ой жүйелерімен салмақты шығарма болып табылады.

Жыр кітабы «Жанның дауысы», «Арғымақ ойлар», «Санадаты сарын» атты үш бөлімнен тұрады. Әр бөлімдегі өлеңдері мазмұны мен тақырыбына қарай жіктеліп топтастырылған.

Жыр кітабының алғашқы парақтарын ашқаннап-ақ:

*Жүрегімде уақыттың сызы бар,
Ой-санада ғасырлардың ізі бар,
Ұлы дала...
Ұлы таулар...
Тұмарым.[2; 13].*

деген тебіреністі жолдар ақынның үнін, жан-жүрісін, күллі болмысын даламен тұтастырып жіберетін қуатты шумақтармен жалғасады. Шынайылық, құйылып тұскен шымырлық, әп-әсем сезім өрнегі - осы бір өлеңнің өн-бойынан айқын аңғарылады.

Ақынның жырларындағы әр алуан көңіл-күй, жүрек дүрсілі, сезім тербелісі қазіргі заманмен үндестік табады. үндестік өлеңдерінің әр жолынан көзге ұрып, сөзбен жеткізіліп жатқандай. Ақынның басты мақсаты, мейлі табиғатты жырласын, немесе жан-жануарды, құстар өмірін, не басты тақырып адам тағдырын жырласын олардың бүгінгі уақыттағы тіршілігіне байыппен, салмақпен қарап өзіндік қозқара- сыи көрсету той деп ойлаймын. Өмірдің әрбір мезеті мен қалтарысын қаламынан тыс қалдырмаған ақын сезімтал жүрегімен жеткізуге тырысады. Тұла бойында тұншығып қалған сезімін селт еткізер, тәтті де әсерлі күйге бөлер сәттері қаншама. Өзінің туған жерін, киелі топырағын, өскен ортасын қадірлейді, өз қоғамының әрбір атқан таңындағы ұлы өзгерістерді заңдылық ретінде қабылдайды Тындап көреттін болсақ:

*Мен ғаламның шаттығы мен мұңды әнін
Кең даламның жүрегімен тыңдадым...
Тыңдап келем, тыңдап отем, өйткені,
Дала-менің ұлы кием... Құндағым!..- деп*

кзусар жырымен ұн қосса, енді бірде:

*Жаңамен де, ұғысқан ескіменен,
есізбен де, тілдескен естіменен
қазақпын мен жырлаған өз
ғасырын .*

"Жаңа" бірақ емеспін... "Ескі" де емен... деп ойын жалғастыра отырып, өзі өмір сүрген кешегі XX ғасыр мен бүгінгі өмір сүріп отырған XXI

ғасыр өзтерістерін. жаңасы мен ескісіннің тоғысын қатар қабылдап, ақындық жүрегімен екі ғасырға ортақ екенін әсерлі жеткізеді. Жаңа заманның жаңалығынан сырт қалмай, ескі заманның естелігін ұмыт қалдырмай, қатар салыстыра отырып тіл табысуға дайындығын білдіргендей болады, бұл өмір заңдылығы деп ұғынады.

*Заман қашып барады, заман қашып,
әлде кімге бұрылып амандасып;
Әлде кімнің көзіне жас үйіріп
жетегінде барады адам қашып...
Заман қашып барады ойымды арбап,
мен заманның тұтқыны тәріздімін - деп замана ағысына ілесіп өтіп жатқан*

адамдар тағдырын уақытпен өлшеп, адамдардың уақытқа бағыныштылығын. адамның тағдыры уақыт еншісімен байланысты болғандықтан «заманның тұтқыны» деп қараса, енді бірде;

*Әлденеге дүниеге елеңдеді
Ойлы сөзі есітінің еленбеді.
Ақын досым, қиналдың жамығып сен,*

Ескерусіз қалды ойың елеңдегі - деген өлең жолдары тағы да кулар мен жылпостар заманы, түбірі жок көпірген көбік сөзді алдамшылардың заманы болып тұрғанын, «бір ауыз сөзге тоқтаған халқымыздың» сөз қадірін түсіну, рухани аштық жайлап алғандығынан хабар беріп тұрғандай болып көрінеді маған.

Бүгінгі таңда ақшалы жәдігөйлердің ел алдында беделі артық, солардың көбік сөздері халықты адастыруды, алдауды мақсат тұтқан, өз пайдасын ғана көздеген жәдігөйлер қаншама.

Ақша менен алтынға «жалынды» өмір - дегенде бар бақыт пен байлық тек ақшамен өлшеніп, алтынмен таразыланып тұрған бүгінгі күні рухани аштық жайлады. Ол туралы:

Нарық айдап әкелген хан базарға

Оқырманың күнкөріс қамында жүр - деп күн көріс қамымен қап арқалап, келімсекке жалданып жүртеп бүгінгі күннің адамдарына рухани құндылықтардың қыметінің иіамалы болып қалтанын, олардың рухани шөлдеп, қаталап бу дүниенің кереметін көрмейініне, заманның өзтерісін, атыпын қу тірлікпен жүріп байқамайтынын, тек өзі ғапа емес ұрпағын да осы қу тірліктің қапасына қамап болашағын шектетен бауырластарының қамы үшін ақыл жаны құйынады, құйына отырып жан-жүретімен құйзеле айғай салады.

Заманға қаратып шерулі сөзін арнатып ақын мүддесі халық тілетінің шектен шытып шекара аттамай, өзі айтқандай құпірлістен аулақ болғандарын шын жүретімен, бар аңсарымен тілейді,

*Ғасырым!
Сақта еліңді құпірліктен.
Тарихта аз ба сәтім өшіп-жанған,
Үзіліп жұрметей тек ұтір, нұқтм...
Сақтай қор, сақта еліңді құпірліктен*

Жырдың әрбір сөзіне мән беріп назар аударар болсақ қасірет сазы мен аяусыршілік сарыны жатқандай. Елінің туы жығылмай тік желбіреп тұруына үн қосқандай.

Менің ойымша, «Тарихта аз ба сәтім өшіп-жанған» деп халқымыздың басына өткен сонау бір зулмат жылдарда бұрмаланған тарихының бүгін қайта жаңғыруымен ұштастыра отырып, тағы да осындай бәледен сақтай гөр деп бір алладан тілеу тілейді.

Ақын өз заманының өтпелі кезеңіне өзіндік тұрғыдан баға беріп, кешегісі мен бүгінгісін ой таразысынан өткізеді, ұлы даланың ұрпағы ретінде қабылдайды. Бірін-бірі сыйлай отырып, бірінің ұлттық жетістік деп тапқанын дәлелді оймен талдай келіп, тап бүгін онын да жаңалыққа саналмасын айтады. Уақыт жаңа. Жаңа уақытқа сай ұлттық сана да жаңаруы керек. Жаңарлық екен деп ескінің бәрін тастауға болмайды, дәстүр екен деп ескінің бәрін тарих тарашасына артып, көш керуенді орынсыз ауыратпайды.

1. Медетбек Т. «Егемен Қазақстан» 01.10.2006. № 40
2. Оразалин И. Ғасырмен қоштасу. -Астана: Елорда, 2001. - 272 б.

Резюме

В данной статье рассматривается тематическая специфичность произведений Н.Оразалина.

Summary

This article passes in review of subject specificity in literary works of N. Ofazalin.

ДИАЛОГ-ДЕТАЛЬДЫҢ КЕЙІПКЕР ХАРАКТЕРЕН ТАНЫТУДАҒЫ РОЛІ

Р.Б. Сұлтанғалиева - М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың аға оқытушысы, филол. ғыл. канд., Орал қаласы

Диалог - көркем шығарманың, драмалық шығарманың адам мінезін, көркем идеяны ашуда сырлы бейне жасауда шешуші қызмет атқаратын ең негізгі құралы. Яғни, диалогта әр кейіпкердің сөз саптауынан, оның ой-толғанысынан, сөйлеу өзгешелігінен жан-дүниесі айқын елес береді. Жазушының шеберлігі де оның әр кейіпкерді мінез-бітіміне, ой-өрісіне орай сөйлетуінен көрінеді. Сондықтан мағыналы диалог, кейіпкерді сөйлестіре білу шеберлігі - әдеби шығармада халықтық тіл байлығын мол пайдаланып, орнымен қолданудың ұғымды тәсілдерінің бірі» [1, 158 б.].

Х.Затс бастаған американ зерттеушілері диалогты өзара әрекетті әлеуметтік процесс деп қарайды. Диалог қос бағыттағы коммуникативті процесс, диалогтың әр қатысушысы субъект, және сол мезетте диалог әрекетінде объектісі де болып табылады. Диалогтың басты белгісі сөйлеуші мен тыңдаушы кезегі ауысып отырады. Сөйлесім мен тыңдалым кезегінің ауысып отыруы американдық диалог теориясында басты болып табылады. Көркем диалогқа жай диалогтағы автор тәжірибесі де кіреді [2].

Жоғарыда келтірілген мысалдардан өзге тіл ғылымдарында көркем диалогтың сан-салалы қолданыс үлгілері бар екенін, олардың кейіпкер мінезін табу, даралауда қаламгер шеберлігін көрсететінін, құрылым ерекшелігіне ие байланысты көркемдік құралды әрқилы қолдануын көреміз.

Әр жазушы өз мүмкіндігі - шеберлігіне байланысты кейіпкерді сомдаудың түрлі әдіс-амалдарын қолданатыны белгілі. Соған байланысты кейіпкер тілін даралау, характер таныту ерекшелігі де әр жазушыда түрліше көрінеді. Соның ішінде кейіпкердің төл сөзі - монолог пен өзге кейіпкерлермен қарым-қатынасқа түскен кезінде ішкі ой-толғаныстарының оның тілінде (сөзінде) көрініс табуы, яки диалог тәсілі адам тұлғасын танытуда қолданылатын бейнелесу құралдарының ішінде (портрет, мінездеме т.б.) ерекше орын алады. Басқа көркемдік амал-тәсілдердің барлығы да негізінен кейіпкер туралы тек жанама түсінік береді

«Әуезов диалогтарының психологиялық қуаты мол, олар персонаж ойы мен сезім қозталыстарын бедерлейді. Кейіпкер сөзі дараланған, характерте сай және сонымен бірге нақты бір жағдайда көңіл күйлер сипатын береді. Диалогтар қаһармандардың әр алуан көзқарасын, өмір құбылыстарына деген әр басқа қарым-қатынастарын танытады» [3, 80 б.]. XIX ғасырдағы қыр өміріндегі сөздің улы күшін шын мәнінде көрсете білуде зертер суреткер өз драматургиясында кеңінен байқалған лаконизм және орасан шешендік сапаларын мінез, дүниетаным сипаттарын даралап ашуға қас шеберлікпен пайдаланады. Ғ.Мүсірепов творчествосында диалогтың икемділігі, психологиялық мақсаттарға арнайы құрылуы басым көрінгенін білеміз. Қаламгерді ерекшелейтін - «диалог-деталь» Ғ.Мүсірепов прозасындағы Бейімбет Майлин дәстүрінің терең іздерін танытады. Шағын жанрларда, тіпті «...уақығаның басталуы, шиеленісіп, дамуы, шарықтау шеті, шешілісін» [4, 34 б.] толық ашып беретін диалогтың қарапайым шаруа, шолақ белсенді, аяр болыс, кісімістен оқығанның жан әлемі, характер құбылыстарын тапқыр, нақты репликаларымен нанымды суреттейтінін білеміз. Б.Майлин замандастары өмір сүрген дәуірді бейнелейтін Ғабиден Мустафиннің «Дауылдан кейін» романында адамдар психологиясын тап басатын, юморлық мәні айқын тілдесу сәттері жиі кездеседі. Әрине, бұл суреткердің жоғарыдағы принциптік бағдарды жеке творчестволық, стильдік оқшаулықпен дамыта түскені, кемеліне келтіргені күмән тудырмаса керек. үйрену, үндесу шақтары қай қаламгердің болмасын көркемдік әлемін байытып отырары даусыз.

С.Мұқанов кейіпкерлердің бір-біріне деген түрліше көзқарасын айқындауда кейде жалаң пайымдаудан гөрі оны басқа кейіпкердің сөзі, ойы арқылы беру тәсілін де жиі қолданады. Себебі, «тіл - адамдық мінез-құлықтың бір түрі, ал адамдық мінез-құлық — психологиялық және әлеуметтік факт болып табылады» [5, 17-58 бб.] емес пе!

«Асқар «заттар табылды» деп сүйінші сұраудан бұрын Шербанидзе бұндай сұрау берсе, Итбай жамандай жөнелген болар еді; сүйінші қуанып сұраған сияктанған Асқарды жамандауға қимай:

-Жаман жітіт емес, - деді ол.

-Ә. солай ма? Бірақ өзін байларды жек көреді, кедейді жақсы көреді. - дейді ғой.

- Ондайы бар, - деді Итбай, Шербанидzenің ол сөзіне мән бермей» [6, 182 б].

Романдағы осындай қосымша мәлімет беретін кейіпкерлердің шағын тілдесулерін Ғ.Мүсірепов шығармаларында кездесетін диалогтарға ұқсатып, біз Итбай мен Шербанидzenің шағын диалогын *диалог-деталь* деп атадық.

Бір жағынан, Асқар мен Итбай ешқашан ашықтан-ашық сөзге тіреліп қасарыспағандықтан, екінші жағынан. Асқар әзірше өзіне керек адам болғандықтан, олардың таныстық мүдделері екі басқа болғанына қарамастан, іштей Итбай оны сыйлайтын. Бірақ олардың ойлары, дунитаным-кезқарастары алшак, бір нүктеден шықпайтындықтан, Асқар мен Итбайды тіпті келіспейтін екі антипод деуге болады. Асқардың сенетіні мемлекеттік заң, ұждандық әділет болса, Итбайдың сенетіні заң ұстаушылардың арам құлқыны, шығу тегінің «биіктігі», қалың қалтасы.

С.Мұқанов қаһарман бейнесін ашуда кейіпкер тіліне үлкен мән береді. Б.Майтапов: «Кейіпкер әрекеті мен сөзінде тамырластық болуы шарт. Еркек - әйелше, әйел - еркекше сөйлемеуі керек, немесе ғалым - шопанша, шопан - ғалымша сөйлемеуі керек» [7, 262 б], - деген. Жазушы осындай таланты қатаң сақтаған. Мәселен,

Итбай образын сомдауда автор кейіпкердің бір ауыз сөзінен-ақ оның дүниетаным ерекшелігін анық байқатады. Себебі, итбайша Итбайдан басқа еш кейіпкер сөйлей алмас.

Жоғарыда келтірілген диалог үлгілері Ғ.Мүсірепов шығармаларында кездесетін қысқа диалогтармен сарындас келген. Кейіпкерлердің бір сәттегі, яғни кездейсоқ ситуациялық жағдайдағы образын беруде жазушы қысқа түрде келген диалогтарға мол жүк артады. Айталық, Итбай мен Шербанидzenің, Асқар мен Итбай арасындағы әңгіме диалог-деталь секілді қысқа түрде қайырылып қана қоймай, Мүсірепов шығармаларында кездесетін диалогтардай еріксіз күлкіге әкеледі. үнемі қол астындағы адамдарды билігінің күшімен қорқытып, бағындырып отырған Итбай болыс Асқардың өзіне жау екенін ескермей, бір сәттегі қуанышын бірге бөліскенін көрсеткен осы бір диалог үлгісі бір қарағанда Итбайдың дүние, мүлік дегенде ішер асын жерге қояр, өзгеріп сала берер екінші бір характер! ашылады. Кейіпкердің бір сәттегі характерін таныту зрқылы жазушы шығармадағы негізгі кейіпкерлердің образын сомдауға тырысады. Енді осындай кейіпкерлер арасындағы әңгімені астарлы суреттеу арқылы берілген диалогтарды Ғ.Мүсіреповтің өз шығармаларынан келтірейік:

« - Женеше-жан, шыныңызды айтыңызшы, көзім не жайда? - дегенмін.

- Қарағым-ау, оның несіп сұрайсың... Көзің жайнап тұр! * деді мүдірместен.

- Соқыр болып қалған жоқпын ба, әйтеуір?

- Жоқ, жоқ!... Көрмей қалғаның рас. Ұзамай көретн боласың...

- Бет-аузым не жайда?

- О, бет-аузыңда елеулі еш нәрсе де жоқ. Ақ мрамордай бұрынғы қалпыңда...

- Шашым ше?...

- Шашыңды алдырып тастауға тура келді. Оп-оңай өсіп кететін шашты қойшы, тәңірі...» [8.268 б].

Бұл келтірілген диалог үлгісі Ғ.Мүсіреповтің «Жапон балладасындағы» «Көздің әңгімесінен». Екі кейіпкер арасындағы диалогтан дәрігер мен сырқат адам арасындағы күлкілі жағдай көзге түседі. Осындай астарлы күлкі арқылы жазушы көп жағдайда туған кейіпкерлер бейнесін көз алдымызға алып келеді. Бір-біріне деген ешқандай жауластығы жоқ, тірліктегі аңғал адамдардың кейпін танытуда жазушы диалогтық әдісті тиімді қолданған. Мұндағы жағдай Итбай мен Асқар арасындағы әңгімеден тіпті бөлек. Бір-біріне жау адамдарды бір диалог үстінде бір сәтке түсіністікке алып келіп, кейіпкер характерінің бір қыры ашылып жатса, бұл С.Мұқановтың диалогты қолданудағы жазушылық шеберлігін көрсетеді. Бір құрылымдағы диалог болғанымен, бір мақсаттаты, яғни характер танытуда екі қаламгердің диалогты қолдану әдісінің әрқилы келетіндігін жоғары да келтірген диалог үлгілері дәлелдейді. Бұдан әр қаламгердің көркемдік тәсіл - диалогты қолдану ерекшелігі жазушылық шеберлігіне байланысты болатындығы шығады.

Диалог кейіпкерлердің мінез-құлқындағы ерекшеліктерін аша тұра, жан дүниесіне терең бойлап, сезім

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

пернелерінің нәзік құрылысын зерттеуге де мол мүмкіндік береді. Мысалы, Петербур қаласына аттанар алдында тіл Асқар мен Сағит әңгімелесуінде (диалогында) екі кейіпкердің де қоштасар кезде бір-

біріне айта алмай, тұрып катып қалған сәтінен олардың жан дүниелерін кернеп алған қимастық сезімнің ұшқындары байқалады.

«- Бірдеме айтайын деп пе едің?- деді Асқар.

Сағиттің бетіне қараса, көзінде жас іркіліп тұр екен.

- Біреу тиді ме?

Сағит солқылдап жылады.

- Нете жылайсың, айт маған?

Сатиттің даусы дірілдеп, айтайын деген сезіне аузы келмеді.

- Сен сондай осал ма едің?- деді Асқар, балаға қайрат бергісі кеп, - мен сені мықты деп жүрсем! Мынауың не, жаман, жасық балаша жылап тұрғаның! Ер жітіт болатын бала жыламайды. Жылама, жаман балаға ұқсап!» [6, 139 б].

Кейде бірден көзге ілінбейтін, функционалдық жүгі аса ауыр емес ұсақ *диалог-детальдардың* өзі кейіпкер мінезін ашуда, психологиялық жай-күйін суреттеуде елеулі роль атқаратынын байқай аламыз. Сағит қобалжып қалған сәтінде мұталім-ағасына «кетпеңізші» не «мен сізді сағынамын» деп айта алмаған шығар... Жазушы осы туралы ойлануды оқырманның өзіне тапсырады. Диалогта Асқардың сұраулы сөйлем түрінде келетін репликаларының астарында баланың тағдыры үшін шынайы уайымға толы ой-толғаулары жатса, лепті сөйлемдермен ол Сағитті жігерлендіріп, балаға қуат беріп, шәкірт болашағына зор сенім білдіреді. Ұстаз тек білім беруші, үйретуші, тәрбиелеуші ғана емес, ол әр шәкіртінің жан дүниесінде болып жатқан өзгерістерді бір көзқарастан сезе алатын психолог болу қажет. Асқар болмысынан мұғалім болу үшін жаралған адам сияқты, себебі оның бойында ұстазға лайық қасиеттердің бәрі бар. Осы диалогтан Асқар мінезіндегі кең пейілділігі, мейірімділігі, шышылдығы, дарқандылығы анық көрінеді. Жазушы жақсы қасиеттерді негізгі кейіпкер тұлғасына дарыту арқылы Асқар бейнесін оқырманына тартымды етеді.

Сөз басында диалог-деталь туралы айтқанда бұл турдің Ғ.Мүсірепов шығармаларында көптеп кездесетіндігі, диалогтардың негізгі бөлігін осы түрі алатындығы айтылған. Диалог-детальдің қысқа құрылымда кейіпте белгілі. Ал жазушы Ғ.Мүсірепов қысқа жазудың қас шебері. Мүсіреповке тән диалогтің осы түрін қаламгердің өз шығармасынан іздеп көрелік.

« - Менің шешем бар еді, қарындасым бар еді... Солармен хабарласуға болар ма екен?

- Фамилияң кім?... Қай көшеде тұрушы едіңдер?

- «Жазғы таң» кварталында...

- Ол квартал қазір жоқ, күнім...

- Шешем орталық бақшада қызмет ететін еді...

- Орталық бақшаның орны ғана бар, күнім... Ал, енді демал, үн шығарма...

Доктор дұрыс айтыпты, үн шығармау керек екен... Қорланған ел аяншақтап, қайғы зарын қорек етіп отыра берсе, сары ауру болудан басқа не шығады дейсің!... » [8,265 б].

Бұл келтірілген диалог үлгісі Ғ.Мүсіреповтің «Жапон балладасындағы» «Арқаның әңгімесінен». Автор осы әңгімеде екі кейіпкерді сөйлестіру арқылы жалпы заман шындығынан хабар береді. Бір Қарағанда дәрігер (доктор) мен ауру адам арасындағы күнделікті кездесуде айтылатын жай сұрастыру әңгімелер секілді. Бірақ сөйлем соңында көп нүктенің қойылуы осы әңгімені басқа жатынан аңғартады. Дәрігер мен сырқат адам арасындағы осы шағын диалогтан сұрастыру әңгімелерінің ар жағында үлкен бір ойдың ұшқыны жатқаны сезіледі. Жазушы оны дәрігердің соңғы сөзі арқылы көрсеткендей және онымен шектелмей, айтар ойының қорытындысын авторлық баяндау арқылы бертен. Міле, шатын тана диалог-детальдың да айтары көп, әмір шындығын танытуда атқаратын қызметі де ұшан теңіз екенін Ғ.Мүсіреповтің диалог-деталі дәлелдеп бергендей. Бұл Мүсіреповтің ез шығармасында көрініс тапқан диалог-үлгісі. Біз жотарыда осы *диалог-детальдің* С.Мұқановтың «Ботатөз» романында кездескен үлгісін көрсеткенбіз. Қос жазушының осы бір диалог үлгісін әр түрлі мақсатта қолданғандары, жазушылық шеберлігіне қарай құбылта, құлпырта суреттендерін жоғарыда келтірілген екі диалог үлгісінен айқын аңғарамыз.

Диалогта кейіпкердің шынайы ойы, алған бетбұрысы айқын көрініп, оның жан дүниесіндегі болып жатқан құбылыстардан сыр түйюге мүмкіндік береді.

« - О, солай ма?- деді Амантай жұмсаңқырап.

- Солай, отағасы. Құйысқанға қыстырылған нәжістей, жүрген жерімді Итбай тіліне ерем деп былғап

болып ем, енді осындай бір ерлік істетім келді» [6, 225 б].

Итбай есігінде өмірі жалшылықпен күн кешкен, өзгермес деген Бүркітбайдың кенет ары оянып, «аққа құдай жақ» деп адалдық жасауы, «ерлік істеім келді» деген сөзі - оның бойында «ер жігітке» тән жігерлілік, жүректілік, әділеттік, шешімділік қасиеттердің бар екендігінің белгісі болып табылады. *Хабарламалық диалог-детальдық* репликаның Бүркітбай тарапынан айтылып тұрғандығы бірден-ақ көрініп тұр. Алайда, Бүркітбай әр уақыт есепсіз сөйлеген емес. Қалжыңдаса да, кекетсе де, жағына сойлесе де ол өз жайын жақсы біледі. Бірақ дәл осы сөйлемде еткеніне өкінгендей болып отырған Бүркітбай «ерлік корсетейін» деп келіп тұрған жоқ. ол өз қателіктерін тауып, Амантайта адал екендігін білдіретілі келіп отыр. Жазушы Бүркітбай бейнесін үлкен қайшылық үңүстінде табандылықпен суреттейді.

Жазушы Темірбек бейнесін әр эпизодтарда әр түрлі қырынан шеберлікпен танытады. Мысалы, Темірбектің Ботагөзбен кездесуіндегі диалогты алып көрейік.

« - Қалқам!- деді тұрегелген күпілі,- бауырым, Ботам! Мен -Темірбек!

Темірбек еніреп жіберді.

-Енді өлсем арманым жоқ! Бауырым, сәулем, Ботам!.. Көзіңнен айналайын, жылаған жасыңнан зекет кетейін!,- деді өксігін басып» [6,302-6.].

Шығарманың өн бойында байсалды, ұстамды болып суреттелген Темірбектің бұл әрекеті, әрине, таң қалдыра қоймады. Кейіпкерлердің психологиялық жай-күйін сипаттайтын мына *диалог-детальды* Темірбек жүрегінен суырылып шыққан «Қалқам!», «бауырым, Ботам!» секілді экспресивті-эмоционалды сөздерінің жан айқайы сықылды балқытып жіберетіндей эффекті бар. Жазушы шеберлігінде сөз жоқ. Расында, Темірбектің Ботагөздің хапін ойлап жүргеніне көп болды. Бірақ ішшен сары уайымға кетіті, қабырғасы қайысып, түнеріп жүрсе де, ол ешкімге сыр білдірмеді. Татдыр оларды кенет-тен кездестірш, сағыныштан жүдеп жүртен жандардың көңілі босатты. Диалог сөзте сараң, сырға сыр-дан Темірбектің сезімталдытын абайсызда байқатады. Темірбек өлім аузында тұрса да, еш норсете мән бермей, Ботатөзте ұмтылыш, құшак жаюы - оның аталық сезімінің зор екендігінің нағыз дәлелі. Жазушы бұл эпизод арқылы сырт көзте томата туйық ауыр мінезді көрінетін адамның да ішкі жан дүниесі нәзік болатынын білдіргісі келген.

Қос қаламгер туындыларында қолданыс тапқан диалог-деталь үлгілері өзіндік қолданыс ерекшелігімен дараланады. Әр жазушы өзіндік жазушылық шеберлігіне қарай құбылтып қолданатын диалог үлгілерінің қай түрін алсақ та, талданған диалог үлгілері С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің диалог-детальды қолдану арналарының кеңдігін, өзіндік дара жазушылық стилі ерекшеліктерін танытады. Қысқа формада құрылып, шығармада күрделі де маңызды қызмет атқаратын диалог-деталь құру асқан шеберлікті қажет етері сөзсіз. Осы орайда профессор А.Ефимовтің: «Шығарма идеясы мен мазмұны жазушының тіл ерекшелігі мен сөйлемінен, оның сөз қолданысының даралық ерекшелігінен көрінеді» [9, 307 б] деген орынды пікірі ойда оралады. Әр шығармадан керініс табар, авторлық қолданыс ерекшелігіне орай әр қаламгерде түрлі мақсат танытатын диалог-детальдың қолданылу ерекшелігі автордың өзіндік қолтаңбасын, жазушылық шеберлігінің қырларын танытары анық.

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: Аруна, 2005. -576 б.

2. Hess- Luttich E. *Per Literarische Dialog als Gegenstand empirischer text - wissenschaftd. // Literatur und Konversation.* - Wiesbaden, 1980. S 5-22.

3. Ахметов З. *Роман-эпопея Мұхтара Ауезова.* - Алматы: Санат, 1997. -288 с.

4. Наурызбиев Б. *Қазақ прозасындағы Б.Машиң дәстүрі.* - Алматы: Ғылым, №79. - 180 б.

5. Лизунова Е. *Мастерство М.Ауезова.* - Алматы: Жазушы, 1968. - 286 с.

6. Миқанов С. *Ботатөз.* - Алматы: Жазушы, 1989. -480 б.

7. Майтанов Б. *Қанарманың рухани әлемі. Зерттеулер.* - Алматы: Жазушы, 1987. -232 б.

8. Мүсірепов Ғ. *Көп томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Әңгімелер. Құрастырған: Нарымбетов Ә.- Алматы: Жазушы, 2002. -288 б.*

9. Ақиолақов Т. *Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты.* - Алматы: Ғылым, 2001. - 338 б.

Резюме

Бұл мақалада диалог-детальдың кейіпкер характерін танытудаты, образ даралаудағы рөлі сипатталады.

Summary

In this article are considered dialogue-detale in the novels in discovering the image of a character.

ДӘСТҮРІН ЖЫРАУЛАРДЫҢ ЖАЛҒАСТЫРҒАН...

Л.Бактыбаева - Абай атындағы ҚазҰПУ-дың магистратура және PhD докторантура институтының 2-курс магистранты

XIX ғасыр - халқымызға небір дарынды, тума таланттардың шоғырын сыйлаған ғасыр. Қазақ әдебиетінде жыраулар дәстүрі мен Абай негізін қалаған жана жазба әдебиеттің арасын жалғатан, біріктірген, рухани алтын көпір бола білген қазақ ақындарының ішінде әдебиет тарихында өз орны бар ірі тұлғалардың бірі - Оңғар Дырқайұлы.

Қазақ әдебиетінде, оның ішінде, жыраулар шытармашылығында жыраудың ел арасыша таиылтан тұлғаны немесе өзінің бейнесін мадақтай, көтермелей жырлау ұлтілері кездеседі. Бұлар әдебиеттану тыльымында «мадақ жырлары» деген атпен белгілі.

Өзінің бастауын сонау ежелгі грек, рим әдебиетінен алатын жыр түрі «Әдебиеттану. Терминдер сөздігінде» былайша түсіндіріледі: «Мадақ өлең -салтанатш оқиғаны жырлауға арналған, біреуді қошеметтей сипаттайтын мақтау өлең. Ежелгі грек, рим әдебиетінде орын алған (панетрик), кейін Еуропа және орыс әдебиетінде тараған ода немесе араб поэзиясындағы қасида мадақ өлеңнің түрлеріне жатады. Қазақ әдебиетінде мадақ өлеңнің өз ұлтілері қалптасқан» [1,167].

Мадақ жырларын Ахмет Байтұрсынов «Үміт өлең» деген атаумен ұсынады және оған келесідегідей анықтама береді: «Біреуден үміттен, бір нәрсе дәмте айтқан ақындардың өлендері үміт өлең тобына жатады. Мәселен, мақтау өлең, құттықтау өлең. Ескі ақындар мақтауды, құттықтуды, сұрауды кәсіп қылған. Байды, биді, ханды, төрені, мырзаны мақтап, тойыш бастап, баласын құттықтап, шапан кию, ат міну - зйтеуір нәрсе алу мақсатпен айтатын ақындар көп болған. Біреулері мақтасам, құр тастамас деп, тек мақтап қана қойған да, біреулері көрсете сұраған...» [2,106]. Бұл берілген анықтамалық пікірді негізге алсақ та, біз ақындардың барлығы тек нәрсе алып, жатыну үшін ғана мадақ, мақтау өлеңдерін шығарған деп айта алмаймыз. Отан себеп - Асан қайтының Жәнібек хайды, Шалкиіздің Би Темірді қанша мақтаға да, отам өз әлдерінше халық мұңы мұндап, көпшіліктің көкейіндетісін ашып айтып, уытты тілдерімен жеткізіп отырған толғаулары. Сондықтан, көбіне жыраулар шытармашылығында орын алған мадақ жырлары жайында бір жақты пікір қалыптаспауы керек.

Бұл туралы филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Тебегеновтың мына пікірін келтіре кеткісіміз орынды: «Қазақ әдебиетінде де мадақ жырлары әр дәуірде өзіндік поэтикалық сипатымен ерекшелігімен отырған. Оған Қазтуғанның «Мадақ» жырынан бастап, Тәтіқара ақынның (ХҰІІ) Қамыстың басы майда, түбі сайда», «Кебеже қарын, кең құрсақ», Үмбетей жыраудың (1706-1778) «Бөгембай өліміне», Махамбет Өтемісұлының (1803-1946) «Исатай деген атам бар», «Тайманның ұлы Исатай», «Тарланым», Шернияз Жарылғасұлының (1807-1867) «Сағынам, ауызға алсам Исатайды», Шөже Қаржаубайұлының (1808-1895) «Шөженің Бәйткіті мақтағаны», «Базар Ондасұлының (1842-1911) «Кенек Жалғасбайдың мақтауы», Орынбай Бертағыұлының (1813-1891) «Ассалаумағалейкум, батыр Ерден!», Омар Шораяқұлының (1878-1924) «Ұстаздарым», «Орен жүйрік жиырма бір», «Қазақта ондай ақын қайдан болсын», Тұрмағамбет Ізтілеуұлының «Әр елдің бар бұлбұлы», «Сырдың сандақ шайырларына», Молдахмет Дабылұлының (1879-1946) «Марапат жыр», «Есмағамбет Ысмайыловқа», «Дана ақын - Даңмұрын», «Шаһнаманы оқытанда», «Нартай ақынға», «Қарасақал Ерімбет», Мұзарал Жүсіпұлының (1905-1972) «Тәйімбеттің ерлігі», т.б. мадақ жырларын жатқызамыз. Әдебиет тарихындаты мадақ өлеңдердің дәстүрлі желісінде жеке адамдарды, олардың үндес, тектес іс-әрекеттері, ел тарихына қосқан үлестері романтикалық-реалистік сарындар ітасқан бейнелі өрнектермен жьфланады» [3,7].

Мақаламызға арқау болып отырған Оңғар Дырқайұлының шығармаларын оқи отырып біз жыраудың Сар болмыс-бітімі, сөз онеріне деген құрметі, ең бастысы өзіндік орны, ©зіндік «мені» мен мұпдалап іұрғанына кез жеткіземіз. Ақын өзінің биік, қайталанбас тұлғасын жасай отырып, асыш сөзге, өлең сөзге керек иікірін білдіреді

Оңғар ақынның шығармашылығында мадақ жырлары ерекше орын алады. Оның елдің игі жақсылықтарының бойындағы қасиеттерді ешбір қоспасыз, шындыққа негіздей отырып, тіпті арты ата-тегінен бері

карай шежіре түрінде жырлауы да ақынның өзіндік бір қырын аша түседі. Оның «Мақтаймын халық жақсысын», «Қара Жүргінов түрмеден шыққанда», «Қалданды мақтауы» атты толғауларын мадақ жырлары деп атауға толық негіз бар.

«Мақтаймын халық жақсысын» толғауының туу жайлы мынадай әңгімелер кездеседі:

Жолай елінде бір үлкен той болады. Соған жодастарымен келген жырауды көріп тұрған билер қарсы алмайды. Біраздан кейін осы ауылдың бір адамы Жалаңбай өз үйіне ақындарды түсіреді. Сонда Оңғар жырау былай деп жыр арнайды:

*Мақтаймын халық жақсысын жар дегенмен,
Жігітті өңшең ірі нар дегенмен.
Ауылдан сегіз жігіт міндік атқа,
Жолайда бір үлкен той бар дегенге...*

*Еліңнің бір баласы Мырзабайдың,
Жақсысын, зайырлығын жұртқа жайдым.
Самаурын, шай, шекерін арта келіп,
Ой-пәлі құрметіне Жалаңбайдың.*

*Жәкемнің әр көңілін көрдім ірі,
Бар екен мырзалыққа біткен түрі.
Ілгері Жалаңбайдан көргенім жоқ,
Жас жігіт, жасөспірім білімдіні...*

*Түсірген сіз бір гауһар асыл тастан,
Жеткіздім жеті атаңнан бері қарап.
Шығарып түрлі қиял еттім дастан,
Тіріде дүние сәні мерекелі,
Қауышып ойдан-қырдан дидарласқан.*

*Мақатаймын халық жақсысын қадір таңға,
Боз жорға қызмет етіп келді алыстан.
Кесегін мүсін таңдап біз бір үйші
Аралап қалың тоғай қара ағаштан.
Қадамым қалбырақтап ұзамай тұр,
Алдыңда өңшең қабылан, жолбарыстан [4,38-39].*

Ақын толғауды Жалаңбайға арнай отырып, елге белгілі ру жақсыларын, Жалаңбайдың арты аталарын сөз етеді, шежіреден сыр шертеді. Кіші жүздеті белгілі рулар Әлім, Шөмен, Бозтыл, Аспанның Қаракесек руынан тарағандығын келтіреді. Жалаңбайдың берті атасы Келдібайдың аруақты, қайратты кісі болғандығын ерекше жырлайды.

«Қара Жүргінов түрмеден шыққанда» деп аталатын арнауы белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Темірбек Жүргіновтің әкесі Қара мырзаға арнап шығарылған. Мұнда да ақын өзіндік ерекшелігін танытады. Сөз басын Қара мырзаның арғы ата-бабаларынан бастайды, олардың тегін адам болмағандықтары, халыққа көрсеткен адал еңбектері мен жақсышықтарын паш етеді. «Атайынта пайдаң тиді», «дұшпанмен қарсыластың», «ісіңіз Аллаға аян, ақ болған соң», «Бозғылда бір босаға болдың мықты» деген жыр жолдары арқылы Қара мырзаның халық ортасында рөлін айрықша көрсетеді.

*...Арты атаң Әлдеберлі аруақты орын,
Бабаңыз сөз бастайын Өтебайдан...
...Би болған бабаң-Солтан бақ қонған соң...
...Арғы атаң бай Жәрімбет Қыдыр көрген,
Түсінде тола тіллә берген...
...Бай болған адам және атақ Әлен,
Беріпті қара түгіл хандар сәлем...
...Бай болған және-дағы атақ Қуан,*

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» серинсы, №4(38), 2011 ж.

Дәулетті болған емес ешкім мұнан...

...БайЖүрген, Батыр Тұрған, МырзаДәгір,

Әкім боп бірнеше жыл сүрді дәуір [4,45], - деп Қараның ата-бабаларының бай болғандығын, алайда халыққа қырын қарамай, дәулетін қызтыштай қорымай, қара халыққа қол ұшын созғандығын мақтау, арпау жырымен аңғартады.

«Қалданды мақтауы» мадақ-арнауында да Қалдан бидің ата-тегін тарихи негізде жырлаған:

...Байұлы, Қаракесектің атасы Алиын,

Бұл сөзге хақын жақсысы құлақ салсып.

Бағасы төрт Шөмекей, бес Бозгұлдап,

Үлтілеп оқтарыңыз сөз шығарсын.

Атаңыз алты Өтебай, Майлыбайдан,

Заманға бүтін жүктік туған нарсың...

...Байұлы, Қаракесек, Әлім, Шөмен,

Бірінен болған емес бірі төмен.

Бабамыз бай Шөменнен төрт ұл тұғын,

Тоңамен Көнек, Аспан, Бозгұл деген.

Баласы бәйбішенің-Қаратамыр,

Содан соң төрт ұл туған, Көлдей енең.

Торыбай, Сарыбайшен және қайқы,

Төрт жүйе ел болады Келдібаймен. ...[4,46-47]

Жергілікті халыққа, ру ішінде белгілі адамдарды жырға қоса отырып, өзінің де шыққан теті Қаратамыр руының белді кісілерін дәріптейді. Қалданның ел алдындаты жақсы қасиеттерін тізбелеп, елте керсеткен сый-құрметіне мақтау айтады.

Оны мына жолдардан анық аңғарамыз:

...озбаған басыңа бақ нышаныңыз,

Атаңа асыл дегдар осы араңыз.

Ілгері Жреншенің кеңесіндей,

Жайылды жұртқа дарын нысанаңыз.

Қайуақытта қарсы келген дұшпаныңды,

Табанда тырп еткізбей тұсадыңыз...

...Салтанат, дәурен, перзент, даражаңсай,

Мыңға тең бір өзінің басың аға.

Басқардың бар билігін жиын тойдың,

Кеңісің ел сүйінген ақыл-ойдың.

Оздырып мырзалықтың мәртебесін,

Қонаққа қой орнына, құлын сойдық...[4,48].

Толғауды оқи отырып, біздің де Қалданның ақыл-ойы жүйрік, елге сыйлы, мәртебесі биік адам екендігіне көзіміз жетеді. Арнау шығаруға тұрарлықтай кісі тұлғасы көз алдымызға келеді. Бұл - Оңғардың шеберлігінің жемісі. Әрбір сөзді орынды, кісісіне лайықты қолдана білу де толғаудың көркемдік, мазмұндық сипатын арттыруға өң беріп, үлесін қосып тұр. Сонымен бірге ақын-жыраудың бұл өлеңі мадақ жырының көркем бір үлгісі болып табылады. Оңғар ақын басқа да арнау-мадақ өлеңдерінде «Асыл зат, дәреженді жаңа көрдім», «Ағытай би қазасына» ел ортасындағы халыққа жағымды іс-әрекеттерімен танымал болған тұлталарды мадақтай жырлайды.

Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясында біз жыраудың өз бейпесін, өз тұлғасын ашатын толғау-ларды кездестіреміз. Міне, сондай толғаулардың біріне ХҰ ғасырда өмір сүртен Қазтуған Сүйіншіұлының «Мадақ» жыры болып табылады.

Бұдырайған екі шекелі,

Мұздай үлкен көбелі...

Бұлұт болып айды ашқан,

Мұнар болып күнді ашқан,

Мұсылман мен кәуірдің

Арасын өтіп бұзып дінді ашқан,

Сүйінішұлы Қазтуған [5,45], - деп келетін толғау жолдарынан жыраудың қоғамдағы рөлі меп жеке өзіндік тұлғасы танылады. Бұндай жыр үлгісі ХҮІ ғасырдағы Доспамбет жырауда да қайталанатын. Бірақ, Доспамбет өзін Ер Доспамбет деп несібесін хан ұлынан, би ұлынан артық көретінді. Тағы бір ерекшелігі - өзін соғыста ерлік көрсеткен ер жуынгер тұлғасында көрсетуі,

Осы аталған толғаулардағы жыраудың толғаумен өз бейнесін беруі біз сөз етіп отырған Оңғар жырау шығармашылығында да ұшырасады. Оның «Өзім туралы» деп аталатын толғауы жыраудың сөз өнерін - деті қайталанбас дара тұлға екендігін айқындай түседі. Ақынның сөзге шеберлігін, сөздеріндеті мазмұндылықпен нақтылықты теңестіріп, сипаттаудағы жан-жақтылық пен білтірлік ұштасып жатқанын оның әрбір олең-жырынан байқаймыз. Ақын өзінің жыр құраудағы шеберлігін өзі де айқын сезінеді. Бірақ, көп алдында қадірлі болу, елдік сүйіктісі болу, мақтанышқа бой ұрмай, ел алдында бағасын тусірмей, әділ батаберілуін қалайды, Ақын жырларындағы:

Жақсы да жырау емеспін,

Сөзін пұлдап, ақы алған.

Жаман да жырау емеспін,

Таусылып, сөзі тақалған

Сарапта сөзім сыналса.

Кем емес ат пен шапаннан

Ой, пәлі деген сөздерің

Келекелеп күлсеңдер

Ол тимейді кем бақаннан.

Ер когерер деген бар,

Көптен алғыс, бата алған.

Сол айтқан ерің мен едім,

Жасынан Оңғар атанған [4,18], - деген жолдар бір жағынан, ақынның өзіне беріп отырған батасы болса, екінші жағынан өзінің сөз құдіретіне бас иетіндігін, сөз өнерін қадір тұтатындығын аңғартады. Халқы келіп қаумалап сұраса жырдың бойына біткен байлығы мол екенін келтіріп, елі үшін аянбайтынын, барын төгетінін паш етеді. Жаксымын деп асып-тасып кетпейді, жаманмын деп күйремейді. Ел алдындағы қадірін, батасын біледі. Көпшіліктен асыл сөзі үшін ат пен шапан дәмелі, дүниеті қызытушылық танытпайды. Халықтың «Батаменен ер когерер, жаңбырменен жер котерер» деген мақалын орынды келтіре отырып, елдің иті жақсыларынан жастай бата алып, ерпте жетілген «сол айтқан ерің мен едім» деп, қапың көпшілікке қарат өзін таныстырады. Өзіне дейінгі жыраулар шығармашылығынан, өмір сүрген дәуір құрылысы мен әлеуметтік жағдайға қарай қолына қару алыш, қап майданға шыққан жыраулардан өзгешелігі - Оңғардың бас қаруы, сойылы -сөз.

«Осындай толып жатыр терме, өлеңім» деп басталатын толғауында Дүр Оңғар;

Осындай толып жатыр терме, өлеңім,

Алланы айтпас ешкім, бермегенім.

Алдымда асқар таудай ағаларым

Қаңбақтай қабағында жөрмеледім.

Дұшпаның тіктеп, тура келе алмаған

Көрінет көзге толғың көлденеңін.

Ұлықсат үлкендерден тигеннен соң

Аяқты жүйрік атиша сермегенім.

Бар болса бәйгелі жер қосатұғын

Шабысқан жаңаталап, мен дөненің [4,16], -

деп көсіле ақтарылып, өзін ұзаққа шабатын жүйрікке теңесе, енді бірде өнер бәйгесіне енді қосылғалы тұрған жыр дөненіңе балайды. Сұлу суретті жыр өрнектерін ұсына білген жырау жырларынан оның өзіне лайық тұлғасын, болмыс-бітімін танып білеміз,

Оңғар жыраудың мұрасы - өз заманының, уақытының ақиқат шындығын айта алуымен бірге, шыншылдықтың ғана емес, сыншылдықтың да биік оресінен көрінген құнды дүниелер.

1. *Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Караев. Ахметов З., Шаңбай Т.). -Счмей-Новосибирск: Тапер-Пресс, 2006. - 398 б.*

2. *Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш (1926)// Байтұрсынов А. Ақжол. -Алматы: Жазушы, 1991. -415 б.*

Абай атындағы ҚазҰПУ У-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

3. Тебегенов Т. «Ақын Оңғар Дырқайұлының әдеби мұрасы» // Ақмешир апталығы, 2009 ж., 29 қазан.
4. Дайрабай Т. Дүр Оңғар. - Алматы: Арыс, 2004. - 104 б.
5. Бесғасыр жырлайды. - I том. — Алматы: Жазушы, 1991. - 384 б.

Резюме

В этой статье автор рассказывает о жанрово-художественных особенностях творчества Онгара Дырқайұлы, жившего XIX веке.

Summary

The article deals with Ongar Dyrkaiuly's works genre-literary peculiarities who lived in the XXth century.

ҮНДІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІМЕН РУХАНИ БАЙЛАНЫСЫ

Д.Т. Дүйсембеева - ҚазМем.ҚызПУ, филология факультетінің магистранты

Үндістердегенде ең алғаш ойымызға шатыр, басқа тағылтан мамық, қызықты атаулар, беті боялған адамдар және әрине жабайылық келеді. Деректі фильмдер, оқыған кітаптарымыз, фотосуреттер өткен Дәуірдің көрінісін береді және үндістерді жоғалып кеткен нәсіл ретінде көруімізге себеп болады. Олай болса үндістер мындаған жылдар бойы жер бетінде өмір үшін күрескен және бұл күресті 21-ғасырда да жалғастырған ұлт.

Қазіргі уақытта үндістердің тарихы зерттелгенінде олар ақылдылығымен және қабілеттілігімен өздері өмір сүрген кезеңдерде жаңалықтар ашқанын, өз қажеттіліктерінің орнын толтырып, өздерінің мәдениеттерін, өркениеттерін қалыптастырғанын көрініп тұр,

Үндістер тек қана дәмді жемістер беретін ағаштар отырғызу арқылы парасатты және жемісті «орман экономикасын» жүргізіп отырған. Шамамен 4000 жыл бұрын қазіргі Мексикада, содан кейін Солтүстік Америкаға дейін таралған жүгері түрлерін есірген де солар болатын. Үндістер егіс даласы ретінде қолданбаған жерлерге болса «пежан» (жаңғақ ағаштарына ұқсас ағаш түрі) және талшын ағаштарын Тұрғызатын болған, осының арқасында бұғышар және бизондар өмір сүретін кішкентай оймақтар жасаған [1; 65].

Соңғы уақыттарда жасалған археологиялық айғақтарға сүйенетін болсақ, оңтүстік жер шарында адамдардың өмір сүре бастау кезеңдері б.з.д. 32.000 жылдар болса, солтүстік жер шарында б.з.д. 40.000 жылдар шамасында екен. Бұдан басқа кейбір ғалымдар бұл кезеңді б.з.д. 70.000 жылдар деп беруде [2].

Христофор Колумб ең алғаш рет 1492 жылы жаңа әлемге қадам басқанында Солтүстік және Оңтүстік Американың халқының саны Еуропа мен Ресейдің халқының жалпы санынан көп болғандығын нақты- лай түседі. 1940 және 1950 жылдардағы деректерге қарағанда, Солтүстік Американың жалпы халқының саны 8-9 миллионға дейін болған деген тұжырымдар бар. Ал қазіргі күнде 75 миллион мен 145 миллион арасында деген нақты емес сандар берілуде.

Қазіргі уақытта Америкаға толықтай таралған, саны аз үндістер жоғарыда айтып өткеніміздей бір кездері Американың жалғыз иелері еді. Ақтардың келуімен жаппай қыршыңға ұшыраған үндістер қаншалықты жалғыз қауым сияқты аталса да өмір сүру жағдайы, әдет-ғұрыптары, өздері өмір сүрген аймақтың климатына, табиғи шарттарына сәйкес бір-бірінен ерекшеленуде.

Әрбір халықтың рухани-мәдени өміріндегі ең көне әрі маңызды құбылыстарының бірі - діни наным-сенімге байланысты қалыптасқан түсініктері. Үндістердің наным-сенімдеріне қарағанда бір жаратушының болғаны белгілі. Алғаш қарағаныңызда ислам дініне сай сияқты көрінетін наным-сенімдер түрі егжей-тегжейлі зерттелгенінде, бірнеше нұтқатабынушы және шаман наным-сеніммен бірітіп кеткендігі байқалады. Назар аударатын бір мәселе америкалық үндістердің сенім-нанымдарында шаманизмнің ерекше орын алатындығы. Ал шамандық панымдарының кезінде Азия халықтарының көпшілігіне ортақ болтаны ешбір дәлелді керек етпейтін шындық. Ендеше ежелгі америкалықтардың Азиядан шыққандығы бұл жерден де айқын көрініп тұр.

Көпшілік халықтардың салт-дәстүрінде, ұлттық танымында музыканың орны белек болып есептеледі.

Сол жағынан да көп ұқсастықтар да кездеседі. Түркі халықтарында да музыканың, ән айтудың үндістердің әндерімен ұқсастықтары бар екендігін байқауға болады [3; 26]. Мысалы, *бәдік өлеңі, арбау өлеңі, бақсы өлеңдерін* айтар болсақ, мұнда өлеңдердің өз алдына қойған мақсаттары бар: аурудан емдеу, ата-баба әруағын шақыру, жамандықтан, кеселден сақтану, т.б. Дәл осы мақсат үндістер айтатын өлеңдерде де көрінеді. Өлеңнің құрылымында да ұқсастықтар бар: олар қысқа, қайталанып айтыла береді, түсінікті-түсініксіз сөздерді жиі қолдануы, т.б.

Үндістердің салт-дәстүрі түркі дәстүріне өте қатты ұқсайды. Соның бірі беташар салты. Беташардың алдында және соңында жасалатын рәсімдерді ескерсек, оның төркіні сонау Тәңірлік сенімдермен сабақтасып жатқанын көреміз. Мұнда қыз бала өз ұясынан шығып, басқа шаңыраққа келіп коньп. өміріндегі бір дәурені өтіп, енді жаңа кезекте аттағалы тұрған тұлға ретінде байқалады. Бет жабу тірілерге тән жоралғы емес. Өлі адамның ғана беті жабылады. Бұл рәсім басқа халықтардың фольклорынан да берік орын алған. Сондай көне жұрттың бірі - Америка үндістері. Сонымен, келіннің бетін жабу жасанды өлімнің ишарасы. Қанша тасыр беделінде елеп, екшеп, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қолдану арқылы, осы ырымның түбінде тылсым негіз барына әбден сенгеннен кейін ғана оны тұтынған деп ойлауға болады.

Кейбір аңыз-әңгімелер «жердің астынан келдік» десе, басқалары «аспаннан» келгендерін және оқтан баспалдақтар жасап төмен түскендерін айтады. «Қараңғы әрі суықтың арасынан өтіп, солтүстіктен келдік» дейтіндерге, «Күн туған жақтан келдік» деп әңгімелейтіндер де бар. Үндістердің аңыз әңгімелері мен хикаяларының кейбіреулері Жаратылыс туралы. Бұлар әлемнің, күннің, жұлдыздардың және адамның қалай жаратылғанын әңгімелейді. Кейбір әңгімелер табиғат туралы болса, басқалары да өлім және өлімнен кейінгі өмірмен байланысты. Бұл аңыз әңгімелер мен хикаяларда үндістердің діндері, салт-дәстүрі, тарихы, тайпалар арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер және ақтардың келуінен кейінгі өзгерістер қолға алынған. «Карактокон» дастаны (кейбір жерлерде «Карактоко» «Жабық жерден шығу» деп аударылуда. Түріктердің де осыған ұқсас «Ergenekon» дастаны бар. «Ergenekon» да «күздардың, таулардың артынан шығу» туралы әңгімеленеді. Дастанда апат барлық халықты өлтіреді, сол жерден Манко Капактың атасы «Атау» құтқарылып шығады[4;33].

Колумбтан бұрын Американдықтар Америкаға әртүрлі тарихи кезеңде, түрлі нәсілдер түрінде келген және мұны дәстүрлерінде, аңыз-әңгімелерінде бейнелеген. Мұндай әртүрлі мәдениеттердің ішінен түркі мәдениетін айыру үшін әрі түркология, әрі американизм тылымын білетін мамандарға мұқтаждық бар.

Үндістердің аңыз-әңгімелері мен хикаяларының кейбіреулері Жаратылыс туралы. Бұлар әлемнің, күннің, жұлдыздардың және адамның қалай жаратылғанын әңгімелейді. Кейбір әңгімелер табиғат туралы болса, басқалары да өлім және өлімнен кейінгі өмірмен байланысты. Бұл аңыз-әңгімелер мен хикаяларда үндістердің діндері, салт-дәстүрі, тарихы, тайпалар арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктер және ақтардың келуінен кейінгі өзгерістер қолға алынған.

Бұл аңыздардың, нанымдардың бастауы сонау тас Навохо салты бойынша, бір отбасында 3-10 жертөлени құрайтын үлкен отбасы болады. Ол хотан деп аталады. Олардың мал ұстайтын қоралары, жер телімдері болған. Бірнеше отбасы ортақ жайылымға малын қосып, көсемте бағынған. Хотан уықтардан буып, конус сияқты жасалады. Оның есігі үнемі шығысқа қарауға тиіс, өйткені күн сәулесімен бірте уйте ырыс, бақыт кіреді деген сенім бар. Қайтыс болған адамды хотанның ішінде жерлеп, есікті жауып тастаған. Кейде мәйітті өртеп жіберетін болған. Навохонның осы қорғандары Еуразия даласындағы ежелгі қорғандарға өте ұқсас. Ежелгі көшпенділер мәйітті өлген адамның тұрған үйіне жерлеген. Қазақ даласындағы барлық қорғандар сондай болмаса да, кейбір қазбалар кезінде жерленген адамның жанынан тұрмыстық заттар табылып жатады. Етер Батыс Қазақстан облысындағы Аралтобе қорғанын анықтап зерітейтін болсақ, зират тастан домалақ етіп салынған. Биіктігі екі метр, диаметрі 40 метр етіп жасалған. Қорғанның ортасында ошақтың ізі тұр. Бір кездерде бұл ошаққа үнемі от жағылған екенінде дау жоқ. Хотан - навохонның діни сенімінде өте қасиетті орын.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

Олардың сенімі бойынша, ең бірінші хотанды алташқы Ер адам, алғашқы Әйел адам және Сәйлейтін құдай үшін Койот-рух (қасқыр) салтан.

Солтүстік Америка халықтары арасында қасқыр туралы аңыз әңгімелер көп. Апач, навохо сияқты көшпенді тайпалар қасқыр аулаута соғысқа баратындай болып дайындалған, аса мән берген. Өйткені

койот үндістердің барлық ертегі, аңыздарында киелі болып саналған, Кейбір кездерде койотты жануар, жыртқыштар санатына қоспай, жоғары қойып әспеттетен. Мұндай сенімдер қазақтарда да қалыптасқан. Мындаған жыл бойы қасқырдың образы түркі халықтарында зооморфтық символ болып саналды. Қасқыр-ана туралы аңыздың тарихы тым тереңде жатыр. VII ғасырдан қалтан қытай жазбаларында түркі тегі қасқырдан таралған деген деректер бар.

Аңыз бойынша, тайпалар арасындаты соғыста бір ру елден ат жалын тартып мінетін жалғыз ғана бала тірі қалады. Жападан жалғыз қалтан жас баланы аштықтан азыққа ет әкеліп бсріп, қасқыр аман алып қалады. Бала ержетіп, жігіт болады. Қасқырдың қаншыты оған он шақты балатауып бертсн. Кейін- нен он бапа он түркі халқының атасы болып шыққан. Солардың бірі түркі-моңғол әлеміне танылал Ашина. Одан түркі халықтары, караханид, хазар, моңғолдар тараған. Соның ішінс шыңтысидтер де кіреді. Қасқыр-ана туралы Азияның ежелті тұртыны чуваштарда да аңыз бар. Қазақының «Жігіт пен қасқыр» атты ертетісі де осыдан шыкса керек, Ал түркілердің басқа бір тайпасы тао-түйлер оздерін қасқырдан тарағанбыз деп санайды. Навохоньң, солтүстіктеті атапасктердің космолотиясында койотпен бірте қарғаның образы да бар. Навохо тайпасында Қарта жолы, Қасқыр жолы деген ежелден қалтан панымдар әлі күнте дейін ұмытылған жоқ. Қасқыр мен қарғаның қатар тұрған мүсіндері Қазақстап жрнінен де табылды. Алматы түбіндеті қорғаннан табылған біздің арамызға дейінгі V-II ғасырларда жасалған шамшырақтың айналасына әртүрлі жыртқыштардың, шеңбердің ішіне екі қасқыр мен екі қарғаның, ал дәл ортасына құрбандыққа шалынтан ешкі басының ғасырында жатыр. Сондықтан америпдтер мен түркілердің арасындағы осындай ұқсастықтар тамырларының бір екендітін байкатады.

1. *Reha Oguz Turkkan. Kizilderililer va Turkler. - Istanbul, 1997*
2. *Төменде берілтел сайтпматы еңбектен қараңыз: <http://www.warez-tr.net/>*
3. *АхметовА. Түбі түркі өркениет. - Алматы, 2009.*
4. *Emre Oz turk. Kizilderili tarihi. - Istanbul, 2007*

Резюме

В данной статье внимание уделяется на связь между древним наследием индейского и казахского народов, и говорится о духовной совместимости этих народов.

Summary

This article focuses on the relationship between ancient Indian heritage and Kazakh peoples and states of spiritual compatibility of these peoples.

Педагогика мен әдістемелер кафедрасы, №4 бағ, 2011-жыл

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӨСЕЛЛЕЛЕРІ **ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**

ӘДЕБИ МӘТІНДЕРДІ СТУДЕНТТЕРГЕ МЕНГЕРТУДЕГІ ДӘРІСХАНАДАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ **ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Т.Жұмажанова - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры, п.ғ.д.

Жастарға білім беру жүйесі алдында ойлануға үйрету, түрлі проблеманы шешуге қажетті әрекет тәсілдерін меңгерту міндеті тұр. Бүгінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі түбірлі өзгерістерге байланысты білім жүйесінде және оның мазмұны мен оқыту технологиясында да өзгерістер туындауда.

Дәрісханадан тыс жүргізілетін жұмыстардың студенттің өз ықыласымен, дербес алатын білімдерінің сапасын арттыру қай-қайсының болмасын ой өрісін, ақыл-ой және рухани байлығын дамытуға өзіндік үлесін қосады. Демек, жоғары оқу орындарының ұстаздары өздерінің дәрістерін мазмұнды өткізіп, оны студенттерге қабылдатудың ұтымды жолдарын үнемі іздегісіз. Бұл әрине, ұстаз тарапынан үнемі тыңғылықты даярлықты, ізденісті талап етері сөзсіз.

ҚР білім беру жүйесі қазіргі кезеңін әлемдік деңгейдегі білім беру тенденциясынан бөліп қарауға болмайды. ХХІ ғасырдың сапалы, білімді жастарын тәрбиелеу біздің басты парызымыз. Әдебиет жүгі ауыр. Білім беру тұжырымдамасына сай шығармашылық тұрғыда ойлай алатын, танымдық мәдениеті биік, ұлттық мәдениетті жете меңгерген өзін-өзі дамыта алатын белсенді, қабілетті жастарды тәрбиелеуде әдебиеттің өзіндік үлесі зор. Көркем шығарманың табиғатын терең танып түсіну үшін оқулықпен тана шектеліп қалу жеткіліксіз. Оқырмандық тәжірибе жинақтау кезінде көркем әдебиет туындыларын үзбей оқудың маңызы ерекше екені белгілі. Нағыз көркем әдебиет тума талант, қас шебер, сөз зертері туғызды.

Көркем шығарманы зерделі түсініп оқымайынша, адам ләззат алу, "қиыннан қиыстырып" ақын бейнелеген ой сезімдерін мәнін танып-білу мүмкін емес. Әдебиеттен білім алу детеніміз мәтінді оқи білу, оған білтір талдау жасай білу.

Дәрісханадан тыс жүргізілетін жұмыстардың түрлері сан алуан. Соның ішінде біз әдеби мәтіндерді меңгертуге байланысты жұмыс түрлеріне тоқтапаймыз. Ең алдымен студенттер теориялық білімдерін тәжірибеде пайдалана білулеріне бағыттауымыз керек.

- Олар өз бетімен проблеманы шешу, әр түрлі жағдайлардан шыға білуге тоселгендері дұрыс.

- Мәтіндеті автор көтерген проблеманы кере білу, түсіну керек. Ол үшін олар өз ойларына жауап іздеуге бағыттайтын сұрақтар түзе алуы керек. Проблеманы нақтылайтын, толықтыратын сұрақтар студенттердің зерттеушілік қабілетін қалыптастыруға ықпалын тигізіп танымдық ойлауын арттырады. Проблеманы шешуде өзіндік болжам жасайды, шығармашылық жұмыстар жүргізіп, ғылыми ізденіске дағдыланады.

- Жаңалық ашуға талпынады, жоспар құрады.

- Көркем мәтінді өздіктерінен талдай отырып, пікір, реферат, курстық жұмыс, дипломдық жұмыстарды орындауға ұмтылып, қызығушылық танытады.

- Оқыған мәтіндерді талдауға қосымша ғылыми құжаттар, материалдарды кірістіре отырып, пікір білдіруге, оны дәлелдеп, ғылыми тұрғыдан қорытынды жасауға тырысады.

- Өз біліміне сын көзбен қарайды, басқа елдер әдебиеті мен мәдениетін танып білуге ұмтылады, құрметпен қарайды, ұлтжандылық қасиеттер қалыптасады.

Бүгінде жоғары оқу орындарында кредиттік технологияға байланысты сөз, пән мұғалімдерімен бірлесе атқаратын жұмыстарға арнайы сағат бөлінеді. Мұндай жұмыс түрлерінің нәтижелі болуы студенттер мен ұстаздардың біліктілігіне саяры сөзсіз. Сабақтан тыс әдеби пікірлер сайысы, конференция, кездесулер, поэзия кеші, әдеби апталықтар, ашық пікір, жоба қорғау, әдеби музыкалық сабақ- саяхат, іскерлік ойындар, диспут, мұражайлық сабақ, есеп беру, көрме сабақ іздендіру сабағы, т.б.

Мұндай жұмыстардың қай-қайсысы болмасын студенттердің зерттеушілік қабілеттерін арттырады, мәтінге қызуғышылық туғызады, проблеманы көреді, шешімін тауып, болжам ұсынады, зерттеушілік

әрекетіндеті өз бетімен жұмыс істеу қабілеті артады. Өзіндік идея, ойларын тұжырымдап, қорытынды жасайды, дәлелдейді, сұрақтарға нақты жауап береді.

Студенттерді ойландыру, берілген мәтінді өз бетімен ғылыми негізде талдауға бағыттауда шығармашылық бақылау тапсырмаларды орындатудың маңызы зор. Пікір таласын туғызып, проблемалық сұрақтар берумен тана шектелмей олардың іздене отырып, шындыққа негізделген тұжырым-дәлелдерін жинақтаудың мәтінді меңертуде үлесі зор.

Көркем әдебиет сөз өнері болғандықтан әдемі, сұлу, кестелі, өрнекті сөздердің алуан түрлерін кездестіріп отырамыз. Студенттердің тілі жатық, анық, дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда мәтінді мәнерлеп оқудың орны ерекше. Бүгінгі студент - ертеңгі маман. Мектепке барғанда оқушыларға өздерінің біліктілігін танытуда, мәтінді шебер, анық оқуға, жатқа айтуға, орфоэпиялық заңдарын сақтап сөйлеуге төселу қажет.

Мысалы: Сабактан тыс өздік жұмысын жүргізуде. «Көкшетауға саяхат» атты поэзиялық сырласу сабағын өткізуде студенттер алдын-ала арнайы тапсырмаларды орындай білді.

1. Олар біріншіден, мәтінді оқудың түрлеріне, дұрыс оқу, оқытанды түсіну, сазыпа келтіріп, мәнерлеп оқу, дауыстап оқу, іштей оқу, көпшілік алдында оқу, рөлге бөліп оқу т.б. назар аударды.

2. Мәнерлеп оқу және оған қойылатын талаптарды толық саралады.

3. Мәнерлеп оқудаш фамматикалық, лотикалық, психологиялық кідірістерді сақтап әр қайсысы поэмадан тауып оқуға төселді. Ырғақ, қарқын, әуенте мән беріліп, мәтінші мәнерлеп оқудың әдеби- білімдік мәнін жүйелей білді. Поэманы оқуда ақын мәнерін (стилін) танудың білімдік және тәрбиелік мәніне баса кеңіл бөлінді.

1. Көкшетау- табиғат сұлулығының символы.

2. Халқымыздың ұлттық мақтанышы.

3. Көкшетау-Сарыарқаның сән отауы (слайдтар)

Білгенде Көкшетауды қазақ білсін,
Көзімнің жауын алды-ау ғажап мүсін.
Деді ме, жаратқанда бай табиғат,
Жан біткен тамашалап қарап тұрсын.

4. Көкшетау-сан түрлі құстар мекені.(слайд)
Сансыз қол айдын шалқар жатқан шалқыш,
Түрлі құс молдір судажүрген қалқып.
Қаз, уйрек, шағала, аққу мың түрлі әнмен
Күй қосады келдің басын думап, даң ғып.

5. Көкшетау орманы ерекше сәнді.(сурет)

Жайқалған қара орманда, қарағайлы,
Торақты қызыл, аппақ, ала қайың
Ағаштан түрлі керек сайман жасап,
Алады еңбекшіл ел қарамайын т.б.

Үзінділерді мәнерлеп оқу жастарды әсемдікті сезінуге, тани білуге, табиғатты қорғай білуге тәрбиелейді. Көркем туындыдағы табиғаттың әрбір бөлшегіне деген сүйіспеншілікті таныту, ақын идеясын ашу жастардың патриоттық сезімін күшейтеді.

Оқылатын мәтінмен танысу, шығармадағы көркем бейнелер, әртүрлі суреттеулер тоғыса отырып тыңдаушысын баурайды. Оларды шығармашылық ізденіске жетелеп мәтіндеті ой түйінін табуға, оқу техникасын меңгеруге, көркем туындыны терең ұғынып, оқуға бағыттайды. Сөз тазалығы, дәлдігі, байлығы, әсерлілігін ұғынуға тырысады.

«Өзімізді тыңдайық» атты ауызша жаттығулар жүргізіп, мәтінді кезекпен мәнерлеп оқып, бір-бірінің жетістік, кемшілік жақтарын көрсетеді. Демек, поэманы көркемдеп оқу шығарманың мазмұн-мәнін, идеялық бағытын, көркемдік ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Көркем оқылған шығарманы тыңдай білуге, оның мазмұнын түсініп қабылдай білуге, эстетикалық әсер ала білуге, поэзияны сүюге баулиды. Олардың эстетикалық мәдениеті қалыптасады, рухани-эстетикалық қажеттілігі дамиды.

Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Филологические науки», №4(38), 2011 г.

Шығармашылыққа бағытталған мәтінге сай тапсырмаларды орындау барысында әр студент өзінше ойлайды, тұжырым жасайды, өзіндік пікірін білдіреді. Мысалы:

I. Семантикалық картаны толтыру.

Салыстыру жұмысын жүргізу Көкшетаудың ғажайып сұлулығын жырлаған ақындар баршылық. Көкше сұлулығы ақындардың жүрегін тербеп, жырына қосуға әсер етті.

І.Жансүгіров «Кулагер»	С.Сейфуллин «Көкшетау»	М.Жұмабаев «Батыр Баян»	М.Мақатаев «Көкшетау»	А.Уалиханов «Көгілдір көкше»
---------------------------	---------------------------	----------------------------	--------------------------	---------------------------------

Мәтіннен үзінді:

*...Көкшетау жер жәннәті жеке біткен
Бұл сұлу кең далада бойын күткен.
Жомарт тау дастарханды, момақан тау.
Шипа тау тазартатын барлық дерттен...*

(І.Жансүгіров)

*...Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсысы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі
Көкірек қаниа жұтсаң тоясың ба?*

(С.Сейфуллин)

*...Арқадажер жетпейді Бурабайға,
Бөленген бұйрасыпсың қарағайға
Бұлт құшқан мәңгі мең-зең
Көкшетауға Бөлектәу: "Ой,бауырым!-
дер анадайда"...*

(М.Жұмабаев)

*...Бұлтты сүйген көгілдір көкшемнің
Биігіне шіркін-ай, жетсем деймін.
Жүрек тербеп, сыр толғап ойландырып,
Сендей әсем, таза боп өтсем деймін...*

(А.Уалиханов)

*...О, ғажап осыма, екен Көкшедеген?
Тастарын жиган жүктей текшелетен,
Бурабай Оқ: жетпесгі өкшелеген,
О ғажап! Өзінбісін Көкше деген?*

(М.Мақатаев)

Салыстыра талдау үшін, берілген семантикалық картаны толтыруда поэмаларды, өлең мәтінін толық түсініп оқу қажеттігі туындайды. Төмендегідей сұрақ-тапсырмалар төнірегінде пікірталас өткізуге болады.

0. Қай ақынның мәнері (стилі) саған ұнайды?

1. Көкше көрінісімен, қай ақын суреттеулерінде саған ерекше әсер етті?

2. «Көкшетау» поэмасындағы халық аңыздарын көрсет. Поэма идеясын ашуға көмектесе ме? Дәлелді мысал көрсет.

3. Поэмалардың негізгі бөлімдері қалай аталады?

4. Поэмадан көркемдегіш құралдарды теріп жаз.

Көкшетаудың әсем көрінісіне арнап "Кербез Көкшетау келбеті" атты шағын эссе жазындар.

II. Мәтіндердегі төмендегідей мәселелерді назарға ал.

- Табиғатты танытудағы әр ақынның өзіндік ерекшелігі қандай?

- Мәтінде берілген ішкі монолог, диалогтардың ролін мысалмен дәлелде.

- Мәтіндегі табиғаттың суреттелуі, кейіпкерлердің портретін көрсетудеті ақын шеберлігі, адам мінездерінің әр деталь арқылы берілуі.

- Ақын суреттеулеріндегі үндестік, тоғысулар.

- Ақындардың қайталанбайтын өзіндік қолтанбасы.

Мәтінмен жұмыс-үлгі. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

Туынды негізінде жатқан ақын идеясы, авторлық ой	Негізгі ойды ашатын өлең жолдары	Суретті, образды көркем сөз	Ерекше ұнаған шумақ, үзінді	Ақын стилі. ұйқастар ерекшелігі
--	----------------------------------	-----------------------------	-----------------------------	---------------------------------

Ақындар стиліндегі романтизм мен реализмнің тоғысуын көрсете отырып, поэтикалық ой серпінді түсініп шығарманың көркемдік табиғатын саралау.

Сабақтан тыс жүйелі түрде мәтінмен жүргізілетін жұмыстардың нәтижесінде студенттердің өзіндік ой-пікірлері, дәлелді тұжырым жасауға төселгендері байқалады* Олар:

- Поэзияның сыршыл, сұлу өнер екендігін көз жеткізді.

*Ор заманның шындығын, әр кезеңнің өзіндік ерекшелігін ұғынды.

- Өлең жолдарының эстетикалық-эмоциялық құдіретін ашып, адам жаиына әсер етер пәрмепді ықпалын саралай білді.

- Нақтылы образдар мен суреттеулерді көрсетудегі, дөп басып айтудағы сөз бен үннің ырғақ пен саздың әуезділігіне мән берілді. Ең бастысы студенттер поэзия өліміне енудің негізгі жолы - шығармашылықпен оқу екеніне көз жеткізді. Мәнерлеп оқу, түсіндірмелі оқу, проблемалы оқу, т.б. мотіпді қабылдауға даярлық сәніне назар аударды. Мәтін тақырыбын айқындауға штрих, детальдарды тану, тілте, өлең құрылысына жазылу, айтылу мәнеріне байқаулар жасай білуде тоселді.

Мәтінде сәйкес ассоциациограмма құрастыру, студенттердің өзіндік ізденісін туғызады. Мәтінді толық оқып, талдаулар жасайды, мәтіннен алған әсерлерін жинақтайды, ментертіп мәселеге қатысты сын зерттеу еңбектерімен танысуға тырысады.

1. Бітібаева Қ. «Әдебиетті тереңдетіп оқыту». - Алматы, 2003.

2. М.Әуезов және әлем әдебиеті. - Алматы, 1999.

3. Методика преподавания литературы. - М, 2001.

Резюме

В статье рассматривается внеаудиторная работа с литературными текстами со студентами.

Summary

In the article is examined extra-lecture-room work with [literature] by texts with the students.

НЕГІЗГІ ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ

К.Әбілқасымова - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің доценті, п.ғ.к.

Көркем сөз мектептің қай түрінде болсын баланы адам өмірімен, табиғаттың құбылыстарымен таныстыра отырып, оның сана-сезіміне әсер етіп, жаманнан жирендіріп жақсыға үйрететін, өнегелі тәрбие берудің негізгі құралы. Баланы дұрыс та айқын сөйлеуге, өз ойын өткір тілмен жеткізе білуде үйрететін де көркем сөз. Сол себепті, өткеннің алдыңғы қатарлы өкілдерінің бай әдеби және ғылыми мұрасын зерделеу, олардың адам өмірінде сөз өнерінің ролі мен орны жөніндегі көзқарастарын саралап, жасөспірім буынды жан-жақты тәрбиелеу ісінде қолданған тәжірибесімен танысудың бүгінгі мектептер үшін әдебиет пәнінің мазмұны жаңартуда маңызы зор. Халық ауыз әдебиетінің түрлерінде, ақын- жырауларымыздың толғауларында, ұлы Абайдың өлеңдері мен **қара** сөздеріне қазақтың тәлім-тәрбие-лік ойларының кеңінен орын алуынан ерте кезден-ақ сөз өнерінің адамның сана сезімін көзқарасын дамытудағы ролі жотары болтандытын байқауға болады. Көркем сөз адам баласының рухани эстетикалық жағына зор ықпал етеді, халықтың сөйлеу тілі ұлтисімен таныстырып, жан-жақты дамуына жол ашады және сол арқылы өнер үрдісінде жалғасып, дамып отыратын құбылыс екендігіне де назарын аударды.

Сонау қазақ хандығы орнаған кезеңнен бұрынғы ұлы Даланың төрт бұрышын мекендеген түркі тілдес халықтардың бірге өмір сүріп, ортақ мекенін сыртқы жаулардан қорғай жүріп жасаған әлемдік

деңгейдегі мәдени ұлт тілдерінде көркем сөздің қызметіне ерекше мән берілгендігі мәлім. Түркі халықтары өзінің тәжірибесін, ғасырлар бойында қалыптастасқан өмір мен табиғат жөніндегі сан алуан мәліметтерін жырға арқау етіп, сол арқылы әсерлі сөзбен өз ұрпағына тәлім- тәрбие беруде орынды пайдаланып отырған. Орхон өзенінің бойынан табылған ескерткіштердегі Күлтегін мен Тоныкөкке арналған жырлардың авторы Иолығ тегін бектері мен ел билеушілерін «көк түріктерді» бейбітшілік өміге, береке-бірлікке жеткізгендігі үшін көтере жырлаған. Ол келешек ұрпаққа түрік халқының қуатты заманы Бұмын қатан- ның есімімен, Күлтегіннің ерліктерімен, Тоныкөктің даналығымен байланысты болғанын ескертеді. «Өйткені, Иолығ-тегінің мақсаты - түрік қағандарының есімдерін, жасаған ерліктерін, тарихи деректерді шетінен жіпке тізіп, жылнама шежіре жазу емес, түркі елін бір кездегідей ауыз бірлікке, ата-баба дәстүріне берік болуға шақыру» [1,42], - деп түйіндейді әдебиетші ғалым Н. Келімбетов. Жырдың авторы Білге қағанның «бейшара, мұсопір халықты» қалайша дәулет пен бақытқа жеткізгендігін жырлай отырып, қарапайым халық пен ел билеушінің арасында бір-біріне детен сенім мен адалдық болғанда ғана елдің өмірі түзеледі деген ойын айшықты білдіреді.

*Екі аралықта жүрген иесіз
Көк түріктерді осылай қоныстандырған екен
Білге қағандар екен
Алып қағандар екен
Әміршілері де білге болған екен,
Алып болған екен Бектері де, халқы да
Сенімді екен*

Сол үшін де елін сонша ұзақ билеген екен - деген жыр жолдары осының айтаты [2,10]. Автордың мақсаты түркі халқының адал ұлдарын көтере жырлау, келесі буынға олардың ерен еңбегі мен ерліктерін өнеге ету, тәрбиесі болар ойларды дәріптеу. Сол кезеңде орын ала бастаған әдеби дәстүрдің бағытында ақын сөздің көркемдігін халықтың таным-түсінігін, арман-тілегін жеткізуде, өзінің ой түйіндеулерін айтуға шебер қолданады. Күлтегін жырын түріктердің тарихи өмірімен салыстыра келе, ғалым И.В.Стсблева жырлардың авторы өткеннің шежіресін айтуды мақсат тұтпағандығын көрсетіп, керісінше ол халық өмірінің, жске тұлғалардың істерінің көркем суреттерін жасауға ұмтылғандығын дәлелдейді. Бұл ойды мына сөздері айғақтайды: «это сопоставление показывает, что автора большой надписи в честь Кюль-тетина в рассказе о великих предках тюркского народа интересует не история народа « кск тюрк», а создание образа идеального прошлого народа тюрков, когда могущество государства тюрков связывалось не столько с реальными политическими событиями в их жизни, сколько с высокими нравственными качествами каганов, предков Бумын-кагана и Истеми-кагана, их беков и народа тюрков» [3,56].

Мысалы, Күлтегін жырында автор Білге қағанның өмірдегі басты мақсаты - халқына қызмет ету, биік адамгершілік мұраттарына жету екендігін көркемдік дәстүрте сай өз атынан мынандай сөздермен айтқызады:

*Өлімше халықты тірілттім,
Жалаңаш халық тоңды,
Кедей халықты бай қылдым,
Аз халықты көп қылдым.
Тату елге жақсылық қылдым
Төрт бұрыштағы халықты
Бәрін бейбіт қылдым,
Тату қылдым - [2,18].*

Тоныкөк жырын шығарған автор Тоныкөктің өзі деген болжам бар. Дегенмен бұл жырдың композициялық құрылысы Күлтегін жырының құрылысына ұқсас, екеуінің де мазмұны белгілі бір әдеби дәстүрге бағынқы. Тоныкөк жырында негізінен қағанның әрі кеңесшісі, әрі қолбасшысы дана карт Тоныкөктің халқын жаудан сақтап қалуда жасаған еңбегі жырланады, қиын жағдайларда оның ақылы мен көрегендігі, шешендігі ерекше рөл атқарғандығы айтылады. Жыр жолдарын оқи отырып, авторды идеялық, эстетикалық бағытының үйлесімділігін аңғаруға болады. Ақын өзінің терең ойларын қысқа да жинақы, мейлінше көркем жеткізеді. Бұл сол кездің өзінде сөздің бейнелілігіне, көркемдік күш-қуатына ерекше мән берілгендігін дәлелдейді.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.

*Түнде ұйықтамадым
Күндіз отырмадым,
Қызыл қанымды төктім.
Қара терімді ағыздым.
Күш-қуатымды аямадым.*

Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым [2,36], - деген жыр жолдары оқырманға кейіпкер бейнесін айқын да әсерлі жеткізіп отырады. Тоныкөк түркі халықтарының бірлігі, мәртебесі үшін бүкіл өмірін ауыр шайқастарда өткізіп, өзінің ерлігімен, ақылдылығымен ел- жұртын талай қатерден алып шығып отырғандығы оқырманға ерекше әсер береді. Жырлардың жанрлық, композициялық ерекшеліктерінің де осы авторлық ойды жеткізуге бағындырылғандығы бай-қалады, Орхон-Енисей жазбаларын ұзақ жылдар бойында жан-жақш зерттетен орыс талымы И.В.Стеблева Күлтегін жыры мен Тоныкөк жырын салыстыра талдаудың нәтижесінде түркі әдебиетінде өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру әдістерінің сол кезде деңгейі өте жоғары болғандығына назар аударады. Солардың ішінде басты кейіпкерді суреттеудегі шартты үш мәселені ескеріп отырудың дәстүрге айналғанын байқаймыз, Олар:

1. Ел билеуші мен қолбасшы болуды құдайдың жазуынан деп түсіндіру;
2. Халқы үшін көптеген шайқастарда олардың ерен ерліктерімен көзге түсулерін жырлау;
3. Халқын бейбіт өмір мен дәулетке жеткізуге бүкіл өмірін арнағандығын суреттеу.

Иоллығ-тегін түркі халықтарының сөз өнері дәстүрінің тұрғысында жыр бойында суреттеген жорықтар мен шайқастарды да бірыңғай тәртіппен жырлайды. Мұнда кейіпкерінің сол шайқасқа түскендегі жас мөлшерін нақты айтып отыруы, оның мінген атының түрін, жүйріктігін, иесіне сенімділігін суреттеуі. кейіпкердің көрсеткен ерліктерің, яғни кіммен қалай айқасқанын дәл жеткізуі, шайқастың жеңіспен аяқталуына баса назар аударуы. Осы сынды түркі әдебиетіне тән көркемдік әдістерді дәлелді түрде саралай келе, Стеблева жырлардың авторы Иоллығ-тегіннің айтайын деген басты ойлары тарихи оқиғаларды жеткізу емес, ол халқының басына ауыр заман туғанда шайқасқа түсіп, еліне қорғаныш бола білген қағандар мен батырларды көтере жырлау арқылы келешек ұрпаққа ерлік пен батырлықтың, адамгершіліктің ар-намыстың, сабағын беруді көздеген деп есептейді. Осы бағыттағы ойларын ғалым: «Совершенно очевидно, что авторы орхонских текстов имели другую цель: для них история народа «кек тюрк» послужила материалом, на основании которого был создан определенный комплекс идей. Поэтому авторов не интересуют все стороны жизни тюрков с их подробностями, но интересуют именно те ее стороны и те качества изображаемых лиц, которые помотают выявлению этого комплекса идей» [3, 90],

- деп тұжырымдайды. Қазақ және шетел зерттеушілерінің еңбектері ежелгі дәуір әдебиетінде тұлғалардың өз заманында жасаған батырлық, азаматтық, көсемдік іс-әрекеттерін даралай жырлау кейінгі ғасырларда үздіксіз жалғасып түркі халықтарының даналық қазынасына айналғандығын, жас ұрпақты ерлікке, адамгершілікке баулудың күшті құралы болғандығын атап көрсетеді.

Ортақ мемлекет құрып, еркін өмір сүрген түркі халықтары әрқашанда бейбітшілікті, бірлікті, еркіндікті жоғары бағалаған, заманында сол құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде, оларға болашаққа оң жол сілтеуде көркем сөздің қызметін биік қойған. Өмір тәжірибесі көркем сөзбен өрнектеген түркі ақындарының оларды келесі ұрпаққа жеткізу мақсатымен тасқа қашап жазып, өлместей етіп қалдырып отырғаны осы ойымызды растайды. Сөз өнері арқылы халықтың тәжірибесінен, ой-санасынан туған қағидаларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің дәстүрі кейінгі ғасырларда қазақ ақын-жырауларының шығармаларынан да өз жалғасын тауып отырды, қоғам сұранысына сай жас ұрпақты адамгершілікке, игілікке тәрбиелеп, елін, жерін ана тілін сүйетін, ата-баба дәстүрін қастерлейтін азамат етіп қалыптастыруда сөз өнерінің бүгінгі мәні де ерекше. Қорыта айтсақ, көркем сөз мектептің қай түрінде болсын баланы адам өмірімен, табиғаттың құбылыстарымен таныстыра отырып, опын сана-сезімін дамытуға жол ашатын, жаманнан жирендіріп жақсыға үйрететін, халықтық тәрбие берудің негізгі құралы.

1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. - Алматы: Ана тілі, 1991. - 264 б.

2. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия - Алматы: Ана тілі, 1991. - 280 б.

3. Стеблева И.В. Поэтика древнетюркской литературы и ее трансформация в раннеклассический период. - М.: Наука, 1976. - 215с.

Резюме

В статье на основе анализа результатов исследований древнетюркских памятников автор рассматривает вопрос об использовании функциональных возможностей художественного слова в изучении литературы.

Summary

In the article on the basis of the analysis of the results of studies of ancient Turkish monuments the author examines a question about the use the functional possibilities of artistic word in the study of literature.

ПРОФЕССОР М.БАЛАҚАЕВТЫҢ ӘДЕБИ ТІЛ НОРМАЛАРЫ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІ

Ж.Балтабаева - п.ғ. д., Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақ тіл білімінің дамуында өзіндік орны бар ғалымдардың бірі - Мәулен Балақаев. Ғалымның көп көңіл бөлген мәселелерінің қатарына әдеби тілдің нормалары жайындағы пікірлері де жатады.

Тілдің қарым-қатынас құралы екендігі белгілі. Сондықтан тілдің жасалуы да, пайдаланылуы да, оның жетілдірілуі де қоғам дамуымен тығыз байланысты. Осы ретте ғалым «Қазіргі қазақ әдеби тілін кемелденген бай тіл, мәдениеті жоғары тіл деп танымыз», - деген тұжырым жасай келіп, «әдеби тілге тән ерекше белгілердің бірі - нормалық жүйені жетілдіру әдеби тілдің өзін қалыптастыра, дамыта түсудің қамы» [1.137-6.] деп есептеген.

М.Балақаев қазақ әдеби тілін кемелденген бай тіл дей отырып, оны пайдалануда дәлме-дәлдік, айқындылық болу керек деген талап қояды. Сонда ғана тілдік нормалар дұрыс қалыптасады деп пайымдайды. Одан әрі тілдік нормаға мынадай анықтама береді: «Тілдік норма дегеніміз - тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру».

Ғалым сондай-ақ әдеби тілге тән ерекшелікті «қазақ халқының қазіргі әдеби тілі халықтың ауызекі тілі негізінде жасалған дейміз. Бірақ ауызекі тілде, ауыз әдебиеті тілінде бар нәрсенің бәрі әдеби норма деп танылмайды. Әдеби тіл солардан керегін таңдап, талғап, жазба әдебиет елегінен өткізіп алып, нормаға айналдырады. Сондықтан әдеби тіл - белгілі дәрежеде тәртіптелген, жүйеленген тіл. Оның құрамындағы тіл байлықтары, әсіресе, жаңадан енген сөздер, тіл жұмсаушылардың бәріне бірдей қызмет етуге тиіс. Осыны түсінген адам «мал аласынан сөз аласы жаман» дегенге қол қояды да, әдеби тілде қалыптасқан нормаларды сақтауға тырысады», - деп тұжырымдайды.

Бірақ ғалымның түсіндіруінше, әдеби норма өзгермейтін, сірідей сіресіп қатып қалған тілдік тәсілдер емес. Олар да диалектикалық даму процесінде қалыптасып, өзгеріске ұшырап отырады.

Әдеби нормалар автор көрсетуінше, екі түрде: 1) бірқатар нормалар тілдің объективті даму заңдары негізінде қалыптасса (мысалы, қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі үндестік заңдары, лексикаграмматикалық жүйелері); 2) бірқатары әдеби тілдің ілгері даму бағдарына сәйкестендіріліп қолдан жасалады. Алайда әдеби тілдің осындай нормалары үнемі сақтала бермейді, «онын белінен басып, ауа жайылатында аз емес» деген реніш те білдіреді.

Одан әрі ғалым норманың «Тілдік жүйе» (языковая система) дегенге қатысы қандай деген сұрақ қояды да, оған «жүйе дегеніміз - бөлшектеуге болатын өзара байланыстағы тұтастық. Оның болмысында жалпыға ортақ бірлестігі болумен қатар, құрамында әр алуан орайда танылатын ерекшеліктер болады. Қалай болса да тіл жүйелері - оның табиғи болмыстарын қамтиды», - деген сипаттама жазған. Ал тілдік нормалар осы тілдік жүйелер арқылы жасалатындығын мынадай мысалдармен көрсеткен. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесіндегі - дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын қосымшалар сөз аяғындағы сондай буын, дыбыстарымен үндесіп, қатаң болса, қатан, ұяң болса, ұяң, жуан болса, жуан, жіңішке болса, жіңішке болын үндесіп айтылуы да, солай жазылуы да - норма [1,147].

Қазақ тілінің морфологиялық құрылысында қосымшалардың түбірден кейін жалғануы, керегінде бірінің үстіне бірінің жалғануы соңғы жағдайда - алдымен жұрнақ, одан кейін көптік, сонан соң тәуелдік, тәуелдіктен кейін септік жалғауының жалғануы - әрі жүйе, әрі норма екендігін де М.Балақаев нақтылап көрсеткен. Ғалым айтып отырған әрі жүйе, әрі норма болатын тілдік бірліктердің ерекшеліктерін терең түсіне білу әдеби тіл нормасының бұзылмауына ықпал етеді.

Алайда ғалым осы жүйенің сақталмайтын да кездері болатындығын ескерткен. Мысалы, туыстық қатынасты білдіретін (әке, ая, аға, апа, әже, көкс т.б.) сөздерге тәуелдік жалғаулары көптік жалғаудан

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №4(38), 2011 ж.
бұрын да, соң да жалғана береді (әкелерім - әкемдер, аталарым - атамдар, ағаларым - ағандар) [1, 147].

Мұндай жүйелі нормадан ауытқушылықтың белгілі бір мәні болатындығын да дәлелдеген, яғни осы мысалдардағы жүйеге сәйкес келмей қолданылып тұрған көптік жалғау сол адамның көптігін білдірмей, тәуелдік жалғауы арқылы, оның қасындағы адамдарды қоса қамтып айтқанды білдіретіндігін және бұндай мағынаны айыру үшін жұмсалатын ауытқулар да тілдік норма құрамына енетіндігін ескертеді.

Сондай-ақ М.Балақаев сөйлем мүшелерінің сөйлем ішінде орналасуы жүйелі түрде яғни баяндауыш бастауыштан соң, анықтауыш анықтайтын сөзінен бұрын, толықтауыш, нысықтауыш өздері қатысты сөздерден бұрын орналасатындығына да тоқталып, тәртіпті сақтау сөйлеу және солай жазу әрі орфоэпиялық, әрі грамматикалық норма болады деген тоқтамға келеді.

Бұл айтылғандардан дұрыс әдеби тілде сөйлеп, жаза білу үшін тілдік жүйе мен тілдік норманы да, оның ауытқу себептерін де үнемі назарда ұстау қажеттігі байқалады.

Әдеби тіл нормаларын сақтап, ресми түрде қабылданған жұртқа ортақ емле ережелерін сақтап жазу - тіл мәдениетінің басты талабының бірі деп есептейді ғалым,

Ал орфографиялық нормалардың ғылыми негіздерінің бірі тілдің дыбыс заңдылығы болса, тағы бірі - сөздердің айтылу заңдылығы екендігін де басты назарда ұстаған,

М.Балақаевтың тағы бір көңіл бөлген мәселесі - синтаксистік құрылыста бұрыннан бар сөздерді байланыстыру тәсілін әдеби тілде керетіне қарай басқа тәсілмен алмастыруға болатындығы және оған ілік жалғауынан сөздердің матаса байланысатындығын, бірақ олардың анықтауыштық құрамы жеңіл-желпі кезінде ілік жалғауын түсіріп айтудың пәлендей қажеті болмағандығын мысалға келтіруі [1, 161]. Кейін ондай тіркестерді ықшамдау мақсатымен ілік септігін түсіріп айту нормаға айналғандығын көрсеткен.

Қазақ тіл білімінде ілік септіктің қосымшасыз формасының стилдік мақсатта қолданылатынын ғалымдар ертеден аңғарғал. Бұл жөнінде С.Лмаюколюе 1936 жылы былай деп жазған: «Қазақтың ілік жалғауының стильдік қасиеті туралы бір ауыз сөз. Ілік жалғауы әдебиет тілінде қатар екі-үш сөзде болмауы мақұл. Олар сөйлемнің ұғымын ауырлатады» [2,22-6.].

Ілік септік жалғауының матаса байланысқан бірнеше сөзде қолданылып, стильді ауырлатуы М.Б.Балақаев келтірген мына мысалдан көруге болады:

Темірбектің інісі

Темірбектің інісінің пальтосы

Темірбектің інісінің пальтосының түймесі

Темірбектің інісінің пальтосының түймесінің бауы [3,36-6.].

Осы мысалдардағы екі ілік септіктің қатар тіркесінен бастап, төрт ілік септіктің қатар қолданылуына дейіп жеткен тіркестердің бәрі стильді ауырлататын жағдайларға жатады. Сондықтан бұл мысалдардағыдай барлық жерде ілік септіктің үнемі қосымшалы формалары қолданыла бермейді. Стильді жеңілде- ту үшін бұлардың көбінде қосымшалы, қосымшасыз формалары араласып отырады. Бұл жағдай ілік септіктің қосымшасыз формасының стильге байланысты қолданылуына жатады.

Ілік септіктің қосымшасыз формасының стильге байланысты қолданылатын орындары, қолданылу жағдайлары түрліше.

Мысалы, ілік септіктің қосымшасыз формасының матаса байланысқан бір тізбекті тіркесте қолданылуы. Изафеттік құрылыстағы ілік септік формасындағы сөздің саны екі я одан да көп болуы тілімізде жиі кездеседі. Әсіресе, екі ілік септік формалы сөзі бар изафеттік құрылым көбірек қолданылады. Мұндай изафеттік құрылыс тілде үш түрде кездеседі: 1. Изафеттік құрылыстағы ілік септіктегі екі сөздің екеуі де ілік септіктің жалғаулы түрінде болады. Мысалы, *Сұраң Бейсеннің фамилиясының тұсында тұрса да, өз йасына төнтен шоқпар сиқты* (Ғ.Мұстафин).

Бұл мысалдағы изафеттік құрылыстағы тұрған тізбекті тіркес - Бейсеннің фамилиясының тұсында. Осы тіркесті *Бейсеннің фамилиясы тұсында* деп те, *Бейсен фамилиясының тұсында* түрінде де айтуға болады. Ал мысалда мұндай емес, тіркестеті ілік септіктеті екі сөздің екеуі де қосымшалы формада тұр. Оның себебі бұл сөздерге мән берілген, соларға автор тындаушының не оқушының көңілін аударуды қажет дептапқан. Сондықтан да ілік септіктің қосымшалы формасы қолданылған.

Мұндай тіркесте ілік септіктің қосымшалы формасының қолданылуы басқа да себептермен байланысты болуы мүмкін. Мысалы, *Бұл айтыстар халықтың әдет-салтының тұр-түріне қарай лайықталып туған өз қалпында орындалады* (М.Әуезов). Мысалдағы изафеттік құрылысқа енген сөздің екеуі де

кос сөздер . Олар - *әдет-салтының түр-түріне*. Алдымен осы екі сөздің кос сөз болуы әдет-салты деген сөздің қосымшалы формада тұруына әсері бар. Бірақ осы тіркестегі алғашқы компоненттің ілік септіктің қосымшалы формасында тұруына әсері жоқ. Сондықтан ол сөздің қосымшалы формада тұруы оған ерекше назар аударумен байланысты. өйткені, егер ол сөздің мәніне назар аудару қажет болмаса, бірін-ші компонент қосымшасыз формада яғни *халық әдет-салтының түр-түріне* болар еді.

Матаса байланысқан бір тізбекті тіркестің ілік септіктегі екі сөзінің біреуін қосымшалы, біреуін қосымшасыз формада қолдану стильге байланысты дедік. Ал олардың қайсысының қосымшалы, қайсысының қосымшасыз формада тұруы түрлі себептерге қатысты. Мысалы, *Абай әкесінің сөз желісін түсінген жоқ* (М.Әуезов). Мұнда автор сөз желісінің әкесіне қатыстылығына көңіл бөлген. Сондықтан мән берілген *әкесінің* сөзі ілік септіктің қосымшалы формасында тұр да, ілік септіктеті келесі сөз - *сөз* қосымшасыз формада тұр.

